

ISSN 1607-2782

*Республикалық
ғылыми-әдістемелік
журнал*

*Республиканский
научно-методический
журнал*



Қорқыт Ата атындағы Қызылорда
мемлекеттік университетінің

1999 жылғы наурыздан бастап
жылына екі рет шығады

№ 1 (31) 2011

ХАБАРШЫСЫ

Бас редактор

- БИСЕНОВ Қ.А..
техника ғылымдарының докторы,
профессор

Бас редактордың
орынбасары

- ШАЛБОЛОВА Ү.Ж..
экономика ғылымдарының докторы,
профессор

Жауапты редактор

- ОМАРОВ Қ.Ә..
география ғылымдарының кандидаты,
профессор

Аруова Л.Б.
Баканов Ғ.Б.
Ибадуллаева С.Ж.
Кәрібозұлы Б.
Қарлыханов Т.Қ.
Қожамберлиев Б.
Қожақұлы Ө.
Қошқаров С.И.
Майгелдиева Ш.М.
Нұрахметов Е.Н.
Рахатов С.З.
Сәдуақасұлы Ж.
Сәтбай Т.Я.
Тоқтамысов Ә.М.
Үдербаев С.С.
Шомантаев А.Ә.

- техника ғылымдарының докторы, профессор
- физика-математика ғылымдарының докторы, профессор
- биология ғылымдарының докторы, профессор
- филология ғылымдарының докторы, профессор
- техника ғылымдарының докторы, профессор
- философия ғылымдарының докторы, профессор
- тарих ғылымдарының докторы, профессор
- техника ғылымдарының докторы, профессор
- педагогика ғылымдарының докторы, профессор
- филология ғылымдарының докторы, профессор
- техника ғылымдарының докторы, доцент
- филология ғылымдарының докторы, профессор
- тарих ғылымдарының докторы, доцент
- ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, доцент
- техника ғылымдарының докторы, профессор
- ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор

**ҮЙІРМЕ ЖҰМЫСЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ДАРЫНДЫЛЫҒЫ МЕН
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

Айтбаева. М.А., Абекешова А.У. (Қорқыт Ата атындағы ҚМУ)

Мектепте оқу-тәрбие процесін дұрыс ұйымдастырудың бірден бір жолы ғылым негіздерінен білім берумен қатар сол білімді алуға ынталықты яғни, оқушылардың танымдық қызығушылығын ояту және шығармашылық белсенділікті өз бетінше ізденуді арттыру. Ұстаз әр уақытта өзінің бүкіл болмысымен алдындағы шәкірттеріне бойындағы барлық қуатын жұмсай отырып оны еліміздің еңбеккері, имандылығы мол, шапағатты, зиялы азамат етіп тәрбиелеуде міндетті екенін естен шығармаған жөн.

Қазіргі ғаламдану заманында еліміздің әлеуметтік – экономикалық дамуы, индустрияның қарыштап өсуі, әлемдік деңгейге көтерілуге бет бұруы кезеңіндегі ұлттық мәдени – тарихи, рухани құндылықтарымызды бойына сіңірген азаматтарға қоғам сұранысының өсуі білім жетістіктерін өркениетті елдердің білім деңгейіне көтеру қажеттігін алға тартады.

Қазақстан халқының ілгері дамуын қамтамасыз ететін – білім саласы. Бүгінгі таңда білім саласының алдында дайын білімді, дағдыларды меңгеретін, қайталайтын ғана емес шығармашылық бағытта жұмыс істейтін тың жаңалықтар ашатын, біртума ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру міндеті тұр. Бұл, әрине, оқушылардың шығармашылық әрекетін дамытуда маңызды мәселе екендігін дәлелдейді. Жалпы оқушылардың шығармашылық әрекеті ғылыми – педагогикалық проблема ретінде едәуір зерттелген. Оқушылар бойында «шығармашылық әрекет тәжірибелерін» қалыптастыру қажеттілігі туралы 80 жылдары-ақ И.Я. Лернер жазған болатын.

Қазақстанда шығармашылықтың дамуы жөнінде арнайы зерттеу жұмысын жүргізген психолог – ғалымдар Т. Тәжібаев, Ж. Аймауытов, В. К. Шабельников, Н. Палагина, Қ. Р. Рахымбаев, М. О. Резванцева, С. Қ. Бердібаева, Б. Тұрғынбаева еңбектерін атап өтуге болады.

«Бала мейлі жақсы, мейлі жаман іс болсын, әйтеуір бірдеме істеуі керек. Ештеңемен айналыспаған адамның жан дүниесі жөнді жетілмейді.» Ж. Аймауытовтың бұл пікірі белгілі психолог А. Н. Леонтьевтің адам психологиясы тек іс - әрекет үстінде дамып отырады дейтін қағидасына жақын тұжырым деп есептейміз.

Ғылыми зерттеулерге сүйенетін болсақ, оқушы шығармашылығын дамытуда «шығармашылық тапсырмалар» үлкен рөл атқарады. «Шығармашылық тапсырмалар» атауы педагогикада белгілі, екі құрамдас бөліктен тұрады. Шығармашылықты, біріншіден, оқушылар дербес, өз бетімен ойдан жаңаны құрастырады, екіншіден, жағдай тудырушы материалдар даярлап, шығармашылыққа икемдейтін ересек адамның қатысуы қарастырылады.

Білім берудің қазіргі міндеттерін шешу жағдайындағы негізгі бағыттардың бірі – жеке тұлғаның шығармашылық дамуын қалыптастыру болып табылады.

Шығармашылық – жаңа бір нәрсе жасалатын қызмет түрі, адам қабілетінің жоғарығы дәрежеде нәтиже алуы. Қоғам шығармашылықтың өзі өнім екенін түсініп келеді. Жаңа технологияларды іс жүзіне енгізу өндірістік және әлеуметтік өмірге жаңа мазмұн кіргізетін, болашаққа қатысты. Жаңа міндеттер қойып шеше білетін шығармашылық ақыл ой қабілеті бар адамдарды қажет етеді. Мемлекеттік даму барысында ақыл-ой және шығармашылық әлеуметтік ролі орасан зор «Шығармашылық» деген сөздің төркіні, этимологиясы «шығару» «ойлап табу» дегенге келіп саяды. Демек жаңа нәрсе ойлап табу, сол арқылы жетістікке жету деп түсіну керек. Көрнекті психолог Л.С. Выготский «шығармашылық» деп жаңадан ашатын әрекетті атаған. Ал осы мәселені терең зерттеген психологтардың бірі Я.А. Пономарев оны «даму» ұғымымен қатар қояды. Өйткені әрбір жаңалық, әсіресе, ақыл-ой саласында болса ол адам психикасын жаңа сапалық деңгейге көтереді деп есептеді. Бұл пікір бүгінгі күні

педагогиканың талаптарына сәйкес келуімен көңілге қонымды. Шығармашылық – бүкіл болмыстың, қозғалыстың, дамудың, бір сөзбен айтқанда тіршіліктің көзі. Қоғам құбылыстарында жеке адамның ақыл-санасында, іс-әрекетінде, ішкі жан дүниесінде шығармашылықтың табиғи үрдістері үздіксіз жүріп жатады әрі белгілі бір жүйемен дамиды. А.Н.Луктің ойынша шығармашыл тұлға: импульсивті, еркін ой иесі әзілге бейім, қарапайым сын көзбен қарайтын қиялы ойы бай адам. Сонымен, шығармашылық дегеніміз – қайшылықтарды шешуге бағытталған ол үшін жекелік қасиеттердің болуын талап ететін, жеке адам үшін немесе әлеуметтік мәні бар жаңалыққа әкелетін адам әрекеті болып табылады.

Адамның шығармашылық мүмкіншілігі ерте жастан пайда болады. Оның дамуының ең қарқынды кезеңі – 2-5 жас аралығы. Бұл жаста жеке тұлғаның фундаменті қалыптаса бастайды. Дәл осы кезеңде ата-аналар, тәрбиешілер баланың шығармашылық талпыныстарына кеңінен қолдау көрсетуі керек. Баланың қабілеттерінің ертеден байқалатын белгілерін ата-аналар мен педагогтар назардан тыс қалдырмауы тиіс, өйткені балалар түпкі дарынының алғышарттарын көрсетуі мүмкін. Барлық балаларда жас өсе келе ақыл-ойдың күрделі қасиеттері, айқын алуан түрлі сезімдері қалыптасады.

Балаларда жас ерекшеліктері, балалық сезімталдығы, жүйке жүйесінің әлсіздігімен ерекшеленеді, азғана әсердің өзі олардың күшті реакциясын туындатады – бұл олардың балалық қабылдауының, сезімталдығының себебі болып табылады. Жылдар өткен сайын жүйке жүйесі күшейеді және соған орай баланың тікелей қабылдау қабілеті азаяды. Әртүрлі ерте кезеңдерде әртүрлі қабілеттерді дамытудың қолайлы ішкі жағдайы туындайды. Нақты қабілеттің даму кезеңінде кез келген бір себеппен жіберіліп алса, оның ары қарай дамуын қиындатуы мүмкін. Ерте мектеп жасы бала үшін тәрбиелеу, білімді игеру және жинақтау кезеңі. Бұл кезеңдегі балалардың мінез-құлық ерекшеліктері шығармашылық процестің сәттілігіне ықпал етеді: беделдіге сенімді бағыну, жоғары қабылдаушылық, сезімталдық, балалық ойынмен көп нәрсеге қатынасы. Бастауыш сынып оқушыларында аталған қабілеттердің әрқайсысы оң тұсымен көрінеді, ал кейбір оқушылардың қабілеттері азайып, өзінің маңызын жоғалтады. Бала кезде қабілеттің белгілерінің нақты маңызын бағалау қиын және ары қарай дамуын қарастыру күрделі. Жалпы білім беретін және кәсіби мектептің реформасы – оқушылардың жан-жақты дамуын, олардың еңбекпен оқыту және эстетикалық тәрбиесін жетілдіруді мектеппен бірге жүзеге асыруға міндеттелген мектептен тыс мекемелерді кеңінен дамытуды қарастырады.

Оқушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін ашуға көмектесетін, олардың еңбекке психологиялық және практикалық даярлығын жүргізуге ықпал ететін, көркем шығармашылық және техникалық қабілеттердің үйірмесін дамытуға аса назар аударылады. Кез келген үйірменің белсенді жұмысы, оқушылардың эстетикалық мәдениеті мен еңбек сүйгіштігін тәрбиелеуге, олардың политехникалық ойлау қабілетін арттыруға, әдемілікті сезіну, қабылдау қасиеттерін дамытуға ықпал етеді. Техникалық және көркем шығармашылық, үйірме жұмыстары, еңбек сабақтары - сабақтан тыс уақытта оқушылардың қызметімен тікелей байланыста өтуі тиіс. Ол оқыту, тәрбие беру жұмыстарының бір буыны болып табылады және онымен бірге ортақ педагогикалық міндеттерді шешуі тиіс үйірме жұмысының практикалық қызметі оның бағдарламасымен анықталады. Осы негізде басшы перспективалық-тақырыптық жоспар жасайды. Жұмыс бағдарламасында үйірме басшысы негізгі педагогикалық принциптерді ескеруі тиіс, мектеппен бірге бұйымдарды өңдеуге, оларға арналған инструменттер мен құралдарды, оқудағы методикалық әдебиеттер мен өнеркәсіптік технологияларды пайдаланудың ортақ әдістерін пайдалануы тиіс. Бұл жерде оқушылардың қиялы мен шығармашылықтарын пайдалануға үлкен мүмкіндіктері бар. Басшы шығармашылықты безендіретін технологиялық өңделетін нақты бұйымды таңдауы тиіс. Бұл бұйымның технологиялық безендірілуі күрделі болмауы және оларды даярлауға аз уақыт шығындалуы тиіс, өйткені оқушылар өз еңбектерінің нәтижесін көре алуы керек. Бұл олардың мүддесін, өзіндік еңбекке талпыныстарын дамытуға ықпал етеді. Алғашқы практикалық сабақта мұғалім оқушылар мен оң психологиялық қарым-қатынас орнатуы тиіс, оларды шығармашылық жұмыспен қызықтыруы және олардың даярлық деңгейін анықтауы қажет.

Мұғалімдер балаларды жұмыста ұқыпты болуға үйрету, бұл қызмет түрі салақтықты қажет етпейтінін, тіпті азғантай ақаулардың өзі бұйымның сыртқы түрі мен санасын бұзатыны туралы түсіндіруі керек. Сападан басқа маңызды көрсеткіш, бұйымды даярлауға кеткен уақыт болып табылады. Үйірме сабақтарын ұйымдастырудың негізгі принциптерінің бірі – оқушылардың қызмет түрлерін кезектестіру. Ол негізі практикалық сипатта болады, бірақ, материалдық қасиеті, бұйымды өңдеу технологиясы, конструкциялау туралы теориялық мілеметтер де қажет, өйткені оларсыз негізгі технологиялық модельдеуді және бағдарламалаумен қарастырылған бұйымдардың конструкциясын жасау бойынша оқушылардың өзіндік шығармашылық жұмысын зерттеу мүмкін емес. Сондықтан практикалық сабақты теориялық сабақтармен кезектестіріп ертерек бастаған жөн.

Теориялық мәлеметтер бұйымды даярлау процесімен байланысты негізгі мәліметтерді қамтуы тиіс. Олардың мазмұны оқытылатын материалдың логикалық байланысты болуы және қосымша міндеттерді шешуде көмектесуі керек. Мұғалім оқушылармен сұхбаттарда сәндік қолданбалы халық өнері мен ұлттық дәстүрге негізделген көркем қолөнердің тарихи дамуы жайындағы мәселелер қозғалуы тиіс. Мұндай әңгімелер эстетикалық тәрбиеге ықпал етеді және туған өлкенің мәдениетін, оның дәстүрі мен салтына зерттеуге қызығушылықты туындатады.

Үйірме жұмысы – оқушылардың демалысын дұрыс ұйымдастыру, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, ұйымдастырудың дағдылары мен біліктіліктерін дамыту болып табылады. Оқушының дарындылығының дамуы, қабілетінің ашылуы көбінесе мұғалімнің кәсіби біліктілігіне және оның тұлғалық қасиетіне байланысты екені айдан анық.

Көбінесе “дарынды оқушы – бұл жақсы оқитын оқушы” деген пікір қалыптасқан. Белгілі ағылшын психологы П.Торранстың зерттеулері бұл пікірдің мұғалімдер арасында жиі кездесетінін анықтады. Оларға оқуда қиыншылық туғызбайтын, тәртіпті, ұйымшыл, білімді, тұрақты, ұғымтал, өз ойын нақты және түсінікті жеткізе алатын оқушылар көбірек ұнайды. Ал қисынсыз сұрақ қоятын, өз жұмысымен ғана айналысатын, тәуелсіз, көбіне түсініспеушілік туғызатын, қияли, әр нәрсеге көзқарасы бөлек оқушылар ұнамайды. П.Торранстың зерттеулері нақ осы қасиеттер оқушының шығармашылық дарындылығын көрсететін және оның нашар оқитын оқушылардың арасында да аз емес екендігін айқындаған. Сондықтан мұғалімдер осы зерттеулердің нәтижесін есте ұстағаны жөн.

Дарынды оқушымен жұмыстың негізгі мақсаты- олардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру. Ал мақсатқа жету оқу бағдарламасын тереңдегіп оқыту және оқушының танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асады. Дарынды оқушымен жұмыс жүйесіндегі мұғалім маңызды орын алады. Оқушының болашақтағы мамандығына байланысты, яғни кәсіби тағдыры тек қана жақсы мұғалімге байланысты. Бұл контексте болашақ мұғалімді жаңашыл педагогтердің инновациялық тәжірибесін шығармашылық ынтамен меңгеру және пайдалану арқылы даярлаудың келешегі зор деп ойлаймыз. Жаңашыл педагогтер оқушының жеке тұлғалық абыройын барынша құрметтеуге, оның шығармашылық қабілеттері мен бейімділіктерін, өздігімен ойлау қабілетін дамытуға, жағымды эмоционалдық педагогикалық үрдісті қалыптастырып, одан педагогикалық зорлықтың барлық түрін аластатуға бағытталған ізгіліктік стратегиясымен сипатталады.

Олардың тәжірибесі мына ережелерге негізделеді:

- оқытуды мұғалім мен оқушының өзара шығармашылық қарым-қатынасы ретінде қабылдау.

- күрделі мақсат идеясы (оқушының алдына барынша күрделі мақсат қойылып, оны орындай алатындығына сенімін нығайту);

- өзіндік талдау (оқушылардың жұмыс нәтижелерін жеке және ұжымдық талдау);

- ерікті таңдау (мұғалімнің оқу материалының жақсы меңгерілуі мақсатында сабақ уақытын өз бетінше пайдалануы);

- оқушылардың өзін- өзі шығармашылық басқаруы;

- тәрбиеге жеке тұлға тұрғысынан қарау;

- ата- аналармен ынтымақтастық құру.

Сонымен, жанашыл педагогтердің инновациялық тәжірибесі тұлғаны дамытуда ізгілік және шығармашылық көзқарасқа негізделген әдістер мен жүйесін құрайды.

Мұғалімнің біліміне қойылатын талаптар:

- өзінің сабақ беретін пәнін мемлекеттік стандарт деңгейінен жоғары деңгейде білу;
- оқушы дарындылығының моделін білу;
- қазіргі заманға сай оқытудың жаңа технологияларын білу;
- дарынды оқушыны оқыту, тәрбиелеу үрдісінде үлгірімге ғана көңіл бөлмей оның басқа

да көрсеткіштерімен байланысына да көңіл бөлу;

- дарынды оқушылардың ерекшелігін ескере отырып, оларға шығармашылықпен жұмыс жасайтын тапсырмалар дайындай білуі.

Мұғалімнің іскерлігіне қойылатын талаптар:

- дарынды оқушыны анықтау әдістерімен жұмыс жасай алуы;
- дарынды оқушыларды (жекелей және топпен) оқытуға арналған бағдарлама құрастырып, сонымен тұрақты жұмыс істей білуі;
- оқушы дарындылығын дамытуға қажетті зерттеу жұмыстарын жүргізе алуы;
- дарынды оқушыны оқытудың нәтижесін нақты бағалай білуі;
- дарынды оқушының ғылыми –ізденіс жұмыстарымен айналысуына жетекшілік етуі;
- дарынды оқушыны олимпиадалар мен сайыстарға дайындауда жетістікке жете алатындай деңгейде жұмыс жасауы.

Сондай-ақ дарынды оқушылармен нәтижелі жұмыс жасайтын мұғалімнің кәсіби “бейнесі” мынадай қасиеттерден тұрады: жоғары кәсіби біліктілік, даралық қасиет, білімпаздық, ойлап табуға және ғылыми зертеу жұмысына қабілеттілік, кәсіби қызметін өздігінен жетілдіруге ұмтылушылық. Дарынды оқушымен жұмыс мұғалімнің өзіне, қызметіне және кәсіби біліктілігіне жаңа, жоғары талаптар қояды. Тіпті оның кәсіби жетілуіне өзгеше емтихан болып табылады.

Ұлы ойшыл Плутарх кезінде былай депті: “...Көптеген табиғи талант дарынсыз ұстаздардың кесірінен жойылып кетеді. Олар дарынның табиғи құбылысына терең бойлай алмай, тұлпарды есекке айналдырып құртып тынады”. Міне, ұстаз осындай келеңсіздікке жол бермеуі керек.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырып, ынталандыру үшін сабақтарды мынадай жолдармен өткізуге болады:

1. Сабақта кең көлемде көрнекі құралдарды пайдалану;
2. Сабақты түрлендіріп өткізу;
3. Сабақта оқушылар өздері жасаған суреттер, схемаларды пайдалану;
4. Техникалық құралдарды тиімді қолдану;
5. Сабаққа қатысты бейнетаспаларды, фильмдерді көрсету.

Ұстаз еңбегі – оқушы білімімен өлшенеді десек, ұстаз еңбегінің күрделілігі - әрбір оқушы жүрегіне жол таба білуінде. Әрбір баланың бойындағы қабілетті дамыту арқылы өзін, өмірді, әлемді танып білуге, қоғам алдындағы жауапкершілік қасиеттерін сезіндіре білуінде жатыр. Бір дана: «Бір жылдығын бұрын ойлаған күріш егеді, он жылдығын бұрын ойлаған ағаш егеді, ал жүз жылдығын бұрын ойлаған бала оқытады» деген екен. Олай болса адамгершілігі мол, тіршілік атаулыға жаналықтар енгізу, үлкен жүректі адамды қалыптастыру үшін қызмет ету әр ұстаз жүрегін тербетері сөзсіз.

Қорыта айтқанда, оқушы бойында шығармашылықты дамытуда үздіксіз құлшыныс, оқуға, білім алуға деген ұмтылыс ұдайы өшпей, күннен-күнге дами түсуі қажет. Сонда ғана оқушы бойында білім нұры тасып, сыныптан-сыныпқа көшкен сайын оқушының ішкі дүниесі, сыртқы ортамен байланысы дамып, оқушы дүниетанымы арта түсері анық.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н. “Біздің халқымыз жаңа өмірге бейімделуі керек” // “Егемен Қазақстан”. – 2000. - 31 мамыр.

2. Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя. – Алматы: “Ғылым”, 1988.

3. ҚР Білім туралы Заңы. Астана, 2007.

4. Бабаева Ю. Д. Динамическая теория одаренности. Основные современные концепции творчества и одаренности. - М., 1997.

Резюме

Данная статья рассматриваются вопросы организации кружковой работы как средства активизации творческих способностей школьников.

Summary

The given article touches upon the ways of teaching the creative labour principles on technology with accordance of up-to-date requirements. The article emphasizes the duties and principles of teachers' activities in order to achieve the goals above mentioned.

ӘОЖ : 371.14:378

ЖОҒАРЫ БІЛІМДІ МАМАНДАР ДАЙЫНДАУ САПАСЫН КӨТЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қошқаров С.И. (Қорқыт Ата атындағы ҚМУ)

Кеңес дәуірінде жоғары оқу орны әрі кеткенде жеті-сегіз, факультет бір-екі мамандықтар бойынша білім беретін. Тәрбие жұмысының басымы факультет деканаттарына жүктелетін. Оқу ісін атқарушы кафедралар еді. Қазір де осы үрдіс негізінен сақталған. Сонымен бұрын факультет мамандықтар саны бойынша барынша ықшамды тұғын. Демек, студенттер құрамы біркелкі болатын. Бұл, белгілі дәрежеде тәрбие жұмысының бірыңғайлығына жол ашатын, соның негізінде оның бірсыпыра жеңіл атқарылуына да мүмкіндік беретін.

Бүгін жағдай өзгерген. Факультетте оннан аса әртүрлі мамандықтар бар. Осыған байланысты студенттер құрамы да күрделенген. Мұның бәрі тәрбие жұмысына салмақ түсіруде. Қазір осы жұмысты факультет деканаттары тиімді де сапалы атқарып жатыр деп айту қиын. Бірақ, бұрыннан қалыптасқан жүйеге сәйкес жоғары мектепте ол әлі сол күйінде орындалып жатыр. Сондықтан, факультет деканы мен оның орынбасары тәлімгерлерді сондарына ілестіріп, студент тәрбиесімен шұғылдануда.

Тәрбие жұмысын атқару тізбегі төмендегідей: тәрбие жөніндегі проректор – тәрбие ісін ұйымдастыру басқармасы – факультет деканы – факультет деканының тәрбие жөніндегі орынбасары – топ тәлімгері. Мұндағы екінші құрылым оқу орнының көлемі мен ауқымына байланысты бөлім болуы да мүмкін.

Тізбекте шығарушы кафедра меңгерушісі жоқ. Бір есептен бұл оның оқу ісімен кеңінен айналысуына жағдай жасау үшін ойластырылған шығар деп те топшылауға болар. Әрине, бұл жүйеде кафедра жетекшісі шығармашылық жұмыс атқаруға жоғары мүмкіншілікке ие. Алайда, осының дұрысы мен бұрысын, оңы мен терісін талдап көрелік.

Жоғары метепте бес жыл кафедраны басқардым, кейін он үш жыл үзіліссіз факультет деканы, сосын бес жыл оқу ісі жөніндегі проректоры қызметтерін атқардым. Бұл маған осы мәселеге ішінен үңіліп, оның әртүрлі тұсынан зерттеуге мүмкіншілік берді деп ойлаймын. Ұзақ мерзімде жинақтаған тәжірибемді саралай келе студентті тәрбиелеу мен оған сапалы білім беруді бір қолға, бір құрылымға өткізу қажеттігін түсіндім. Ол құрылым – шығарушы кафедра.

Біз бұл жерде факультет деканын студенттерден қашықтату деген ойдан аулақпыз. Керісінше, студентке кафедра меңгерушісін барынша жақындатпақшымыз. Өйткені бүгін осы тұлға оқушыдан біршама алшақ тұр. Оның барша құнды тәжірибесі, оқушыға берер тәрбиелік

әлеуеті толығынан пайдаланылмай отыр. Ал, шынтуайтында, жоғары мектепте кафедра меңгерушісі студентке барлығынан жақын тұрған басшы. Солай бола тұра ол, өкінішке орай, жастар тәрбиесіне өз мүмкіншілігін сарқа беріп, молынан сіңіре алмай келеді.

Жасыратыны жоқ, факультет басшысы жұмыс басты. Бұрын да солай болған. Өйткені, оқу орны деңгейінде, қалада, жалпы қоғамда болып жататын жиындар мен іс-шараларға ол міндетті түрде ат салысады, қатысады. Сондықтан, факультет деканы тәрбие жұмыстарын негізінен өзінің орынбасарына жүктейді. Ал, кейінгілер көпшілігінде барып-кел мен жұмсауға ыңғайлы, тәжірибесі анау айтқан мол емес жас оқытушылар. Бұл, әрине, тәрбие жұмысының сапасына кері әсерін тигізбей жатқан жоқ. Кафедра меңгерушілері болса әдетте мол тәжірибе жинақтаған білікті ұстаздар. Сондықтан, олар студентпен сөйлесу жолдарын жетік біледі де, оны іскерлікпен жүзеге асыра алады. Ол оқушылардың мұң-мұқтажын да терең түсінеді. Сонымен қатар тәлімгер - оқытушылар осы кафедрадан болғандықтан олар әркез бөлім жетекшісі маңынан табылады. Демек, студенттер де, олардың ұстаздары да бір кафедра аумағында. Көзін тауып, жолын ұтымды таңдай білсе бұл жағдай, сөз жоқ, тәрбие жұмысы қарқынын еселеуге мүмкіншілік береді. Өйткені, кафедра меңгерушісінен артық ешкім де мамандық ерекшеліктерімен студенттің нақты, атаулы тәрбиесін ұтымды үйлестіре алмайды да.

Кафедра меңгерушісі тәрбие жұмыстарына тәлімгерлермен қатар құрылымның өзге оқытушыларын да жоғары дәрежеде қосу жолдарын біледі. Соның арқасында бөлімнің барлық тәрбиелік әлеуетін түбегейлі пайдалануға жол ашылады.

Үстіміздегі оқу жылында жүргізген тәжірибеміз осы айтқандарды толығынан дәлелдеді. Сол нәтижелерді келтірейік. Біздің кафедра «Мелиорация, жерді баптау және қорғау», «Су ресурстары және суды қолдану» мамандықтары бойынша білім алушы 96 студентке дәріс береді. Қыркүйек айында осы студенттердің оқу тәртібі ойдағыдай болған жоқ. Қазан айының басынан біз оларды өз қарауымыз бен ықпалымызға алдық. Әрбір топ көлемінде білім алушылармен пікірлестік. Олардың жартысына жуығымен жеке сөйлестік те. Алдымен білім алушыларға мамандық ерекшеліктерін ұғындырдық. Өңір үшін осы мамандықтың басты орын алатынын жете түсіндірдік. Оларды ауылдың асыға күтіп жатқанын да жасырған жоқпыз. Сонымен қатар ата-аналар мақсаты мен арманы да өз алдына үлкен әңгіме болып жатты. Солардың барлығы студенттердің азаматтық борышы мен сезімін жетілдіріп ұштауға себеп болды деп ойлаймыз. Бұл әңгімелерде студенттердің жеке жауапкершілігін көтеру басты мақсат болғанын айтуымыз жөн. Біздің бастапқы көздегеніміз олардың оқу тәртібін жақсарту еді. Нәтижесінде, сабаққа келуі қыркүйекпен салыстырғанда қазан айында 16, қарашада 20, желтоқсанда 16 пайызға жоғары болды.

Мұнан тәрбие жұмысын әр білім алушымен түбегейлі атқарса, дәрісті себепсіз жіберуді жоюға болатынын байқадық. Бөлек айтарымыз, біз өз жұмысымызда студенттердің ата-аналарын шақырып, оларға хабар беріп, ығыр еткен жоқпыз. Бар салмақты оқушының сана сезіміне, оның жеке жауапкершілігіне аударғанды жөн көрдік. Бұл, біздің ойымызша, студенттердің адами, азаматтық болмысын шынықтырып пысықтауға, олардың өзінше шешім қабылдауды үйреніп, алдағы қызығы мен қиындығы мол үлкен өмірге әжептәуір дайындықпен келуіне шамалы да болса ықпал берді.

Бүгін жоғары мектепте тәрбие жұмысы негізінен деканат және басқа бөлімдер тарапынан реттік, бір мәртелік үрдіспен өткізіледі. Демек, осы маңызды жұмысқа тұрақтылық, үздіксіздік, жүйелілік жетіспей жатыр. Бұл үлкен кемшілік. Ал осы кемшілік тәрбие жұмысын кафедра меңгерушісі өз қолына алса жойылады.

Факультетте кем дегенде үш, орташа алғанда бес-алты шығарушы кафедра бар. Сондықтан да, факультет ішінде оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда көпмәнділік орнайды. Бұл, сөз жоқ, оқу-тәрбие ісіне жақсы ықпалын тигізеді. Өйткені, әр кафедраның ішкі ерекшелігіне, оқытушыларының тәжірибелілігіне, олардың кәсіби ынтасы мен құштарлығына орай атқарылып жатқан оқу-тәрбие жұмыстар дәрежесі мен нәтижелері де әртүрлі болмақ. Міне осы тұста факультет деканына жаңа жүк те ауады. Оның басты міндеті кафедралар жұмысын ұтымды үйлестіру болып қалады. Мұндағы мақсат кафедраларда оқу-тәрбие

жұмыстарын атқарудағы тиімді, сапалы, алға жетелеуші үлгілері мол тәсілдерді талдап, оларды саралап, соңында ең ұтымды, жаңашыл деген әдістерді бүкіл факультет көлемінде оқу үдерісіне енгізу. Осы жағдайда кафедралар арасында өзара өнегелі бәсекелестік пен жоғары жанашырлық әріптестік үрдістері орын алады. Бұл өз кезегінде оқу-тәрбие ісінің сапасын, сөз жоқ, алға сүйрейді.

«Аздың ашпын, көптің тоқпын» дегеніне сенбе дейді халық даналығы. Осы ұғым біз әңгімелеп жатқан мәселеге байланысты айтылғандай. Өйткені факультет деканының қарамағында студенттер «көп», ал кафедра жетекшісі жанында олар «аз». Сол себепті бұрынғыға қарағанда әрбір студент кафедра меңгерушісінен тәрбие тағылымдарын барынша молынан алады. Жоғарыда көрсеткендей факультетте үш немесе бес кафедралар болады. Міне сондықтан да кафедра меңгерушісінің атқаратын тәрбие жұмыстарының қарқыны факультет деканына қарағанда үш-бес есе жоғары болып келеді. Бұл, әрине, арифметикалық есептеуге жүгінгенде ғана. Жоғарыда айтылған басқа артықшылықтарды ескерсек бұл нәтиже еселенуі де ғажап емес.

«Малды тапқанға баққыз» - дейді атамыз қазақ. Осы қағиданың басты мағынасы - әр істі жанашырлығы мол азаматтарға сеніп тапсыру. Болашақ студентпен алғашқы байланысты, әрине, кафедра орнатады. Кафедра оқуға түсушілермен алдын-ала кәсіби бағдар жұмыстарын атқарды, олардың оқу орнына келуіне бірден-бір себепкер де болды. Осыған сәйкес мамандыққа қабылданған әрбір студент келешегі кафедра ұжымын ерекше толғандырады. Сондықтан да, тәрбиелеп, білім берудің бірінші, бастапқы, маңызды бөлігі де сол кафедраның үлесінде болғаны әбден орынды.

Біз ұсынып жатқан жүйе қолдауға ие болса шығарушы кафедра жоғары мектептегі өзінің бұрыннан күткен биік орнын табады. Ол кезде кафедра меңгерушісі ұжымда *негізгі тұлға* дәрежесіне көтеріледі. Осылай айтуға кафедраға жаңадан жүктелетін міндеттердің салмағы мен күрделілігі негіз бола алады. Және бұған қосымша – кафедра меңгерушісінің жоғары біліктілігі мен мол тәжірибелілігі. Өйткені, кафедра басқаруға мамандыққа дәріс беретін оқытушылардың ең тәжірибелісі мен жастар болашағына шынайы да ыстық жанашырлық пен биік жауапкершілік танытатын азамат қойылады ғой, әдетте.

Кейбір кафедра меңгерушісі оқу жұмысын сапалы ұйымдастырайын, ал факультет деканы тәрбие ісімен өзі айналыса берсін деуі мүмкін. Бұл ойлам тәрбие жұмысының маңыздылығын түбегейлі сезінбей, оған жөнді мән бермегендіктен, оны оқу ісінен бөлек қарауға мүмкін еместігін жете түсінбегендіктен бастау алады. Осы, әрине, мүлдем дұрыс емес. Өйткені, мұндайда тәрбие мен оқытудың туа бітті бірлігі мен егіздігі жүдейді, қиналады, жойылады. Осындай дұрыстығы күмәнділеу ой жетегінде кеткен азамат баламды көрші тәрбиелеп берсін деп те айтуы мүмкін ғой.

Кейде оқытушылар нашар оқитын студентке: «Сен оқысаң да өзің үшін, оқымасаң да өзің үшін» - деп кейіс білдіріп жатады. Осыны әділ және дұрыс деп санамаймыз. Өйткені, білім алушы әрбір студент алдымен еліміз үшін даярланады, ол мемлекет қарекетін қамдап және халқымыздың келешекте жақсы экономикалық, әлеуметтік жағдайда өмір сүруіне лайықты үлес қосуы міндетті. Осыдан-ақ тәрбиенің бірінші қатарда тұратынын аңғаруға болады. Бұл студент санасына алдымен құйылу керек.

Біз осыларды мойындайық-мойындамайық, бәрібір жоғары мектепте мамандар дайындау сапасына кафедрадан өзге зор ықпал беретін құрылым жоқ. Міне сондықтан да, кафедра дәрежесін, әлеуетін, оның оқу орнында алатын орнын, мәртебесін өсіріп, ерекшеліуіміз қажет. Осы құрылымның тиімді қызмет атқаруына қажет барлық жағдайлар іске асуы керек. Жоғары оқу орнының өзге бөлімдері қосымша, көмекші, жәрдем беруші міндеттерін атқарғаны жөн. Сөйткенде ғана оқу үдерісінде жаңаша білім беру әдістерімен қоса бұрыннан белгілі тәрбиелеу мен білім берудің тамаша үрдістері тиімді де ұтымды жүйелесіп, елімізге қажет мамандарды одан сайын сапалы дайындауға жол ашылады.

Бүгінгі күні жоғары мектепке ерген қолайсыз әңгіме бары белгілі. Ол - кейде бой көрсететін студент пен оқытушы арасындағы жағымсыз қарым-қатынас. Біздің ойымызша, осының түп-түбірі кейбір студенттердің сабаққа жөнді қатыспай, соның салдарынан

білімдерінің нашар болуында. Көпшілігінде студенттің дәріске нашар келуі оның кәдімгі қарабайыр жалқаулығынан. Ал осы жалқаулықтан құлан таза айығып кету жолы мен емі шығарушы кафедра меңгерушісінің қолында екенін байқадық.

Кафедра ықпалды болса, студенттің барлығы сабаққа түгел қатысады. Нәтижесі – білімнің жоғары деңгейі. Сондықтан студент пен оқытушы арасындағы жағымсыз байланысқа да негіз барынша азая түседі. Өйткені, жеткілікті білімі бар студент оқытушыға баға сұрап бармайды. Бұған қоса студенттің сабақтан қалмай, барын салып, тырысып, білімге ұмтылып жүргенін көріп, байқаған оқытушының ұнамсыз іске бой ұруы да мүмкін болмайды деп ойлаймыз.

Казір оқытушы оқушысын бақылап, оның қабілетін анықтап, соған байланысты оқу-тәрбие жұмысын жүргізу ерекшеліктерін белгілейді. Есесіне студенттер де қарап қалған емес. Олар да оқытушыларын сынап отыр, сондағысы ұстазының ойын, пиғылын, ниетін білу. Осыны ол оқытушының сөйлеген әрбір сөзінен, іс-қимылынан, жүріс-тұрысынан, тұр-тұрпатынан байқайды. Егер оқытушы ойының таза екеніне, ұстазының білім беру ісіне барша күш-жігерін, білімі мен сана-ықыласын сарқа пайдаланып жатқанына көзі жетсе, оқушы жүрегінде сенім орнайды. Сонда ол өз тағдырын оқытушы қолына тапсырады. Осыдан соң студент үгітті қажет етпейді. Сабаққа белсенді қатысады. Өнеге мен білім көшіне мол құлшыныспен ілеседі.

Бүгін айтылып жүрген оқу-тәрбие жұмысы деген ұғым, біздіңше, аса маңызды үдеріске түбегейлі сипат бере алмай тұрғандай. Өйткені, алдында оқыту тұр, сосын тәрбиелеу. Керісінше болғаны жөн сияқты. Мәселен, студентті тәрбиелеу және оған білім беру. Тәрбиесі нашар оқушыға білім жөнді қонбасы анық қой. Ал кафедра студентке білім беруші болса, онда сол құрылым және оның жетекшісі жастарды алдымен өнегелі де ұлағатты тәрбиеден өткізуі тиіс деп санаймыз.

Түбінде солай болғанда студенттердің оқу тәртібі мен білім алуға деген ынтасы мен ұмтылысы, ықыласы өрлейді, өседі. Мұның соңынан, сөз жоқ, үлгерім де күрт көтеріледі. Демек, мамандар сапасы жоғарылайды. Бұл, біздіңше, дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома.

Резюме

В статье анализируется эффективность учебно-воспитательной работы в вузе. Предложены пути активизации воспитательной деятельности выпускающей кафедры, направленной на повышение качества подготовки специалистов.

Summary

The effectiveness of educational work in higher educational institution is analysed in this article. The ways of improving educational activities of graduating department are offered, directed on increasing the quality of training specialists.

УДК 316.454.5:347.83

КОММУНИКАТИВНАЯ СИТУАЦИЯ В ТЕЛЕВИЗИОННОМ ТОК-ШОУ

Данабаева Ж. К., Кеншинбай Т. И. (КГУ имени Коркыт Ата)

Телевидение – это одно из величайших явлений XX века, объединившее в себе передовые достижения журналистики, науки, искусства, научно-технической мысли, экономики. Появление новых источников и видов общественной информации всегда неизбежно ведет к перераспределению приоритетов внутри системы в соответствии с особенностями, возможностями и характером каждого из компонентов.

Сегодня в силу демократизации общества и телевидения, последнее постоянно совершенствуется, оттачивая свои методы и приемы, уже с учетом новых реалий.

Жанр ток-шоу возник на американском телевидении в 60-х годах XX века, его создателем, как утверждают, был небезызвестный журналист Фил Донахью [1,с.143]. Существует легенда: интервьюируя во время прямого эфира гостя своей программы, Фил Донахью в какой-то момент понял, что вопросы у него закончились. Тогда он подбежал к одному из зрителей, сидевших в студии, и спросил: «У вас есть вопрос к нашему гостю?» У зрителя вопрос оказался, и таким образом Донахью изобрел жанр ток-шоу.

В некоторых случаях термином «ток-шоу» обозначают любую «разговорную» передачу, «например беседу за круглым столом или же простое интервью в студии, если его берет достаточно популярный, свободно ведущий себя журналист - «звезда» экрана или радиоэфира». В настоящее время жанр ток-шоу активно реализуется на телевидении, поэтому рассмотрение данной темы является актуальным.

В данной статье рассматривается коммуникационная ситуация в телевизионном ток-шоу. Понятие «коммуникативная ситуация», занимающее центральное положение в теории речевой коммуникации, является сложным и многогранным явлением, отличающимся значительным количеством обязательных компонентов. Многие ученые обращаются к исследованию коммуникативной ситуации, однако в работах чаще всего выявляются лишь отдельные сущностные черты данного явления, что не позволяет создать целостное представление об изучаемом объекте [2, с.139].

Наличие трех основных составляющих коммуникативной ситуации – отправителя информации, получателя информации и сообщения – указывается всеми исследователями (см. к примеру: Иссерс О.С. 2009; Ипполитова Н.А., Князева О.Ю., Савова М.Р. 2008; Гойхман О.Я., Надеина Т.М. 2008). Прочие не менее важные компоненты коммуникативной ситуации выделяются лишь у некоторых исследователей. Так, О.С. Иссерс помимо указанных, выделяет в качестве важных компонентов коммуникативной ситуации «код, посредством которого осуществляется сообщение», и «канал связи» [3,с. 46]. В работе Н.А. Ипполитовой, О.Ю. Князевой, М.Р. Савовой в качестве значимых компонентов отмечены «цели каждого, сама информация (предмет речи), форма ее преподнесения и условия общения, благодаря которым появляется возможность взаимодействия ... коммуникантов» [4,с.140]. Таким образом, содержание понятия «коммуникативная ситуация» включает в себя значительный объем необходимых компонентов, каждый из которых требует пристального внимания.

Под *коммуникативной ситуацией* в данном исследовании, вслед за Т.В. Матвеевой, понимается «ограниченный в пространстве и времени целостный, социально осмысленный и принявший определенную форму процесс речевого взаимодействия коммуникантов ... обобщенная модель условий и обстоятельств, обуславливающих речевое поведение личности» [5,с.283]. Коммуникативная ситуация задается факторами:

«сфера общения, тип общения, наличие или отсутствие предметно-прагматической деятельности, характер адресованности, канал связи и форма речи, особенности контакта» [6,с.283].

На основе исследований специфики коммуникативной ситуации в телевизионном шоу избрана телепередача «К барьеру!» И.А. Гавриловым, которая занимала особое место в числе актуальных политических программ на современном телевидении и выступала своеобразной социально-информационной, развлекательной ареной политической коммуникации. В мае 2009 г. ток-шоу Владимира Соловьева закрыли. Однако изучение специфики коммуникативной ситуации на материале указанной передачи позволило выработать методику анализа коммуникативных ситуаций в различных телевизионных ток-шоу и представления их моделей.

Одним из факторов, повышающих зрительский интерес к телепередаче, является сценарное обыгрывание в ней такого традиционного явления русской культуры как дуэль, когда один из оппонентов вызывает другого к барьеру с целью разрешить спор, основанный на идейных противоречиях между коммуникантами. Коммуникативная теледуэль делится на три части, именуемые «схватками»: в первой оппоненты в основном отвечают на вопросы друг друга, во второй каждый оппонент отвечает на вопросы двух секундантов противника, в третьей – на вопросы ведущего; судьи переговариваются в перерывах и выносят свои вердикты в конце телепередачи; однако окончательную победу одному из оппонентов присуждает ведущий, который опирается на решение телезрителей, проголосовавших в пользу понравившегося им оппонента посредством СМС и телефонных звонков в студию. Данные внешние обстоятельства оказывают прямое влияние на участника коммуникативной ситуации, побуждают к ведению активного спора, а высокая скорость протекания коммуникации во времени ограничивает говорящего в выборе языковых средств.


Речевое поведение отдельного участника коммуникации определяется отведенной ему ролью в структуре телепередачи. Организатором большинства коммуникативных ситуаций, модератором, поддерживающим развертывание коммуникативной ситуации, выступает ведущий. Он также является участником коммуникативной ситуации, при этом его роль состоит в объективной оценке позиций участников.

Анализ текстов указанной телепередачи позволил сделать наблюдение о значительном многообразии коммуникативных ситуаций, функционирующих в рамках данного ток-шоу. В звучащем тексте передачи представлены монолог, диалог, а также более сложные виды речи – трилог и полилог. Основным критерием для определения конкретной коммуникативной ситуации и ее границ служит единство подтемы внутри общей темы.

В процессе поиска способа представления модели коммуникативной ситуации сложился определенный вариант ее схематического представления и интерпретации. Приведем схему одной из сложно организованных коммуникативных ситуаций, которая характеризуется наличием трех говорящих и аплодисментов.

В приведенной схеме И.А. Гаврилова заглавные литеры Г, С обозначают участников коммуникативной ситуации, а именно «говорящего» и «слушающего». Когда они употребляются вместе, то свидетельствуют о том, что в рамках данной коммуникативной ситуации участник выполняет обе функции, как, например, Константин Боровой (отмечен как Г1, С1), Михаил Веллер (Г2, С2) и Владимир Соловьев (Г3, С3). Каждый из указанных активных участников коммуникации выражает свое сообщение: сообщение 1 соотносится с высказыванием Константина Борового, сообщение 2 - Михаила Веллера, сообщение 3 – Владимира Соловьева. Валерия Новодворская в рамках данной коммуникативной ситуации выполняет только роль слушающего (С4), при этом остается активным участником коммуникативной ситуации. За обозначениями С5, С6, С7 и С8 стоят разные

типы слушающих, сгруппированные по ролевому признаку: С5 – судьи схватки (Николай Зятьков, Татьяна Судец, Ксения Драгунская, Игорь Иванов); С6 – секунданты схватки (Добренков Владимир, Евгений Розьман, Роман Савин). В обозначении С7 объединены все телезрители, количество которых, как можно предположить, учитывая высокий рейтинг телепередачи, насчитывает несколько миллионов.



Аудитория в студии в приведенной схеме имеет обозначение С8,Р1. Литера Р указывает на то, что аудитория в студии квалифицируется как «реагирующий» участник, характеризующийся своим невербальным кодом (сообщение 8) в форме аплодисментов.

Из схемы очевидно, что каждый говорящий посредством своего кода воздействует на получателя информации (слушающего), в то же время сам говорящий является слушающим и попадает под речевое воздействие другого говорящего. Студийная аудитория, выражая солидарность с высказыванием посредством аплодисментов, реализуется как участник, реагирующий посредством сообщения 8. Реакция аудитории на определенное высказывание посредством аплодисментов является свидетельством невербального выражения участия в данной коммуникативной ситуации.

Сложность коммуникации заключается и в том, что ведущему программы необходимо следить за успешной реализацией коммуникативных актов: чтобы были соблюдены конвенциональные нормы, чтобы все коммуниканты говорили, не перебивая друг друга, и чтобы при этом протекание коммуникации было динамичным.

Выработанная на материале передачи «К барьеру!» методика анализа коммуникативной ситуации может применяться при разработке темы на материале других программ.

. На казахстанских телеканалах есть множество ток-шоу, где коммуникативная ситуация имеет особенности локации коммуникативного события, которые включают в себя «характеристику участников речевого общения, а именно - их количество, социальные роли, цели общения, меру речевой активности во время общения» [7, с.283].

К примеру, ток-шоу **Бигельды Габдуллина «За и против»** на национальном канале «Казахстан». Собственно, уже само название достаточно концептуально и предполагает

острую дискуссию участвующих в ней сторон. В ходе обмена мнениями между участниками ток-шоу шли поиски путей решения проблем общественно значимых и самых актуальных - политических, социальных, экономических.

Эта программа получила известность, к участию в ней были привлечены крупные политики, экономисты и общественные деятели нашей страны. Каждый из них знал рассматриваемую проблему как специалист и был подключен к ней всем опытом своей жизни и своего неравнодушия. Да и аудитория - а это были люди старше 25 лет, люди граждански и житейски зрелые - не просто внимала выступавшим, но и принимала самое горячее участие в дискуссии. То были 45 минут драматического действия, в котором не мог не соучаствовать и телезритель, ибо все происходящее на экране было обращено к его душе и мысли, вызвало к его гражданской и человеческой сути...

Литература:

1. Бирбом М. Хозяин ток-шоу. //Спутник-ТВ. - 2005. - №7
2. Ипполитова Н.А., Князева О.Ю., Савова М.Р. Русский язык и культура речи: учеб. / под ред. Н.А. Ипполитовой. – М. : ТК Велби, Изд-во Проспект, 2008. – 440 с.
3. Иссерс О.С. Речевое воздействие: учеб пособие для студентов, обучающихся по специальности «Связи с общественностью». О.С.Иссерс. – М.: Флинта: Наука, 2009. –224.
4. Матвеева. Т.В. Учебный словарь. / Т.В.Матвеева. -М.: Флинта: Наука, 2003. -432 с.

Түйіндеме

Осы мақалада коммуникативтік жағдайлардың дамуы Қазақстанның "Болысу және қарсы болу" ("За и против") ток-шоуы жеткілікті түрде концептуальды және қатысушылардың қызу пікір-сайысы шамаланып отырғанда, Ресейдің "Кедергіге қарсы!" атты ток-шоуы жекпе-жек секілді орыс мәдениетінің дәстүрлі құбылысы болып табылатын телехабары көрермендердің жоғары қызығушылығын тудыратын факторлардың біріндей қаралады.

Summary

In the given article progress of the communicative situation in the Russian current-show «To barrier is considered! », where one of the factors raising spectators' interest is the traditional phenomenon of Russian culture as duel, whereas in Kazakhstan the current-show "Pro and con" conceptually enough and it is believed sharp discussion of sides participating in it.

УДК 316.454.5

КАТЕГОРИЯ ВЕЖЛИВОСТИ В КИТАЙСКОМ ЯЗЫКЕ

Жалғасбаева Ж.К. , Нурахметов Е.Н. (КГУ имени Коркыт Ата)

Язык – это кодовая система, которая реализуется в процессе выражения людьми своих желаний и потребностей. Эта система с самых ранних времен была неотделима от процесса общения людей и в настоящее время продолжает развиваться, благодаря потребностям общения. Процесс общения, нося двусторонний характер, постоянно оперирует кодами вежливых форм.

Вежливые слова, определенные формулы вежливых выражений мы можем найти в любом языке. Обычно они представляют собой результат исторически накопленного коммуникативного опыта и практики, синтез нравственных норм, отложившихся в коллективном сознании народа. Особенности мировоззрения и культуры, традиции

государства, в котором важную роль во все времена играло такое понятие, как 礼, можно выявить, если обратить внимание на такой пласт лексики как «язык вежливости» и на использование стратегий вежливости.

В словаре “现代汉语词典” (1996) слову 礼貌 «вежливость» дано следующее определение: «языковое выражение скромности и почтения». В китайском языке инвентарь лексических единиц, выражающих категорию вежливости, обширен. Это и отдельные слова: 您, 您老, 老人家, и устойчивые словосочетания: 大手笔, 犬马之劳, а также привычные выражения: 哪里哪里. В данной статье рассматриваются лишь отдельные слова, которые являются средством выражения категории вежливости в современном китайском языке.

Одним из ярких примеров такого языкового выражения, по мнению китайского лингвиста Чжоу Фуцзюань, являются обращения к родственникам. Термины родства в китайском языке уже содержат в себе некую долю сословности, степень уважения и порядок старшинства. С чисто лингвистической точки зрения эти термины не являются «вежливыми обращениями», и только лишь в процессе социализации такие обращения как 大爷, 大娘, 叔叔, 阿姨, 大妈 могут быть рассмотрены, как существительные для выражения категории вежливости [5].

Кроме того, большинство китайских лингвистов относят к словам, которые постоянно употребляются в вежливых оборотах и формах и такие прилагательные, как 好, 美丽, 大方, а также счетное слово 位, имеющее оттенок почтения.

Другой китайский лингвист Хун Чэньюй полагает, что категория вежливости может быть выражена двумя группами лексических единиц: 敬词 «слова с оттенком почтения» и 谦词 «слова с оттенком скромности». К первой группе Хун Чэньюй относит лексические единицы 令, 敬, 尊, 谨, 贤, 高, 大, 宝, 玉, 芳, 华, 圣, 清, 拜, 奉 и другие. Вторую группу составляют такие слова, как 拙, 贫, 寒, 微, 小, 浅, 薄 и т.д. [3].

Ма Цинчжу подчеркивает, что с точки зрения языковой психологии в китайском языке большую роль в выборе слова, в частности же глагола, с древних времен играла и играет по сей день позиция говорящего. Исторически в Китае сложилась сложная система вежливого обращения к вышестоящим и нижестоящим по иерархической лестнице, и вместе с ней в языке оформились соответствующие группы глаголов: 对上类动词 «глаголы высшей иерархии» и 对下类动词 «глаголы низшей иерархии».

Говоря о глаголах первой группы, Ма Цинчжу определяет их как глаголы, которые «выражают действия, производимые нижестоящим по социальному статусу коммуникантом в отношении вышестоящего или более старшего по возрасту реципиента, а также действия, описывающие от третьего лица поведение вышестоящих» [4]. Соответственно, к глаголам второй группы относятся те, которые «используются для описания действий, совершаемых вышестоящим по социальному статусу коммуникантом в отношении лица нижестоящего либо младшего по возрасту» [4]. Так, к глаголам высшей иерархии Ма Цинчжу относит 拜, 报, 报答, 朝见, 崇拜 и другие. А к глаголам низшей иерархии такие, как 爱护, 保护, 发布, 抚慰 [4]. Эту же тенденцию, только говоря о тесной взаимосвязи между национальными особенностями мышления и восприятия окружающего мира и иероглифическим способом «фиксации» значения предметов и понятий, отмечает и известный современный китаевед Л.С. Васильев. Он полагает, что

«заложенное в текст свойство вызывать у читателя определенные ассоциации, во многом было вызвано самим характером письма с использованием знака-символа в качестве не только лексической, но и образно-символической единицы. Знак-символ рождал определенные ассоциации, вызванные присущим ему семантическим полем, по меньшей мере, частично совпадавшим с семантическими полями ассоциируемых с ним знаков, а все это вместе рождало иерархически скоординированную структуру устойчивых и с первого взгляда понятных любому грамотному человеку ассоциаций» [1, С. 262-263].

Вопрос об ассоциативной связи знака с обозначаемой им реальией имеет специфический именно для Китая аспект, хотя далеко не уникальный по характеру. Заключается он в строгом подборе слова в зависимости от того, о ком или о чем идет речь. Этот подбор всегда был подчинен «правилам координативной иерархии»: например, говоря о кончине императора, употребляли иной термин, нежели тот, которым обозначали смерть обычного аристократа, но последний термин не годился, если умирал простолудин. Соответственно варьировались слова и в некоторых других случаях, что для китайского языка естественно и закономерно. Слово – точнее, знак – имеет ассоциативный ореол, не всегда совпадающий с его семантическим полем. Семантика может быть одинаковой, а ассоциации могут значительно варьироваться. Но каждый грамотный китаец хорошо знал, какой знак необходимо использовать в одном случае, а какой в другом. Таким образом, слово, знак и реалии остались в истории китайской культуры теснейшим образом связанными единым семанческо-ассоциативным полем, что и позволяет сегодня говорить о специфике китайского ассоциативного мышления.

Так, в китайской культуре принципиально важно понятие «внутренних» и «внешних» социальных отношений, которые задают зависимость системы «лица» от ситуации общения. Под «внешними» понимаются отношения между посторонними людьми в ситуации случайного, временного контакта. А «внутренние» отношения – это, во-первых, отношения, описанные в конфуцианском этикете: правящий-управляемый, отец-сын, муж-жена, старший-младший, друг-друг, а также отношения «совместности», то есть отношения людей, связанных совместной работой, учебой, проживанием в одном городе и т.д. И как отмечает И.Г. Жуламанова, культурно-специфическим для китайской культуры оказывается тот факт, что «внутренние» отношения между коммуникантами требуют более высокой степени вежливости, чем «внешние» [2].

Даже одна и та же вежливая фраза, сказанная людям разного общественного положения, может нести различную коммуникативную нагрузку в контексте общения. Например, приветствие 好 ! при обращении к начальнику или к родственнику и близкому другу. Кроме того, в китайском языке существует целый набор клише-пожеланий счастья, успеха, благополучия, с которыми принято обращаться к старшему поколению: “新年快乐“ ; “身体健康“ ; “福如东海 , 寿比南山“ и т.д. Вместе с тем, в той же ситуации старшее поколение использует уже другой определенный набор клише-пожеланий, обращаясь к младшим по возрасту: “新年好“ ; “祝小.....生日快乐 , 狗头狗脑 , 长命百岁“ ; “事业顺利“ ; “学习进步“ и т.д.

В этой связи Ма Цинчжу полагает, что употребление тех или иных форм языкового выражения стратегии вежливости зависит в первую очередь от социальной дистанции и относительной власти коммуникантов и может быть наглядно представлено в таблице:

Уровень общения	Отношения между коммуникантами	Употребление вежливых выражений
вышестоящий-нижестоящий	родственник/ чужой	не употребляются / употребляются
на равных	родственник/ чужой	не употребляются (возможно,

		употребление) / употребляются
нижестоящий- вышестоящий	родственник/ чужой	употребляются

Фактически, делая этот выбор - употреблять ли вежливые слова – следует учитывать сразу несколько факторов: обстановку, в которой происходит общение, контекст общения и, что немаловажно, личность того, к кому обращаешься. Вежливые фразы устраняют трудности общения, возникающие между незнакомыми людьми и, как правило, их употребление обязательно в начале (您, 好) и конце (再见, 好的, 对不起, 谢谢) разговора.

Суммируя все вышесказанное, отметим, что в китайском языке реализация категории вежливости имеет свои специфические особенности: 1) ряд слов, используемых в речи, уже несет в себе оттенок уважения; 2) существует специальная группа слов для вежливого и почтительного обращения к родственникам и людям в возрасте; 3) употребление тех или иных вежливых слов в речи зависит от конкретной ситуации, контекста общения и социального статуса коммуникантов; 4) использование вежливых слов в начале и в конце разговора является устойчивой формой общения.

Литература:

1. Васильев Л.С. Проблемы генезиса китайской мысли: формирование основ мировоззрения и менталитета – М.: Наука, 1989. – 307 с.
2. Жуламанова И.Г. Кросс-культурные теории вежливости и стратегии речевого поведения // Изучение китайского языка – М.: «Муравей», 2003. – С. 73 – 83.
3. 洪成玉. 谦词敬词婉词词类. 北京: 商务印书馆, 2002.
4. 马庆株. 指人参与者角色关系趋向与汉语动词的一些小奥. 北京: 清华大学出版社, 1997. - 136页.
5. 周符娟. 礼貌语言的管控// 修辞学习 2005 年第二期. - 54 -55页.

Түйіндеме

Аталмыш мақалада қазіргі қытай тіліндегі «сыпайылық» категориясын білдіретін жеке сөздер, оның ішінде туыстық қаратпа сөздер қарастырылады. Туыстық қаратпа сөздер қытай тілінде сыпайылық, ізеттілік, үлкенді сыйлау, үлкенге құрмет мағынасында қолданылады.

Summary

Politeness is best expressed as the practical application of good manners or etiquette. The Chinese like to use words that express profession or social status when addressing each other or referring to other people. This kind of underlines the fact that they pay a lot of attention to social roles and the status of each individual - thus defining the pattern of interaction and how people relate to each other.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ НӨЛДІК МОРФЕМАНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Қанаева Л., Сәдуақасұлы Ж. (Қорқыт Ата атындағы ҚМУ)

Қазақ тіл білімінде сөйлемдегі сөздердің қосымшаларының түсіріліп немесе қосымшасыз қолданылуы (нөлдік тұлғада) ертеден белгілі болды десек артық айтқандық емес. Әдетте қазіргі тілшілер тіл білімінің қандай тақырыбына байланысты сөз қозғаса да, қазақ тіл білімінің негізін салушы, ғұлама ғалым А.Байтұрсынұлының еңбегінен тиянақ іздейді. Әрине, ғалымның еңбектерінде бұл мәселе туралы анық айтқан пікірі кездеспейді. Алайда, 1925 жылы шыққан „Тіл – құралында” сөйлем мүшелерінің ішіндегі толықтауыш мүшенің жасалуын айтқан жерінде: „Әуелі толықтауыш болады зат есім (жалғаулы-**жалғаусыз** және жалғаулық қосылған күйінде). Мысалы: 1) Әкесі баласына **кітап** сатып алды...” – деген пікірі бар [1, 280]. Осындағы жақша ішінде жазылған „жалғаусыз” деген сөз қазіргі грамматикаларда айтылып жүргендей табыс септігі жалғауының түсіріліп айтылуымен (яғни, нөлдік тұлғада келуімен) дәл келеді. Оны ғалым келтірген мысалдан да анық байқаймыз. Олай болса, А.Байтұрсынұлы да қазақ тілінде мұндай ерекшеліктің бар екенін білген.

Қазақ тіл білімінің өткен ғасырдың 70-жылдарына дейінгі грамматикаларында көбінесе сөздердің жалғаусыз (біздіңше, нөлдік тұлғада) қолданыстары әр түрлі атаумен сөз болады. Мысалы, Қ.Жұбанов 1937 ж. „Ауыл мұғалімі” газетінде жарияланған мақаласында сөйлемнің тұрлаусыз мүшелерін тұтасымен „айқындауыш мүше” деп атайды да, оны іштей анықтауыш және толықтауыш деп ажыратады. Оған меже етіп сөздердің жалғаулы және жалғаусыз айтылуын алады. Ғалымның ойынша, барлық жалғаулы сөздер – анықтауыш, барлық жалғаусыз сөздер – толықтауыш. Сөйтіп ғалым: „Қазақ тілінде табыс жалғау мен ілік жалғау кейде жалғанбай, **тасаланып** тұрады, барыс, шығыс жалғауларда да **тасалану** болады, бірақ бұл сирек кездеседі,” – дейді [2,211]. Бұл жерде бізге қажеттісі, оның сөйлем мүшелерін қалай топтастырғаны емес, сөздердегі жалғаулардың „тасалану” ерекшелігін атауы болып табылады.

С.Аманжоловтың алғашқы басылымы 1940 жылы шыққан тұңғыш жоғары оқу орындарына арналған „Қазақ әдеби тілінің қысқаша курсына”:,...Барыс, шығыс, табыс жалғаулары кейде **түсіп қалып отырады...** Баяндауыш етістіктен келіп тұрса, оған жақын тұрған **жалғаулардың түсіп қалуы** – қазақ тіліндегі белгілі заң... Мысалы: Мәскеу барам, Кітап алдым, Тау астым.”– дейді [3, 119].

1954 жылы жарыққа шыққан „Қазіргі қазақ тілі” аталатын тұңғыш академиялық грамматикада зат есімнің көптік категориясының үш түрлі жасалу жолын көрсетеді. Соның бірі лексикалық тәсіл деп аталып, оған „көптік жалғауын қабылдамай-ақ, сөздің түбірі, я негізі өздігінен тұрып көптік мағынаны білдіруін айтамыз” деген анықтама беріледі [4,222]. Бұл тілдік құбылыстың қазіргі кезде сөздің нөлдік форма арқылы жасалуын көрсететін бір тәсілі ретінде дәлелденгендігі белгілі. Сондай-ақ, осы кітапта „ілік және табыс септіктерінің **бірде ашық, бірде жасырын (тасаланып)** тұратыны” айтылады, бірақ атау және басқа септіктердің, тәуелдік жалғауының нөлдік тұлғасына қатысты ештеңе айтылмайды. Ал зат есімнің жіктелуіне байланысты „бұл сөздердің III жағына тән **арнаулы жалғау болмайды**” деп көрсетеді [сонда, 223-236].

Академик Н.Т.Сауранбаев: „...Следует заметить, что **форма множественного числа третьего лица в казахском языке отсутствует: она одинаково с формой единственного числа третьего лица, где также нет специфического аффикса...**” – десе [5, 262], М.Балақаев: „Тура толықтауыш өзі қатысты сөзден қашықтап тұрғанда, әр

уақытта **жалғаулы** болады, ал ол сөзбен қатар тұрғанда, **кейде жалғаулы кейде жалғаусыз** жұмсалады,” – деген пікір айтады [6,144].

Академиялық грамматиканың 1967 жылғы шығарылымында (бөлімді А.Ысқақов жазған) сөз тудырудың үлкен екі жүйесі – морфологиялық және синтаксистік – бар екені айтылады. Бірақ зат есімдердің жасалуына қатысты бөлімде де осы екі тәсілді басшылыққа алғанымен, көптік мағынаның берілуі **лексикалық тәсіл** арқылы да болатыны ескертіледі [7,16]. Одан әрі септік жалғауларына байланысты „атау септігінің арнаулы **жалғауы жоқ**”, „Кейде **ілік септігінің жалғауы түсіп қалатын** кездері болады. Мұндайда ілік септіктегі сөздің сыртқы белгісінің атау септіктегі сөзден айырмашылығы болмайды”, „...**барыс септігінің де жасырын түрде** қолданылуы болады”, „**Табыс септігінің жасырын түрде** қолданылуы тілімізде жиі байқалады”, „**Шығыс септігінің де кейде айтылмай түсіп қалатын** кездері болады” деген тәрізді ескертпелер айтылған [сонда, 56-62]. Бұрынғы грамматикаларға қарағанда мұнда нөлдік тұлғалы септіктердің саны барыс және шығыс септіктерімен толыққанын байқауға болады.

А.Ысқақовтың бұдан кейін шыққан „Қазіргі қазақ тілі. Морфология” оқулығының алдыңғы екі басылымында (1964, 1971) осы пікірлері сақталады. Кітаптың соңғы 1991 жылы шыққан басылымында сөздердің (соның ішінде зат есімнің де) жасалуының үш тәсілі бар екенін анық айтып, жоғарыда аталған грамматикада берілген сөзжасамның екі тәсіліне лексикалық тәсілді қосады. Сөйтіп, „Лексикалық тәсіл арқылы жасалған зат есімдерге байырғы зат есімдер, сондай-ақ, басқа тілдерден енген зат есімдер, бастапқы семантикалық мағынасы не кеңею, не тарылу, не ауысу арқылы туған жаңа зат есімдер мен өзге сөз таптарынан субстантивтену арқылы туған жаңа зат есімдер жатады,” – деп көрсетеді [8, 149]. Егер, А.Ысқақов кітабының осы соңғы басылымын ескермесек, алдыңғы ебектердің бәрінде де жалғаулардың түсірілуі, тасалануы тек зат есімнің ілік және барыс септіктеріне байланысты айтылатынын байқау қиын емес. Соңғы басылымдағы қосылған жаңалықтар сол тұстағы қазақ тіл білімінде „нөлдік тұлғаға” байланысты қалыптаса бастаған жаңа көзқарастардың әсері десек болар.

Қазақ тіл білімінің қалыптасу тарихында нөлдік тұлға жөніндегі пікірлер жоғарыда аталғандай әр түрлі терминдермен аталған болса, бұл жөнінде орыс тіл білімінде атала бастаған „нөлдік форма” терминін алғаш қолдану Ы.Мамановқа тиісті десек болады. Ғалым: „Қазақ тілінде нөлдік форма бар ма? Бар болса, оған нелер жатады? – деген сұрақ тууы мүмкін,” – дейді де оған өзі жауап береді. „Біздіңше, нөлдік формаға сөйлемде өзіне тән форма тудырушы қосымшамен түрленбей, түбір сөз тұлғасында қолданылатын грамматикалық формаларды жатқызу керек. Қазақ тілінде мынадай грамматикалық формалар нөлдік аффиксте қолданылады:

1. Ілік септік формасы әрқашан тәуелді формамен қайшы байланыста қолданылады. Кейде ілік септігі қосымшасыз – нөлдік формада айтылады. Мысалы, колхоздың малы – колхоз малы, т.б. Ілік септігінің бірде қосымшалы, бірде қосымшасыз нөлдік формада қолданылуы иелік мағынаның нақты және абстрактылығына байланысты.

2. Табыс септігі сөйлемде қосымшалы да, қосымшасыз да айтылады. Кітапты оқыдым – кітап оқыдым. Шамды жақты – шам жақты, т.с.с.

3. Сөйлемде барыс септігінің де нөлдік формада айтылуы сирек те болса кездеседі. Бұл көбіне халық ауыз әдебиетінде, ауызекі сөйлесуде қолданылады. Қала(ға) түсіп қайттым, Москва(ға) бардым, т.б.

4. Бұйрық райдың екінші жақ жекеше түрі қазақ тілінде әрқашан нөлдік формада қолданылады. Бұйрық рай формасы сыртқы тұлғасы жағынан түбір етістікпен бірдей болғанымен, бұл екеуі екі басқа. Алдыңғысы грамматикалық форма да, ал соңғы түбір етістік – сөздік құрамға енетін лексикалық бүтін,” – деп көрсетеді ғалым [9,161-163].

Қазақ тіліндегі нөлдік тұлғаға байланысты шешімді пікірдің дамытушысы профессор Н.Оралбаева десек, артық айтқандық емес. Оның 1976 жылы басылған алғашқы

мақаласынан бастап нөлдік морфема, нөлдік форма жөнінде тиянақты зерттеулердің нәтижесі 1986 жылы А.Қалыбаевамен бірігіп жазған „Қазіргі қазақ тіліндегі морфемалар жүйесі” атты кітап болып жарыққа шықты.

Ғалым еңбекте өзіне дейінгі осы мәселе жөніндегі түркі және қазақ ғалымдарының пікірлеріне сын көзбен қарай отырып, мынадай тұжырым жасайды: „Тілдің құрылысынан осыншама орын алатын нөлдік морфеманың қолданылуын елемеу мүмкін емес. Ілік пен табыстың қосымшасыз формаларын атау септіктің мағынасына қосып, оны негізгі септік атағанмен, проблема шешілмейді. Басқа септіктердің, аталған басқа парадигмалардың, системалардың қосымшалы формаларымен қатар қолданылып жүрген нөлдік морфема мен нөлдік форма онда тіл білімінде ескерусіз қалады. Олардың осы уақытқа дейін ескерусіз қалуы ғылымның қазіргі дамуына сай емес. Сондықтан бұл проблемаға ерте ме, кеш пе бір оралмауға болмайды, өйткені ол – шешуді керек ететін күрделі проблема. Түркі тілдерінің грамматикалық құрылысына кең тараған бұл фактімен санаспау дұрыс емес, сондықтан септіктердің нөлдік формалары өз септіктерінде қосымшалы формалармен қатарласа қолданылатын форма ретінде қаралғаны дұрыс. Түрлі септіктердің нөлдік формасының мағыналары атау септіктің мағыналық құрамынан шығарылуы қажет,” [10,115]. Сөйтіп, осы тұжырымға сай атау септіктің нөлдік формада қолданылуының өз сыры, өз ерекшелігі бар екенін, сондықтан оны басқа септіктердің нөлдік тұлғасымен шатастырмау қажеттігін, сондай-ақ ілік, табыс, шығыс, көмектес септіктердің нөлдік формада қолданылуының да формалы қолданыстарынан айырмашылықтары бар екенін айтып, оларды „қос формалы септіктер” деп есептейді. Сонымен бірге автор бұл ебекте бірыңғай мүшелердің, тәуелділіктің, сандылық категориясының, жіктеу жүйесінің, бұйрық райдың, нақ осы шақтың, етістіктің болымдылық, болымсыздық категориясының нөлдік тұлғаларының қолданыстарына қысқаша тоқталып, оларға азды-көпті мысалдармен дәлелдер келтіреді [сонда, 110-135]. Мұның өзі бұл мәселенің шынында да өте күрделі және жан-жақты зерттеуді қажет ететін мәселе екенін көрсетіп, кейінгі зерттеушілерге бағыт-бағдар сілтеп тұрғандай еді.

Нөлдік тұлға жөнінде Н.Оралбаевамен қатар ғылыми көзқарас білдірген ғалымдар ішінен профессор С.Исаевты атамасқа болмайды. Оның 1976 жылы басылған „Грамматикалық мағына мен форманың сәйкестігі және нөлдік тұлға” атты еңбегінен бастау алған осы мәселе турасындағы ой-пікірлері кейінгі еңбектерінде толықтырылып көрініс тапты. Ғалым еңбектерінің бірінде: „Грамматикалық формасыз да грамматикалық мағына беріле ме?” –деген сұрақ қойып, оған былай жауап береді: „Кейбір жағдайларда ешбір грамматикалық тұлғасыз-ақ белгілі бір грамматикалық мағына беріліп тұрады. Ол грамматикалық мағына сөз түбірі білдіретін грамматикалық мағынадан бөлек болады. Яғни әңгіме категориялық грамматикалық мағына жайында. Міне, сондай арнайы қосымша көрсеткіші болмай, тұлғасы көрінбей тұрып-ақ белгілі грамматикалық (категориялық) мағына білдіруді нөлдік тұлға (форма) деп атауға болады...” – дейді де, осы ойын дәлелдеу мақсатында нөлдік тұлғаның алуан түрлі қолданыстарына көптеген мысалдар келтіреді. Ақыр соңында ғалым: „Сөйтіп, нөлдік форма – парадигмалық түрлену жүйесінің бір түрі болып табылатын, сондықтан сол түрлену жүйесінің синтаксистік сөз байланыстырушы қызметін толық атқаратын форма, бірақ осы мәндер мен қызметті тікелей көрсететін арнайы формасы жоқ тұлға...” – деген тұжырым жасайды [11, 28-41].

Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, қазақ тіл білімінде нөлдік форма мәселесі сөз болып, ол жөнінде ғылыми пікірлердің пайда болуы бұл мәселенің жан-жақты зерттеу нысаны болуға лайықты екенін байқатты. Сөйтіп, 80-жылдардың бас кезінен бастап септіктердің нөлдік формасын арнайы зерттеу нысаны етіп бірнеше мақалалар жариялаған Ж.Балтабаева 1984 жылы „Семантико-стилистические функции неформленного родительного и винительного падежей в казахском языке” тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғады. Ал 2006 жылы А.Қ.Омарова профессор Н.Оралбайдың

кеңесшілігімен „Қазақ тіліндегі нөлдік морфеманың функционалдық және семантикалық аспектісі” тақырыбында докторлық диссертация қорғады. Осы соңғы диссертациялық жұмыс нөлдік тұлғаға байланысты тіл біліміндегі бұрын-соңды айтылған ой-пікірлер мен көзқарастарды жинақтай отырып, олардағы ортақ теориялық мәселелерді бір жүйеге келтірген, сөйтіп оны қазақ тіліндегі бар практикалық тілдік бірліктер негізінде қорытқан. Мысалы, еңбекте нөлдік морфема мен нөлдік форма туралы: „Нөлдік морфема деп сырттай дыбыссыз, бейнесі жоқ, бірақ белгілі грамматикалық мағынасы бар тілдік бірлік аталады. Нөлдік морфема арқылы грамматикалық категорияның мағынасын білдіретін сөз нөлдік формалы сөз, яғни нөлдік форма деп аталады,” – деген анықтамалық қорытынды жасайды [12,12]. Қазақ тіл білімінде нөлдік тұлға мәселесі біршама зерттеліп, ол жөніндегі ой-пікірлер бір арнаға тоғысты деуге болады.

Жоғарыда аталған қазақ тілшілерінің ой-пікірлерін саралай келгенде байқағанымыз – біз тақырып етіп алған „нөлдік тұлға” ұғымы жөніндегі терминдердің түрлі-түрлі екені. Мысалы, А.Хасенова „нөлдік көрсеткіш” терминін қолданса, Ы.Маманов „нөлдік форма”, С.Исаев „нөлдік тұлға”, Н.Оралбаева, Ж.Балтабаева, А.Омаровалар „нөлдік морфема” терминін қолданады. Бұл жөнінде кезінде проф. Н.Оралбаева да атап көрсеткен, тіпті ол атаулардың бір-бірінен ерекшеліктерін де саралап жазған болатын. Ол: „...Нөлдік көрсеткіш терминін өте кең мағынада қолданамыз. Ол фонетика, морфология, тіпті синтаксиске қатысты жалпы ұғым ретінде қолданылады. Нөлдік морфема сөздің мағыналы кіші бөлшегі сөзде болмай, ол мағынаны түбір сөз ешбір нақтылы морфемасыз білдіргенде қолданылады. Нөлдік морфема термині – нөлдік жалғау, нөлдік жұрнақ, нөлдік көмекші сияқты ұғымдарды қамтитын жалпы мағыналы термин, сондықтан ол сөз формасына да, сөз жасауға да қатысты. Нөлдік форма деген терминді түбір сөз ешбір нақтылы морфемасыз сөздердің түрлену парадигмасының бір мүшесі қызметін атқарғанда қолданамыз,” – деген түсінік береді [10,101]. Демек, қазақ ғалымдарының бұл терминдерді қолдануында өзіндік ерекшеліктерімен бірге ұқсастық жақтары да бар деуге болады. Біз де ғалымның осы пікірлерін қолдай отырып, проф. С.Исаев пайдаланған „нөлдік тұлға” терминін қолдануды таңдадық. Олай болатын себебі, біріншіден, осындағы „тұлға” сөзі қазақ тіл білімінде көптен бері терминдер құрамында айтылып келеді (түбір тұлға, шақ, жақ тұлғалары, күрделі тұлға, сөз тұлғасы т.б.), екіншіден, терминдердің қазақша баламасын қолдану үрдісі кең етек алып отырған қазіргі кезеңде „тұлға” сөзі „морфема” сөзінің баламасы бола алады деп есептейміз.

Сонымен, жалпы тіл білімінде, соның ішінде қазақ тіл білімінде де, ұзақ тарихи талдаулар мен зерттеулердің, алуан-түрлі ой-пікірлер мен көзқарастардың нәтижесінде адамдар қатынасының тілдік көрінісі болып табылатын тілдік бірлік – сөйлемде сөздердің нөлдік тұлғада қолданылуы бар екендігі айғақталды, теориялық негіздері нақтыланды, жүйеленді. Қазақ тіл білімінің негізін салушылардан бастау алған бұл үрдіс бір ғасыр көлемінде біршама жетістіктерге жетті деуге әбден болады. Әйтсе де, ғылымдағы қандай проблемалар да түбегейлі шешіле қалмайтыны белгілі. Уақыт озған сайын ол проблемалар жаңа қырларымен көрінеді, жаңаша зерттеуді қажет етеді. Сондықтан нөлдік тұлға мәселесі де толық зерттеліп болды, оған байланысты проблемалар түгелдей шешілді деуге әлі ерте.

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. –Алматы: Ана тілі, 1992. –448 б.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. –Алматы: Ғылым, 1966.
3. Аманжолов С. Қазақ әдеби тіл синтаксисінің қысқаша курсы (Өңделіп және толықтырылып 2-басылуы). –Алматы: „Санат”, 1994. –320 б.
4. Қазіргі қазақ тілі. –Алматы: ҚазССР ҒА баспасы, 1954.

5. Сауранбаев Н.Т. Қазақ тіл білімінің проблемалары (Таңдамалы еңбектерінің жинағы). –Алматы: Ғылым, 1982.
6. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі (Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі). –Алматы, „Санат”, 1997. – 240б.
7. Қазақ тілінің грамматикасы. 1-т. Морфология. –Алматы: „Ғылым”, 1967.
8. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. –Алматы: „Ана тілі”, 1991. –384 б.
9. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. –Алматы: „Арыс”, 2007. –488 б.
10. Қалыбаева А., Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тілінің морфемалар жүйесі. –Алматы, „Ғылым”, 1986.
11. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар. –Алматы: Ана тілі, 1992. –144 б.
12. Омарова А.Қ. Қазақ тіліндегі нөлдік морфеманың функционалдық және семантикалық аспектісі. ДДА. –Алматы, 2006.

Резюме

В данной статье рассматривается вопросы исследования нулевой морфемы в казахском языке.

Summary

In given article, we can solve about researching a zero morpheme in the Kazakh language.

ӘОЖ 801.56:801.561.3

Ж.РАХМАТУЛЛА ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ БІР НЕГІЗДІ БЕЛГІЛІ ЖАҚТЫ СӨЙЛЕМДЕРДІҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ

Сәдуақасұлы Ж., Жағал Ж. (Қорқыт Ата атындағы ҚМУ)

XX ғасырдың 70-жылдарына дейін орыс тіл білімінде болсын, қазақ тіл білімінде болсын, сөйлемді ойдың тікелей көрінісі ретінде танып, оның түрлерін де осы тұрғыда айқындау басым болып келгені ақиқат. Сөйлем құрылымын оның сыртқы және ішкі мазмұндық ыңғайда бөліп қарау басым орын алды. Мұның өзі сөйлемнің логикалық құрылымы мен синтаксистік құрылымының барлық уақытта сәйкес келе бермеуі байқалғаннан кейін, яғни сөйлемдердің ішінде мүшелеуге келмейтін немесе сөйлем құрауға негіз болады деп есептелетін бас мүшелердің де сөйлем құрай алатындығы байқалғаннан кейін мүмкін болды. Осылай қазақ тіл білімінде бұрыннан бар сөйлем түрлерін жаңаша жіктеу мүмкіндігі туды. Сөйлемді функционалды қызметіне қарай емес, коммуникативтік қызметіне қарай жіктеу жөніндегі ғалымдар мен зерттеушілердің ой-пікірлері орын ала бастады.

Сөйлемдер құрылымдық түрлеріне қарай екі негізді және бір негізді деп бөлінетіні белгілі. Біз бір негізді сөйлемдердің өзін белгілі жақты, белгісіз жақты, жалпылама жақты және жанама жақты деп бөліп қарастырадық. Осылардың ішінде белгілі жақты бір негізді сөйлемге мынадай анықтама береміз: «Нақты іс-әрекет иелерінің (субъектілерінің) мәні предикаттық бас мүшедегі 1- және 2-жақтық тұлғалар арқылы берілетін және оның сөзбен берілуін сөйлем семантикасы қажет етпейтін бір бас мүшелі сөйлем түрін белгілі жақты

бір негізді сөйлем дейміз» [1, 46]. Бұдан шығатын қорытынды, бір негізді белгілі жақты сөйлемдердің баяндауышы 1 және 2-жақтың жекеше және көпше түрінде тұрып сөйлем құрай алады. Демек, сөйлем құрауда бастауыш болмағанымен, сөйлемнің мағынасы өзгермейді, яғни бастауыштың болуын қажет етпейтін, бірақ белгілі жақта тұруы міндетті сөйлемдер деп танымыз. Мұндай сөйлем түрлері әдеби шығармалардың қай түрінде де молынан қолданылады. Қызылорда облысының мақтан тұтар азаматы, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, жазушы Жаксылық Рахматулланың әңгімелері мен повестерінен, хикаяттарынан осы аталған бір негізді белгілі жақты сөйлемдерді іздеп, зерттеу жасап көрейік.

Әңгіме, повестер көбіне диалог ретінде жазылуына байланысты, бұл шығармаларда белгілі жақты бір негізді сөйлемдер молынан қолданылады деп айта аламыз. Белгілі жақты бір негізді сөйлемнің етістік бас мүшесінің жасалу жолдарының тәсіліне қарай бірнеше түрге бөлуге болады. Етістік бас мүшеде тұтас мазмұнын құруға қатысатын барлық грамматикалық тұлғалардың мәндері жинақталады. Осының нәтижесінде етістік бас мүшелі сөйлемдердегі хабар мазмұны немесе сөйлем семантикасы осы аталған грамматикалық және синтаксистік мағыналардың жалпыланған бірлігінен тұрады.

Белгілі жақты сөйлемнің етістіктен жасалған бас мүшесі екі негізді сөйлемдердің бас мүшесі тәрізді дара етістік түбірдің грамматикалық формаларымен түрленіп келуі арқылы және негізгі сөздерге көмекші сөздердің тіркесіп келіп күрделенуі арқылы беріледі.

Бір негізді белгілі жақты сөйлемнің етістік бас мүшесінің жасалу жолдарын анықтау үшін: «Белгілі жақты сөйлемнің предикативтік мүшелерінің негізіне алынатын дара түбір етістіктер, мейлі ол негізгі болсын, немесе туынды түбір етістіктер болсын, адамның әр түрлі іс-әрекетін, қимыл-қозғалысын, қалпын т.б. білдіретін сөздер болып келеді де, міндетті түрде бір етіс формасында тұрады» [2, 82].

Негізгі зерттеу нысанымызға алған Ж.Рахматулла шығармаларынан бір негізді белгілі жақты сөйлемдердің осы айтылған жасалу жолдарын қарастырып, зерттеу жүргізіп дәлелдеген дұрыс болар. Қазақ тілінде түбір етістіктердің салт, сабақты түрлері арқылы жасалған белгілі жақты сөйлемнің предикаты көп жағдайда бұйрық райдың жекеше және көпше түрлерінде қолданылатыны белгілі. Бұйрық райдың 1-жақтық тұлғасы жекеше (-айын, -йын, (-ейін, -йін) және көпше (-айық, -йық (-ейік, -йік) түрінің жұрнақтары райлық және жақтық мәнді бір форма арқылы беріледі. Салт, сабақты етістіктерге тура жалғанады. Мысалы:

- *Қалпағым, бар ма анадан. Болса құй тағы да, құным бір қотыр бұзаудай екен, өлсем де басымды **жазып өлейін**, - деді мыңқылдай батыңқы мұрынын жең сыртымен бір сүйкеп* [3, 70].

*Хат шағымдарыңызды қалдырыңыздар...Мамандармен **ақылдасайық**, - деді Тұмар біріне-бірі уәжін өткізе алмай жүргендерді тоқтамаға шақырғандай* [3, 44].

Ал бұйрық райдың 2-жағында етістік түбірге тән етіс жұрнақтары мен көптік жалғау жалғана береді.

- *Мәселені ойынға **айналдырмаңдар**...* [3, 14].

- *...Ал мылтығыңды оңтайлап **ұста**. Байқа, жіберіп алма, есіктен басы көрінісімен **ат*** [3, 18].

- *Мына таяқты ұста да ішке **кір*** [3, 19].

Бір негізді белгілі жақты сөйлемдер есімше мен көсемшеге көмекші сөздердің тіркесуі арқылы да жасалады. Мысалы:

*Бытыр бес қозымнан айрылып, жоспарымды орындамай қара бет **болып ем**, енді қайттім? – деп жыларман болды* [3, 9].

- *Сарысудың қасқырын құртып көзімізді **ашып ең**, енді Сырдың бөрісін тәртіпке салып берші...* [3, 9].

- ... Бірде жапан далада қой бағып жүрген осындай бір қазақты көріп, **не істер екен**, байқайын деген әуестікпен дәл төбесіне келгенде төмендедім де тұра қалдым... [3, 13].

Сабақтан сұрампаз балаңыз үйде ме? Қолғабыс жаса деп жіберген ек... [3, 71].

Сонымен бірге, бір негізді белгілі жақты сөйлемдер толық мағыналы сөздер мен көмекші сөздердің қатысуы, жіктелген шартты райлы етістіктердің қайталанып келуі немесе өзара меңгерілуі арқылы келген тіркестерден де жасалады.

...Атса сені атсын. Менде несі бар? дегенсің ғой, ә? [3, 82].

Байдүйсеннің қойын жегенше мені неге жемедің [3, 65].

Түсінсе түсінсін, бірақ талап арызыма жауап күтемін, - дедім ағайыма алған бетімнен қайтпасымды сездіріп [3, 126].

Толық сөзге «де» көмекші етістігінің тіркесіп келуі арқылы да белгілі жақты бір негізді сөйлемдер жасалады. Мысалы:

Әкесінің бейіті жанында менің шешемнің бейіті тұр. Топырақ сол жерден бұйырса не дейін... [3, 43].

Сөзіңнің аяғын жұтып, ішімдегіні тап дейсің [3, 51].

Бас мүше фразеологиялық тұрақты тіркестердің көмегімен де жасалады. Олардың бірі - тұрақты сөз тіркестері, екіншісі – идиомалар. Идиомалар айтылатын оймен қабаттасып, сөйлем ретінде жасалады.

1) Тұрақты сөз тіркестері:

Олардың көз жасын мойныма артып қалай жер басып жүремін [3, 64].

Қыбыр етсе, қыл мойнын қырқып жіберемін, сұрауы жоқ неменің [3, 61].

2) Идиомалар:

Екі рет мылтық атып оқ дарыта алмадым, атпен қуып та көрдім, шаң қаптырып кетті [3, 17].

Арам тер боп ұстаған арланымның жайын өзім табамын, - баж ете түсті [3, 20].

Бір негізді белгілі жақты сөйлемдер әртүрлі модальдық мәндерді (қуану, ақталу, өтініш, бұйыру, ренжу т.б.) білдіру ыңғайындағы сөйлемдер көмегімен де жасалады.

1) Таңдану: *Ойпырмай, мәшиненің иісінен жүрегің айнитын еді, шыдадаың ба айтуеір?* [3, 11].

2) Ренжу: - *Осында кім көрінгеннің сөзін есту үшін келмедік...* [3, 13].

3) Бұйыру: *Шылбыр арқан әкел, сөзді көбейтпей* [3, 20].

4) Жұбату: - *Директорлықтан бүгін алса, ертең қайта тұрасың. Тек ағайын аман болсын де* [3, 124].

Белгілі жақты сөйлемдердің негізгі мәселесінің қатарына шақ категориясында келу ыңғайы да жатады. Алайда ғалымдар баяндауыштардың шақ формасында келуі ашық раймен тығыз байланыста деп есептейді. Жалпы алғанда, сөйлемнің баяндауышы болатын кез келген сөздер шақ формасын қабылдай алмайды, оны негізінен етістік қатысқан баяндауыштар ғана қабылдайды. Кез келген сөйлем шақтық мағынамен байланысты болатыны белгілі. Себебі, сөйлем қандай да бір іс-әрекет, қимыл-қозғалыс туралы хабар беретін болса, онда ол міндетті түрде белгілі бір уақыт мөлшерімен, мезгілмен тығыз қатынаста болады. Баяндауыштың шақ формасымен түрленуі әр кезде де жақтық түрленіспен тығыз байланыста. Себебі, жақ пен шақтың үнемі бірлікте келуінің тарихи негізі етістіктердің бір кезде есім-етістіктерден (немесе қимыл есімі) пайда болуы болып табылады.

Сөйлеуші тарапынан берілетін хабар сөйлеу ситуациясынан бұрын болған немесе сол кезеңде болып жатқан, болмаса кейін болатын іс-әрекет туралы болуы мүмкін. Осыған байланысты осы шақ, өткен шақ, келер шақ деп аталатын үш шақ түрі, оларға сай шақтық тұлғалар жүйесі бар. Бұл шақтық тұлғалар мәндері әр уақытта өзі тіркесетін етістіктердің

лексикалық мағынасымен, ондағы жақтық мәннің берілуімен бірге анықталып зерттеледі. Бұл, әсіресе, белгілі жақты сөйлем тәрізді субъектісі тек жақ формасы арқылы ғана анықталатын сөйлемдер үшін өте маңызды.

Осы шақтың семантикалық мәні сөйлеу барысы тұсында болып жатқан іс-әрекет, жай-күйдің субъектіге қатысын айтушы тарапынан білдіру болып табылады. Қазірге дейінгі зерттеулерде болсын, оқулықтар да болсын, осы шаққа беріліп жүрген анықтамалар осы мәнде.

Зерттеулерге және жиналған тілдік материалдарға қарағанда, осы шақты жасауда қалып етістіктерінің (отыр, тұр, жатыр, жүр) мәні айрықша екені байқалады. Олар баяндауыш ретінде жеке келіп те, негізгі етістіктерге көмекшілік қызмет атқарып та, түбір күйінде, ешбір жалғаусыз да осы шақтық мәнді білдіреді.

Мысалы: ...*Оған дейін демала тұрайық, - деп гүлбан алғашқы әмірін беріп үлгерді* [3, 68].

Әуелі жай ішіп, жүрек жалғай тұрыңыздар [3, 68].

Енді келіп қалдық. Басыңды көтеріп отыр. Сөйт, жаным [3, 90].

Келер шақ – сөйлеу кезеңінен кейін болатын, болуға тиіс іс-әрекеттер мен жай-күйдің субъектіге қатысын білдіретін шақ категориясының бір түрі. Бұл шақтық мән субъект тарапынан іс-әрекеттің келешекте дәл мүлтіксіз орындалуын үнемі айқындай бермейді де, алдағы бір уақытта әйтеуір бір орындалуға тиіс іс-әрекет жөнінде айтылады. Сондықтан мұндай шақтық мәнде құрылған сөйлемдерде айтушының субъективтік көзқарасы басымырақ болады. Оның түрлері де көбінесе осы мәніне байланысты ажыратылады.

Келер шақ болжалды және мақсатты болып бөлінетіні белгілі. Болжалды келер шақ етістікке есімшенің –ар, -ер, -р, -с жұрнақтары жалғану арқылы жасалады. Мысалы: *Сені үйде күтейін. Ит өлген жерге сартылдап барып, сартылдап қайтуға тұмаудан енді жазылғанда шыдамай қайталап қалармын...Шыдамаймын. Ауырмасам өзіңмен Қоқан ассаң да бірге кетер едім* [3, 74].

Өткен шақ субъект іс-әрекетінің сөйлеу ситуациясының бұрын болғандығын білдіреді. Бұл шақ мағыналық жағынан да, тұлғалық жағынан да тілде өте жиі қолданылады. Және ол болып өткен іс-әрекетті білдіретіндіктен, нақты мағынаға ие болады. Қазіргі қазақ тілінде өткен шақ мағыналық ерекшеліктеріне қарай әр түрлі топталады. Солардың ішінде жедел өткен шақ, ауыспалы өткен шақ, бұрынғы өткен шақ деп үш түрге бөлу көп қолданылады.

Жедел өткен шақ, әдетте негізгі, туынды және етіс тұлғалы етістіктерге, кейде күрделі етістіктің көмекші құрамына –ды, -ді, -ты, -ті тұлғаларының жалғануы арқылы жасалады. Жедел өткен шақтық формадан кейін жақ жалғауы қысқарған күйде (1-жақ: -м, көпше: -қ, -к; 2-жақ: -ң, көпше: -ңдар) жалғанады.

Мысалы: *Сөйте жүріп бірте-бірте Президенттің ел басқару саясатының жемісін көре бастадық* [3, 129]. *Осы жолы арнайы қаржы бөлгізіп, оған баба басынан құдық қаздырдық және алыстан келгендер дем алатын шағын үй салдырдық* [3, 151].

Көріп отырғанымыздай, бір негізді белгілі жақты сөйлемнің де шақтық мәнін білдіретін алуан түрлі тұлғалар және оның жақтық мәнін білдіретін тұлғаларымен бірге бас мүшенің логикалық субъектісімен бірлікте ұстайтын грамматикалық тұлғалар ретінде қызмет атқарады екен.

Сонымен, біз бұл мақаламызда Қызылорда облысының белгілі азаматы, жазушы Ж.Рахматулла шығармаларындағы бір негізді белгілі жақты сөйлемдердің жасалу жолдарына тоқталдық. Әңгімелер мен хикаяттардағы сөйлемдерді пайдалана отырып, бір негізді белгілі жақты сөйлемнің өзіндік ерекшеліктері мен жасалу жолдары біршама анықталды деп есептейміз. Бірақ, жазушы шығармаларының тілдік ерекшеліктерін бір

мақалада түгелдей ашып көрсету мүмкін емес. Десек те, осы ерекшеліктері арқылы да жазушы шеберлігін анық байқауға болады.

Әдебиеттер:

1. Сәдуақасұлы Ж., Сәдуақасова Г. Жай сөйлемдердің құрылымдық түрлері. – Қызылорда: Тұмар, 2004. – 46 б.
2. Сауақасов Ж. Қазақ тіліндегі бір құрамды сөйлемдер. – Алматы: Білім, 1996. – 82 б.
3. Рахматулла Ж. Кіе – Алматы; 2008. - 3-151 бб.

Резюме

В статье анализируется структура односоставного определенно-личного предложения и состав его главного члена в произведениях писателя Ж.Рахматулла.

Summary

In article we are analyzed about the structure of the one-compound definite-personal sentences and structure of its main member in Z.Rahmetulla's creativity.

UDC.801.56:801.561.3

CROSS-LANGUAGE PHRASEOLOGICAL PARALLELISM AND METHODS OF TRANSLATION OF PHRASEOLOGICAL UNITS

Sadybekova S.I., Tashenova Zh.A. (Korkyt Ata KSU)

Everyone knows that phraseological picture of the world of related and unrelated languages is an imaginative, subjective and evaluative interpretation of the world based on ordinary, non-scientific knowledge. In connection with this, the phraseological units present great difficulties in intercultural communication, as they are most ethnologically, nationally and culturally marked out of all types of linguistic signs [1].

Cross-language lexical equivalents may differ by a connotational part of their values. Many papers stressed that the national specifics of connotations is manifested more clearly than at the level of subject-conceptual, denotative meanings. In connotational part of the word "objectification of the subject is not the world, and the attitude that displays some form of emotive response of entity on the denoted" [2]. The constituents of connotation are the evaluative, associative and imaginative, emotive and functional-stylistic components.

Phraseology covers the most important pieces of subjective reality. Phraseological units are variable combinations, stable metaphorical phrases, idioms. A typical feature of phraseological units, that is related phrases, is the prevalence of a meaning of the whole over a meaning of the components. For example, the English phraseology differs by a great semantic and stylistic indifferenciations making it difficult to find correspondences in translation. The best way to translate the phraseological units is the use of equivalent or variable compliances.

In identifying types of cross-language correspondences of analyzed units and ways of their translation it's necessary to pay attention to the degree of permanence of intralevel correspondences. Thorough analysis of the factors forming the cross-language equivalence of phraseological units allows considering that there are both polyequivalent cross-language phraseological units and inequivalent phraseological units already on the thematic level.

It became apparent that during translation under setting to challenge of the most appropriate transfer of the original, the fixing of permanent intralevel correspondences is not always possible for the translated language, and phraseologism lies in the peculiar dependence

on the language-original [3]. Even under presence of solid cross-language correspondences the linguistic units can be partly varied semantically, and it leads to the emergence of contextual language equivalents which do not coincide with other correspondences at the level of language. Compliance arising under translation, may be completely different formally, if it is required by keeping the semantic and functional-stylistic value of the original. Meanwhile, the establishment of an international phraseology provides for both language and speech equivalence.

At present the notion of equivalence is used, for example, when studying the relation of a word and an idiom, vocative sentence and the actual proposals in the framework of one language, words, idioms, and other units in terms of interlingua[4]. The types of concept and terminology demarcation of linguistic equality are given as follows:

- identity equivalence (material, meaningful and functional commonality of language units);
- direct equivalence - the similarity of structural organization, forms, common values and functions, structural-typological similarity;
- synonymous equivalence, i.e. meaningful and functional equality in related language units.

Cross-language equivalence of phraseological units meaning is achieved not only by using a specific method of translation, but the selection of additional information about semantics, etymology of the expression. In this regard, a priority task should be not identifying the ways of translating these lexical units and the definition of specifics in interpretation of English idioms in literal translation; identification of types of their cross-language correspondences and differences. We believe that further in translation practice, the knowledge of the semantic nature will facilitate the implementation of competent and accurate translation or transfer meanings of any phraseological units.

In different languages phraseological units are transmitted through the equivalent lexical items. In this case, there is a cross-language parallelism. Such relationships arise not only due to the case of translations. Many identical facts in the life of nations receive the same comprehension. Therefore, the reasons of cause of phraseological units of a thematic group in the different languages may be different. They may depend on the sameness or the proximity of the living conditions of people; linguistic similarities and structural proximity of related languages; the borrowing as a result of historical-cultural interactions and common linguistic area; the presence of similarities of the spiritual life, the invariance of the elements of appropriate forms of social consciousness, the similarity of the historical experience of the people [5].

Quite often, phraseological units are subjected to tracing under translation from one language to another. Tracing of the original forms leads to more qualitative changes. However, the tracing process is a progressive one. In this case, the traced phraseological units enrich the spiritual life of the people, enrich their language.

This fact indicates the presence of international phraseology, which in spite of the variant and invariant features of each local culture has its isomorphic features. Isomorphic internationalisms are rather productive and have the functional activity. They can fill up an international phraseological fund. But not always the similar in morphological structure idioms have the same lexical meaning.

The cross-language structural system (or rather the component) and semantic relatedness of phraseological units can identify the major criteria that determine the presence of phraseological equivalents of various types.

Semantic relatedness is only indirect, since the comparable languages are the mixed series of closely related and distantly related languages, and for the distantly related languages an immediate tangible identity of grammatical structures is not typical. Basically, we are talking about semantic identity and difference of components of phraseological units in their non-phraseological, regular meaning, i.e. more or less analogy.

Typology of cross-lingual equivalents, among which are the structural and semantic (combining structural and semantic relatedness, that are phraseological equivalents) and semantic (meaningful identity only under presence of the difference between lexical structure of phraseological units) is based on the interaction of these two criteria [6]. Absolute phraseological equivalents is only a smaller part of the structural and semantic equivalents (mostly borrowed from the third sources of idioms); in other cases, the equivalence is incomplete, i.e. there are certain syntactic or lexical differences which do not affect to the total meaning of phraseological units. It is necessary to note a fairly large proportion of the total (as mentioned above, despite of some syntactic differences) and partial structural and semantic equivalents of phraseological units in comparable languages. This may be explained by the common models redefining the vocabulary of the complex in these phraseological units.

References:

1. Isabekov S.E. Ethnolinguistics and intercultural communication. Vestnik KAZGUMOMYa, 2001 .- № 3 .- pp.45-49.
2. Telia V.N. Connotative aspect of semantics of nominative units.-M., 1986.
3. Schweitzer, A.D. Translation and linguistics / A.D. Schweitzer .- Moscow: Military Publishing House, 1973.
4. Suleimenova E.D. Notion of meaning in modern linguistics. - Almaty, 1989.
5. Wierzbicka A. Semantic primitives. - Frankfurt, 1972.
6. Lado R. Linguistics across borders of cultures. - London, 1957.
7. Henderson B.L. A Dictionary of English Idioms. London 1954-1964. P.2.
8. Dobrovolsky D.O. National and cultural identity in phraseology. - M., 1997, № 6.
9. Kaydar A.T. Topical issues of the Kazakh language. Almaty, 1998.
10. Solodukho E.M. Theory of phraseological approach / E.M.Solodukho - Kazan, 1989.
11. Kunin A.V. English-Russian phrasebook. Moscow: Russian Language, 1984.

Түйіндеме

Бұл мақалада тілалық теңеулердің типологиясы және олардың аударма тәсілдері қарастырылады.

Резюме

В данной статье рассматривается типология межъязыковых соответствий и выявляются способы их перевода.

УӘЛІ БИ

Ахметбек Б.М. (Қорқыт Ата атындағы ҚМУ)

Ертеректе Сыр бойында, қазіргі Қызылорда облысы, Қармақшы жұртшылығының арасында Уәлі бидің есімі кеңінен мәлім болған [1]. Уәлі бидің ата тегі: Алшын-Байұлы-Алтын-Көзала-Айдар аталығынан. Айдардан -Тілеуке би -Дербісәлі бай -Итен (беделді кісі болған). Итеннен Құлты (елінде белгілі кісі), Жақсылық, Жайсанқұл, Тасмамбет (Таспембет), Ақмамбет (Ақпембет), Уәлі би туады [2]. Итеннің ата қонысы Еділ өзенінің бойы екен. Уәлі би – қазіргі Батыс Қазақстан облысы, Еділ бойында 1798 жылы дүниеге келген [3]. Ресей империясының қазақ жерін отарлау саясатына нәтижесінде туған жерінен ығыстырылған қазақ ауылдары Жайықтың бойына, Арқаға ауып келе бастады. Сол кезде Итен де Құлты, Уәлі деген балаларымен бірге қазіргі Ақтөбе, бұрынғы Торғай облыстарының жеріндегі Арқа өңіріне көшіп келеді [4].

Қазіргі Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Нұра ауылының Мамыр бөлімшесінде «**Құлтының қара моласы**» деп аталып кеткен жер бар. Бұл жергілікті жұрттың әулие бейіті деп зиярат етіп, түнеп кететін қасиетті орны болып саналады [4]. 2009 жылы Құлты әулиенің ұрпақтары бабасының басына барып, ескерткіш орнатып қайтты. Ырғыз ауданында «**Уәлі өткелі**» деген жер және **Уәлі базасы** бар [5]. 2010 жылы Бидің ұрпақтары осы өткелдің қасына ескерткіш тақта орнатты.

Құлтыдан Үмбет, Шоқан, Медет батыр, Майыр, Бекберген, Маңғыбай, Манан, Кәрібай, Ормантай, Ондыбай, Орақ деген балалары қалады. Құлтының ұрпақтарынан елге белгілі, беделді кісілер шығады. Мысалы немерелері Байымбет (елді билеген), Сүйінқара батыр (1853-1927), Шоңмұрын бай (18?-1931). 1929-1931 жылдары Шоңмұрын бабамыз Кеңес үкіметіне қарсы шыққан Алтын көтерілісіне қатысып, ұсталған. Қарт кісі Қызылорда қаласының түрмесінде қайтыс болған. Шөберелері – Искендір ақын, молда, шежіреші (1886-1968); академик, медицина ғылымдарының докторы 1936 ж.т. Ормантаев Камал Сәуірұлы. Шөпшегі – Мақым ауылнай (1890-1976).

Ағасы Құлты қайтыс болғаннан кейін Уәлі би өзіне қарасты ағайындарын Сыр бойына көшіруді ойлайды [6]. Себебі, бұл өңірге Ресей жағынан көшіп келуші мұжықтар да көбейе бастаған. Уәлі би Сыр бойына келісімен Қаратамыр руынан шыққан Пішан биге келіп, ауылын қоныстандыратын жер сұрайды. Сөйтіп, екі би келісе отырып, алыстан арып-ашып көшіп келген ағайындарға, осы күнгі Қорқыт стансасының шығыс жағындағы патша үкіметінің пошта жолының аялдамасы «Қызыл үй» деген тоғайдан бастап, шығысқа қарай Қармақшы қыстағына дейінгі, Сыр бойындағы Жайлау, Байзақ, Сүйінқара, Шоңмұрын (кейінгі атаулары), Жапырақшы, Кеңтоғай, Шақпақты деп аталатын тоғайларды бөліп, сол жерлерге Уәлі би өзіне қарасты ағайындарын орналастырған [4].

Уәлі би осы өңірде өте сыйлы адам болып, билік етеді. Ол Тобжан, Әлібай сияқты халыққа қадірменді кісілермен бірге ағайының бірлігін, елдің тұтастығын, татулығын сақтауға белсенді қызмет атқарады. Сол жылдары Сыр өңірінде Елкей сұлтан билік құрған екен. Қасым ханның ұлы Елкей (Ермұхамед) Әбілқайыр ханның шөпшегі еді. Бірде Елкей ханның шешіміне риза болмаған Уәлі би: - «Әділеттілік құдайда болмағанда, ханда қайдан болсын», - деп ханның билігін қайта бұздырған екен [3]. Уәлінің мұндай өткір де батыл сөздері сол кезде халық арасында кең тараған. Уәлі би батырға лайық тұлғасына ақыл парасаты жарасқан кісі болыпты. Ол кісі онша бай болмаған. Бірақ байлығына сенген кейбір адамдардың әділетсіз әрекеттеріне қатты тойтарыс беріп, кедейлердің мүддесін қорғауға көп еңбек еткен. Қазақта «Атқа міндің-ажалға міндің» - деген сөз бар. Оның мәнісі атқа мінген азамат халықтың қамын ойлауы тиіс. Сөйтіп, талай әділетсіздіктермен ұстасып, өзіне жауларды да көбейтеді. Бірақ Уәлі би өзінің бірбеткейлігінен қайтпаған адам болған. Уәлі би Кенесары хан басқарған халық қозғалысын да қызу қолдаған адам болған [7]. Өйткені, оның өзі де, ағайындары да Ресей империясының отаршылық саясатынан жапа шегіп, туған жерінен ауып келген кісі. Осындай әрекеттері үшін ол кейін басқа билермен бірге Орынбор қаласына шақырылып, губернатордан қатты ескерту алған.

Уәлі бидің тоғыз баласы болған: Ықылас, Тоқыш, Топышбай – сері болған, Әлімбай, Байжан, Шилібай, Байзақ (Байұзақ) – ел билеген кісі, Өмірзақ, Жанұзақ деген кісілер. Уәлі би әрдайым елдің қамын ойлап, олардың шаруашылығының жөнделіп кетуіне көмектескен. Оған нақты дәлел 1860 жыл шамасында Қарақұмда (Қармақшы елді мекенінің солтүстік батысында) Уәлі құдығы деп аталып кеткен құдықты қаздырған. Би бабамыз елден бір атақты палуанды алдыртып, құдық қаздырады. Палуан тереңдігі 22 метрдей құдық қазады. Түбіне келгенде үлкен тас көреді де, жоғарыда тұрған биге айтады. Сонда Уәлі би: - «Тасты көтер, астынан су шығады» дейді. Палуан алып күш иесі, тасты

көтергенде астынан су шығады. Халық шексіз риза болады. Елден Уәлі биге сыйлықтар түсіп жатады. Би елден түскен сый-сияпатты, түйе, жылқыларды палуанға береді [3].

Уәлі құдығы Қаракұм мал жайылымын игеріп, елдің малды көп өсіруіне игі әсерін тигізеді. Қызылорда облысының Қармақшы, Жалағаш аудандарының Қаракұм мал жайылымына көшетін фермалары осы құдықты пайдаланып келді. 1996 жылы шілдеде Уәлі бидің ұрпақтары – Алматыда тұратын Ысқақов Жәнібек (1924-1998) және Қармақшы тұрғыны Әлімбаев Зинабдин 1929 ж.т. ағайындарымен бірлесіп осы құдықтың орнына ескерткіш тақта орнатты. Қызылорда облысының картасындағы «Уәлі» деген жер құдықтың аумағы болып есептеледі.

Уәлі биді Сыр бойының сүлейлері де жырына қосқан. Соның бірі қазақтың алып ақыны Асқар Тоқмағамбетов [5]. Уәлі биді Сыр бойының шежіреші ақыны Әлімбай Әлиасқаров (1908-1990) «Қазақ шежіресі» еңбегінде:

«Тілеукеден Тілеулі, Мойнақ, Жайнақ,
Дербісәлі жүрген жер болған ойнақ.
Мұнан туған балалар он бір екен,
Қожан, Итен, Тұрымтай өскен жайнап.
Қожаннан туатұғын алты бала,
Итеннен Құлты, Уәлі, бұған кара.
Құлтыдан он бір, Уәліден он үш ұл бар,
Ел болып өсіп кеткен дара-дара», - деп жырлаған [8].

Енді Уәлі бидің ұрпақтары жөнінде айтып өтейік. Бірінші анасына келсек, бидің анасы Шөмекейдің атақты биі Солтанұлы Жәрімбеттің қызы болған. Солтанұлы Жәрімбет (1735-1809), кейбір деректерде (1728-1802) ж.ж. өмір сүрді деп жазады. Бұл анамыз жаужүректі, алып күштің иесі болған. Анамыз белгілі Шөмекейдің батыры Бәйтік Баймембетұлымен (1762-1841) шөбере бауыр болған. Екеуі де арқалы батыр Келменбет (Сарықасқа) баласы Өтебай батырдың шөберелері еді.

Енді бидің ұрпақтарына келейік. Бидің ұрпақтары бабасының атына кір келтірмей елінде абырой, беделі биік болып өмір сүруде. Уәлі бидің үлкен ұлы Ықыластан-Сүгірәлі, одан Әлі (1889-1932), Әліден Балтабек (1926-1943) Ұлы Отан соғысында Таяу Шығыста ерлікпен қаза болған жауынгер-ақын, ұрпағы жоқ. Уәлінің үшінші ұлы Топышбай сері болған, ұрпағы жоқ. Уәлі бидің төртінші ұлы Әлімбайдан Қойшыбай (1878-1972), Әлмен (1890-1967) туылады. Кезінде Уәлі би өлер алдында: - «Немерелерімді шақырындар» - дегенде 4 жасар Қойшыбай немересін көріп, иіскеп, үстіндегі жейдесін шешіп, баланы орап, балаға: - «Көп жаса» - деп батасын берген екен. Уәлі би бабамыздың дуалы ауызынан болу керек Қойшыбай атамыз ұзақ жасап 96 жасында қайтыс болады [2].

Уәлінің Байзақ деген баласын халық сыйлаған, әке жолын құып, билік айтқан, мешіт ұстап бала оқытқан. Сыр бойындағы «Байзақ тоғайы» деп аталатын жер осы кісінің есімімен аталады. Байзақ ірі денелі, аққұба, көзі көк, мұрынды, қасы қалын әрі ұзын болған, кісі бетіне тура қарамаған. Киетің киімі ақ түсті болыпты: ақ шапан, ақ шалбар, т.б. 1932 жылы Байзақты «Шынжыр балақ шұбар төс», - деп Кеңес үкіметі қудалап, Ырғызға жер аударған. Байзақ атамыз 1933 жылы балалары Байзақов Ысқақ пен Байзақов Әбдірәсiлдiң ықпалымен Сыр бойына, еліне қайтып оралған. Байзақ бабамыз қонақжай, дархан мінезді кісі екен. Бір уақыттары баласы Дастан әкесіне тоқсан қой алып келсе, Байзақ бабамыз тоқсан қойды бір айда тауысады екен. Үйінен қонақ арылмаған. Осы Байзақтың баласы Ахметбектен туған Нұрадин деген жігіт әскери қатарында жүргенде 1956 жылы Венгриядағы көтеріліс кезінде ерлікпен қаза тапқан. Жерлестері қыршын кеткен жас жауынгердің есімін есте қалдыру үшін аудан орталығы Жосалы қыстағының бір көшесіне Байзақ тегі Нұрадин атын берді.

1882 жылы Уәлі би 84 жасында дүниеден өтеді. Сүйегі – Қорқыт ата қорымына қойылады. 1943 жылы көктемде Уәлі бидің мазары дария толқынына шайылып құлайды. 2003 жылы 17 тамызда Уәлінің мазарының құлаған жері манайына, бидің шөбересі, «Стомед» тіс емдеу емханасының директоры Ысқақов Жәнісбек Ысқақұлы ескерткіш орнатты. Біздер кейінгі ұрпақ, кезінде халық мүддесін қорғап, бір рулы елді сонау Еділ бойынан бастап келіп, әділдігімен ел құрметіне бөленген Уәлі бидің есімін ұмытпауымыз керек.

Әдебиеттер:

1. Ысқақов Қ., Молдахметов Қ. Уәлі би. / Қармақшы таңы. - 03.02.1994.
2. Дерек берген Уәлі бидің баласы Байзақтың келіні, шежіреші Әйімкүл Жүргенбайқызы (1910-1998).
3. Уәлі бидің шөбересі, тарихшы Ысқақов Оразбек (1928-2006) ақсақал әңгімесінен.
4. Қари З. Келменбет батыр. - Алматы, 1998. - 245,246 бб.

5. Қызылорда қаласының тұрғыны Уәлі бидің шөбересі 1940 ж.т. Ысқаков Қанибек ақсақалдың дерегінен.
6. ҚҰЭ. 8 том. Бас редакциясы. - Алматы, 2006. - 652 б.
7. Сыр елі. Қызылорда облысы энциклопедиясы. - Алматы, 2005. - 504 б.
8. Әлиасқаров Ә. - Қазақ шежіресі. – Қызылорда: Принт, 2008. - 110 б.

Резюме

В этой статье рассматривается жизнедеятельность бия Уали, жившего в XIX веке в низовья реки Сырдарья.

Summary

This article considers the life activity of biy Ualy, who lived in the 19-th century in the low part of the Syrdarya river.

ӘОЖ 334.012.34:334

ҰЖЫМДАСТЫРУ ҚАСІРЕТІ

Бодықова Г.С.

(И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық-техникалық колледжі)

Ызалы жүрек, долы қол,
Улы сия, ащы тіл.
Не жазып кетсе жайы сол,
Жек көрсең де өзің біл.

Абай

Қазақ халқының басынан өткен ең бір қасіретті кезең XX ғ. 20-30 жылдары екендігі тарихтан белгілі. Тұтас бір халықтың басына бұлт торлатып ұлтымыздың тағдырын өз уысында ұстаған кеңестік тоталитарлық режим осы жылдары адам құқығын аяқ асты етіп, байларды тәркілеу, көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруаларын зорлап отырықшыландыру және оларды күштеп ұжымдастыру, ауқатты шаруаларды тап ретінде жою сияқты асығыс та үстірт қылмыстық науқандар жүргізу арқылы оларды аштық пен босқыншылыққа ұшыратып, қуғын-сүргін сергелдеңіне салып қойды.

Жалпы, тарих ғылымы мынаны үйретеді: кез-келген мәдениетті халық өзінің ұлттық тәуелсіздігін алып, басқа мемлекеттің саяси ықпалынан босанған сәтте бұрын отаршылдық бұғауында бұрмаланған тарихын қайта қарауға және ұлт тарихының назардан тыс қалған мәселелерін толық қамтып жазу мәселесін жедел қолға алуға ұмтылады.

ВКП (б)-ның XV съезінде И.В.Сталин ұжымдастырудың басты бағыттарын жариялады. Ол: «Шағын және ұсақ шаруа қожалықтары жерді қауымдаса өңдеу негізінде ірі әрі шоғырланған шаруашылықтар нысанына өтуі қажет. Жерді ұжымдаса өңдеуге көшу ғана бізді тығырықтан алып шығады... Мәселе шағын және өте майда шаруа қожалықтарын бірте-бірте сонымен қатар табанды түрде, бірақ ешқандай қысым көрсетпей сендірумен үлгі көрсету арқылы жерді өңдеудің қоғамдық, жолдастық, ұжымдық негізінде ірі шаруашылықтарды біріктіруде болып отыр. Басқа жол жоқ», - деген еді.

1928 жылы 30-тамызда «Қазақстанның көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы аудандарын белгілеу туралы» қаулы қабылданды. Осы қаулы бойынша, отырықшы аудандарға Қазақстанның барлық округінен 25 аудан, ал жартылай көшпелі аудандарға 85, ал көшпелілерге 9 аудан жатқызылады. Барлығы 119 аудан болған. Көшпелі аудандарға Алматы округіндегі Балқаш ауданы, Сырдария округіндегі Қызылқұм, Созақ, Сарысу және Шу аудандары, Қызылорда округіндегі Арал, Қазалы, Аламесек, Қарсақбай аудандары жатқызылды. 1928 жылдың орта шенінде Қазақстандағы колхоздастыру қозғалысы бей-берекет көріністе болды. Көптеген колхоздар ұйымдасып бітпей-ақ тарап жатты, қағаз жүзіндегі жалған колхоздар саны арта түсті. Ұжымдастырудың бастапқы кезеңінде-ақ оған ешқандай дайындық болмаса да, ұжымдастырудың жергілікті жерлерге ұсынылған артельдік

нысанынан аттап өтіп ұжымдастырудың күрделі нысаны коммуналарды құру бағыты басымдық алып кетті.

Ұжымдастыру науқанының барысында ашқтан-ашық қысым жасау әдістері қолданылды. Бірқатар шаруашылықтарда тек себілетін тұқым, жұмыс малы мен машиналар ғана емес әркімнің жеке қолданысындағы заттарына (тігін машинасы, аңшылық мылтықтар, займ облигациялары) дейін күштеп қауымдастырылды. Ауылдар мен деревнядағы жалпы жиындарда «колхозға кімнің кіргісі келеді» деудің орнына астарында зіл бар «ұжымдасуға кім қарсы» деген сұрақ қойылуы етек алды. «Өз еркімен буржуазиялық жеке меншіктен ажырай қойғысы келмеген» шаруаларды тәртіпке шақырудың басқа шаралары қолданылады.

Голощекиннің қанқұйлы «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» ұранымен жүргізілген жергілікті халықтың өмір-тұрмысын, салт-дәстүрлерін естен шығарып, күштеп ұжымдастыру саясатының кесірінен қолдағы барынан айырылған, тоналған «барар жер, басар тауы» қалмаған халық кеңес өкіметіне лағынет айтты, ызаланған шаруалар көтеріліске шықты. Жалпы 1929-1931 жылдары Қазақстанда 372 шаруа көтерілісі болып өтті. Егер 1929 жылы көтерілістер тек жекелеген аудандарда болса, 1930 жылы олар Қазақстанның бірталай жерлерін қамтыған жаппай қозғалысқа айналды. Бірқатар аудандарда көтеріліс қатты болып, аяғы қантөгіске әкеліп соқты. Мысалы, 1930 жылы ақпанда болған Созақ көтерілісі осындай сипатымен ерекше көзге түсті. Көтерілісшілер қасиетті дінді қорғауға, орыстарды қуып жіберуге т.б. үндеді. Оған дәлел, ОГПУ мәліметтерінде көтерілісшілердің рухани тіректері дін болғанын жиі-жиі атап көрсетіледі: «Өлген көтерілісшілерден жазуы бар ақ жалау алынды: «Құдай атынан бастаймын, Құдайдан және оның пайғамбары Мұхаммедтен басқа құдай жоқ, Алла-Алла-Алла». Осы тәріздес құраннан алынған үзінділер көтерілісшілердің бас киімдеріне және жеңдеріне жапсырылған. Ұжымдастыру жылдары шаруалар орасан зор репрессияға ұшырады.

1929-1931 жылдары көтерілістер мен толқулар 80 мыңға жуық адамды қамтыды. Қуғын-сүргінге ұшырап, қорлық көрген адамдардың көпшілігі ата мекенін тастап, енді біразы шетелге өтіп кетті. Тек ОГПУ үштігінің үкімімен 1929-1931 жылдары көтеріліске қатысқаны үшін Қазақстаннан 5551 шару сотталып кетті, олардан 883 адам атылды.

Ұжымдастыру науқанында жаппай көрініс тапқан күштеу және қорқыту ауыл шаруашылығындағы өнімдерін өндіру көрсеткіштерінің күрт төмендеуіне алып келді. Бірінші Бесжылдық жылдарында (1928-1932 жж) Бүкілодақтық тауарлы астық өндірісінде Қазақстанның үлес салмағы 9 % -дан 3 %-ға төмендеп кетті. Ал дәнді егістік алқабы болса 1928-1940 жылдары 1,5 есеге артқан болатын.

1932 жылы желтоқсан айында болған Қазкрайкомның V пленумында И.В.Сталиннің сенімді серігі, оның осы «мақсатқа өзінді де өзгені де аямастан ұмтылу керек» деген қағидасына жеке басының ерекшеліктері мен мінез-құлқы толық сай келетін Ф.И.Голощекин : «Біз тап жауларына қарсы күштеу, зорлық жасау, қатал жазалау әдістерінен бас тарту емес, қайта бұл күресті үдете, жандыра түсуіміз қажет»-деді.

Дәл осындай бағыт-бағдардан кейін, большевиктердің саясаты адамдар құқығын таптаудан бастап қоғамды апатты демографиялық күйреуге ұшыратты. Тарих осылай сыр шертеді. Ендеше өткенді көксей бермей бір сәт тәубаға келіп, оның ащы қасіретінен сабақ алып отырған жөн.

Әдебиеттер:

1. Омарбеков Т.О. Ауылды жаппай кеңестендіру саясаты. // Ақиқат.-1995. - №7.
2. Омарбеков Т.О. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті: А., 1997.
3. Омарбеков Т.О., Қойгелдиев М. Тарих тағылымы не дейді? –Алматы: Ана тілі, 1993.
4. Тәтімов М.Б. Ауылдағы демографиялық ахуал.-Алматы: Қайнар. 1990.

Резюме

Катастрофические последствия сверхфорсированной коллективизации многократно усугублялись административным произволом в ходе так называемого планового оседания кочевых и полукочевых хозяйств. Массовое оседание кочевых и полукочевых хозяйств было задумано в тесной увязке с коллективизацией.

Summary

Catastrophical disastrous aftereffects in addition to forced collectivization repeatedly, manytimes over and over again. Aggravate worsen administrative arbitrary rule lawless nets motif run home give one, systematic planned settlement subsidence

ҚАЗАҚСТАННЫҢ СОЛТҮСТІК ӨңІРІНДЕГІ АДАМ ЕСІМІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ГИДРОНИМДЕРДІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Жаманова Г.Е. (Қорқыт Ата атындағы ҚМУ)

Елбасы Н.Назарбаев жер-су аттарының тарихилығы мен көнелігіне ерекше мән беріп, оны зерттеудің бүгінгі мемлекетіміздің саяси стратегиясы үшін де зор маңызы бар екендігін: "Әрбір азамат тарих қойнауына тереңдеу арқылы өзінің ата-бабалары қалдырған осындай кең байтақ жердің лайықты мұрагері болуға ұмтылсын" [1] деп атап көрсетті. Сондықтан Қазақстан территориясының жер-су атауларын зерттеу қазақ тіл білімін тың деректермен толықтырса, екінші жағынан, ұлттық таным мен тілдік құбылыс арасындағы байланыс, ұлттық сананың дамуындағы жер-су атауларының рөлі секілді мәселелерді шешуге бағытталады.

Қазақ топонимияның қалыптасуына В.Никонов, Э.Мурзаев, А.Суперанская, О.Молчанова, қазақ ономастары А.Әбдірахманов, Ә.Қайдари, Т.Жанұзақов, Е.Қойшыбаев, Ғ.Қоңқашпаев, Ә.Нұрмағамбетов, О.Сұлтаньяев, В.Попова, Е.Керімбаев, К.Нұрмухамедов сынды ғалымдардың еңбегі сіңді. Қазақстанның Орталық, Батыс, Шығыс, Оңтүстік аймақтарының жер-су атаулары ономастикалық тұрғыдан зерттелуде. Атап өтсек, Көкшетау — О. Сұлтаньяев, Қостанай — Б. Бектасова, Қарағанды — А.Жартыбаев, Қызылорда — К. Сембиев, Павлодар — В. Попова, Шығыс Қазақстан — Г. Мәдиева, Оңтүстік Қазақстан - Қ. Рысбергенова, Б.Тілеубердиев, Атырау — М.Қожанов, Өр Алтай өлкесі — Б.Бияров, т.б.

Қазіргі кезде жер-су, елді мекен аттарының мағынасын, пайда болу, қалыптасу, орнығу және дұрыс жазылып, айтылу заңдылықтарын зерттейтін топонимика ғылымы кең құлаш жайып келеді. Ұлттық топонимика мәдениеттің ажырамас бөлігі, халықтың тарихи жадының маңызды буыны ретінде жан-жақты ғылыми тұрғыда ой елегінен өткізіп, саралауды, тұжырымдар жасауды талап етуде. Соңғы кездері қазақ тіл білімінде топонимикалық, соның ішінде гидронимиялық зерттеулер кең өріс алды.

Солтүстік өңір гидронимдерінің семантикалық типологиясы ірі үш топқа бөлу арқылы іске асады. Топонимиядағы адам іс- әрекетінің рөлін және объектінің сын-сипатын ескеріп, атауларды субъектімен байланысты, нақты белгілі бір объектіге қатысты және объектінің сынын көрсететін гидронимдер деп бөлінеді.

Семантикалық классификацияның ең ұсақ бірлігі нақты номинациялық сипат , яғни семантикалық модель болып саналады. Берілген үш негізгі топқа әртүрлі семантикалық модельдер кіреді де, олардың көбі семантикалық типтер құрамында болады. Бірінші топқа алдымен адам есімі негізінде қалыптасқан топонимдер жатады. Жергілікті тұрғындардың басқа этностармен қарым-қатынасының белгісі этнотопонимдерді және адамның қоғамдағы әлеуметтік орнына сілтеме жасайтын атауларды осы топқа енгізген жөн. Екінші топ өз семантикасында басқа объектіге қатысын білдіретін атауларды қамтиды. Үшінші топ семантикасында объектінің сын-сипаты, қасиеті берілетін топонимдерден құралады. Бұның құрамына алуан түрлі атаулар кіреді (судың сипаты, өсімдік және жан-жануарлар дүниесі, формасы және т.б.). Бұл топқа топоним ретінде қолданылатын географиялық терминдер де енеді. [2].

Осы мақалада біз бірінші топқа жататын, яғни адам есімімен қалыптасқан гидронимдерді қарастырмақпыз. Әдетте, адам есімінің қатысы арқылы жасалған атаулар көбірек кездеседі. Т.Жанұзақов жеке есімнің географиялық атауларға ауысуын, керісінше географиялық атаулардың жалқы есімге ауысуын және жеке есімнің ру атына немесе ру атының жеке есімге айналуын қазақ атауларындағы жиі кездесетін құбылыс деп көрсетеді [3]. Сонымен қатар қазақ есімдері басқа Орта Азия халықтарының есімдері сияқты табиғатпен, өсімдік, жан-жануар әлемімен, күн, ай, аспан, нөсер, өзен, көл, тау сияқты табиғи құбылыстармен, ата-баба рухымен, тұрғылықты жер бедері т.б. ерекшеліктерімен тығыз байланыста қойылады. Себебі, бұл жалпы зат есімдер антропоним жасауда белсенді қызмет атқарады. Жылға, бұлақ, сай,шағын өзен, томар, құдық, сор атауларын сол жерді қоныстаған, құдықты қазған адамдар есімімен байланыстыру заңды құбылыс.

Қазақ топонимиясына зор үлес қосқан О.Сұлтаньяев адам аттары әр түрлі объектілер атауы, соның ішінде кішігірім су объектілері өзен, көлшіктер, құдықтар адам атымен байланысты болады дейді. Ал Кереку (Павлодар) өңірінің гидронимдері жан-жақты зерттеп, екі томдық сөздік жариялаған В.Попова өз еңбектерінде антропотопонимдерді жеке класс ретінде бөліп, олардың негізінен ойконим және микрогидроним еншісіне кіретінін айтады.

Өңір гидронимдері құрамында кездесетін антропонимдер семантикасы әр алуан. Атаулар тіпті қайталанбайды деуге болады. Тек кейбір атаулар ғана 2 реттен кездеседі: Сарман, Көкбай, Естай, Жангелді, т.б. антропонимдері. Олар Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарында көл, томар, сор терминдерімен қатар келеді: мәселен, Сарманкөлі - Қостанай, Ақмола облыстарында, Жангелдісор, Жангелді өзені атауларында Солтүстік Қазақстан және Қостанай облыстарында, Көкбайсор — Ақмола облысында. Сол себепті бұл жағдайда семантикалық типология әдісін қолдану қиындығы туады. Қарастырып отырған аймақта мынандай антропогидронимдер кездеседі: Қалибек көлі, Оразсор көлі (Ақмола обл.), Олжабай көлі, Естай көлі (Солт.Қаз.обл.), Есентемір көлі (Қост.обл.) т.б. Жиналған топонимдер негізінен түркі (қазақ), араб тектес ұлт өкілдері есімдерінен және кейбір атаулар болмаса, (Зәуре көлі, Танымбике көлі - Қост.обл.) басым көпшілігі ер адамдар есімдерінен құралған. Мысалы, Асансор көлі, Оспантомар көлі, Есен көлі (Қост.обл.), Дәулет көлі, Дархан бұлағы, Алтайсор көлі (Ақм.обл.), Ақжал көлі, Жақсыбай сору, Құндыбай көлі (Солт.Қаз.обл.). Араб есімдеріне қатысты атаулар деп тереңге, антропонимдер семантикасына көп бармай, тек құрамында дінге, құдайға сенушілікке байланысты сөздер бар гидронимдерді алдық. Мысалы: **Қожа** көлі (Қост.обл.), **Асанқожа** көлі, **Құдайберген** көлі (Ақм.обл.) т.б.. Гидронимдер құрамындағы ер адамдар есімдерінің басымдылығы тарихи тұрғыдан түсіндіріледі; қазақ отбасының иесі ер адам мал тауып, күрделі саяси, әлеуметтік мәселелерді шешіп, ошақ қасынан тыс жұмыстарды атқарған. Ал әйел адам үй шаруасымен, бала тәрбиесімен айналысып, сыртқы мәселелерге қатыспағандықтан, гидроатаулар құрамында әйел есімдері көп емес. **Зәуре, Танымбике, Жаңыл, Жадыра** аттары көл, сор объектілеріне атау болып, Қостанай облысында ұшырасады [4].

Құрамы жағынан антропогидронимдер жәй, күрделі болып келеді. Жәй гидронимдер деп тек адам есімінен, - бек, - хан, - тай жалпы есімдерінсіз, географиялық терминсіз қолданылған атауларды атаймыз. Мысалы: **Есет** көлі (Қост.обл.), **Есен** көлі (Ақм.обл.), **Ораз** көлі (Қост.обл.) т.б.

Күрделі гидронимдер қатарына құрамында — бек, - бай (пай), - тай, -жан, - хан сияқты жалпы есімдер бар және географиялық термині қатар қолданылатын атауларды жатқыздық. Біздің байқағанымыз, бұл қосымшалар арасында — бай (пай) жұрнағы өте жиі қолданылып, қазақ антропонимдерін жасауға белсенді қатысады. Бұл жұрнақ өңірдегі адам есіміне қатысты гидроатаулар құрамында 85 рет кездеседі (**Алшымбай** көлі, **Бисембай** көлі, **Болымбай** көлі, **Дүйсенбай** көлі (Қост.обл.); **Құндыбай** көлі, **Олжабай** көлі, **Тұлымбай** көлі (Солт.Қаз.обл.)). Сонымен бірге **Байбота, Байғожа** сияқты көл атауларындағы сөз басында тұрған бай элементі 12 рет тіркелген. Антропонимдер жұмыстың зерттеу объектісі болмағандықтан, тек қана бай есім сөзі қазақ есімдеріне тән универсалды модель қызметінде тұр ма деген пікір айтамыз. Балаға есім бергенде "бай болсын" деген наным басты номинация сыны болып тұрған сияқты. Ойымызды әрі дамытсақ, - тай есім сөзі антропоним құрамында (гидронимдерге қатысқан) 14 рет, -бек —10 рет, - жан-6 рет қолданылған. Ал — хан атау құрамында тұрып гидроним жасауға қатысқан атауды кездеспейді. Осы қатарға құрамында етістігі бар атаулар да жатады, мысалы: **Алтайқайтқан** көлі (Қост.обл.), **Әміре өлген** сору - Ақм.обл., т.б. Етістікті гидронимдер көбіне микротопонимдер қатарында жиі қолданылады.

Адамның қоғамдағы әлеуметтік орнына қатысты қойылған гидронимдерді осы топ аясында қарастыруды дұрыс деп санаймыз. Ақсақалкопа, Мырзакөл, Бәйбіше көлі, Тоқалсор сынды атаулар семантикасында субъектімен байланысты білдіретін номинация сыны бар. Әуелде бұл атаулар кісі есімімен қатар қолданылып, кейін тілдік үнемдеу заңының әсерінен есімнің түсіп қалуы ықтимал. Мұндай атаулар ішінде жиі қайталанатын "**тоқал**" моделі сор терминімен тіркесіп 4 рет ұшырасады, мысалы Тоқалсор көлі Қостанай облысында 3 рет және Ақмола облысында тіркелген. Атауда көл маңайына қонған ауыл (тоқалдың ауылы) негіз болып тұр. "**Хан**" моделі 2 рет Ақмола облысы, Щучье ауданында Хан көлі атауларында қолданылған. Сонымен бірге Төрөкөлі, Мырза көлі (Ақм.обл.), Бәйбіше көлі, Ақсақалкөлі, Қарақатын көлі (Қост.обл.), Ерқатын көлі, Балуан көлі (Солт.Қаз.обл.) сияқты атаулар кездеседі.

Жоғарыда аталып кеткендей **сор** термині 19 рет ұшырасады. Оның таралу ареалы Қазақстанның солтүстік өңірінен әлде қайда кеңірек. Оған республика территориясынан тыс жерлерде кездесуі, басқа түркі тілдеріндегі түсіндірмесінің қазақ тіліндегі семантикасымен аттас келуі дәлел бола алады. Солтүстік өңірде Сор топонимі "тұзды сортаң жер" және "жазда түгелімен немесе жартылай кеуіп қалатын, түбі былкылдақ сазды, тұзды тартпа көл" мағынасында қолданылады. Орта Азияда бұл термин дәл осы мағынасында, бірақ "шор" формасында айтылады. В.Радловтың сөздігінде ұйғыр, осман, алтай т.б. түрік тілдерінде "сор" формасын "сору, сорып алу" етістігімен байланыстырады. Екінші мағынасы қазақ және басқа оңтүстік түрік тілдері үшін "шор" формасы "сортаң тұзды жер" мағынасында беріледі [5]. В.Попованың ойынша, Солтүстік Қазақстандағы және ханты территориясындағы "сор" сөзі семантикасы жағынан бір-біріне дәлме-дәл келеді [6]. Сор терминінің

жиі кездесуі өңірдің физика-географиялық ерекшелігіне, ағын суы аз болғандықтан, көлдердің тұздануымен, сортаңға, түбі тартпа көлге айналуымен байланысты. Сонымен бірге сортаңды жерлерді танып ажырата білу тұрғындар үшін аса қажет. Мұндай сор жерлер малға қауіпті екенімен қатар, күзде шүйгін шөпті болып малға жақсы корек болады деген ақпарат берумен де байланысты.

Сонымен Қазақстанның солтүстік өңіріндегі адам есіміне байланысты гидронимдердің мағыналық сипаты әр алуан болып келген

Әдебиеттер:

1 Назарбаев Н. Ә. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы: «Қазақстан-2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы». Қазақстан-2030. -Алматы: Юрист, 2003. -131-б.

2 Бекенова Г.Ш. Қазақстанның солтүстік өңірі гидронимдері. Канд. Дисс. 34-35б.

3 Жанұзақов Т.Ж. Автореферат на соискание канд. наук. - А., 1961. -22 б.

4 Филоненко П.П., Омаров Т.Р. Озера Северного, Западного и Восточного Казахстана (справочник). Гидрометеиздат. — Л., 1974. - 136 с.

5 Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. - СПб., 1911, Т.4, ч.1, - 938 б.

6 Попова В.Н. Структурная и семантическая классификация наименований казахских озер Павлодарской области. "Филологический сборник", вып. 5, — А., 1966, — С. 161.

Резюме

В этой статье рассматривается семантический анализ гидронимов, связанных с именем человека в Северных регионах Казахстана.

Summary

The article deals with the semantic analysis of hydronyms related to the human names in northern parts of Kazakhstan.

ӘОЖ 378.001.891(574):006.033

ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ ВЫСШЕЙ ШКОЛЫ РК В УСЛОВИЯХ ПЕРЕХОДА НА ЕВРОПЕЙСКИЕ СТАНДАРТЫ

Караманова М.С. (КГУ имени Коркыт Ата)

С начала обретения независимости процесс реформирования системы образования в Казахстане прошел через определенные этапы: была заложена законодательная база, Принят Закон об Образовании, Концепция развития системы образования в Республике Казахстан до 2015 года, определена национальная модель образования, осуществлен переход на трехуровневую систему высшего образования, организован образовательный процесс на основе кредитной технологии обучения в вузах, намечены и осуществляются интеграционные пути в мировое образовательное пространство.

Разработаны и начато внедрение системы зачетных баллов по кредитной технологии по типу европейской системы перевода кредитов (ECTS).

12 марта 2010 года состоялось историческое событие – Казахстан 47-ой страной по счету на форуме министров – участник Болонского процесса подписал Болонскую декларацию.

Это означает официальное признание соответствия системы высшего образования Казахстана европейским стандартам.

Главной целью вхождения Казахстана в мировое образовательное пространство – добиться соответствия высшего образования страны международным стандартам.

Присоединение к Болонскому процессу означает признание квалификаций, уровней, академических степеней, конвертируемость казахстанских дипломов о высшем образовании в государствах Европы, право выпускников на трудоустройство в любой стране, обеспечение мобильности студентов и преподавателей, реализацию программ двудипломного образования [1].

Все эти кардинальные изменения в системе высшего образования республики Казахстан осуществляются в соответствии с теми стратегическими задачами по развитию страны в целом, в том числе и в области образования, которые определил Президент страны в Стратегии развития Казахстана

– 2030 «Прцветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев» в качестве долгосрочного приоритета [2].

От интеллектуального потенциала общества зависит экономическое, политическое, социальное, культурное развитие страны в целом. Не может быть развитого государства без развитого образования – это аксиома.

Сегодня развитие высшей школы стало приоритетной стратегической задачей обеспечения научно-технической и социально-экономической мощи государства, которая предполагает дальнейшее развитие национальной модели образования, обновление ее содержания и качества образования на всех ее уровнях, внедрения информационных технологий на основе широкого использования инноваций в образовании и науке.

В актовй лекции перед студентами и преподавателями Казахского национального университета имени Аль Фараби президент страны отметил «Наша задача – изменить отношение казахстанцев, и в первую очередь молодежи, к образованию, к интеллекту, служению Родине и народу. Необходимо создать ядро национального интеллекта, сообщество эрудированных людей, способных конкурировать на международном уровне» [3].

Все это отражено в проекте «Интеллектуальная нация – 2020», в основе которого лежат три аспекта:

- прорыв в развитии системы образования Казахстана;
- развитие науки и повышение научного потенциала страны как основы инновационной экономики;
- развитие системы инноваций.

В ближайшие пять лет Казахстан планирует создать национальную инновационную систему, которая к 2020 году должна дать результаты в виде разработок, патентов и готовых технологий, внедряемых в стране. Главой государства в послании народу Казахстана поставлена задача вхождения отечественных вузов в рейтинги ведущих университетов мира. На пути к достижению этой цели сделано немало.

За последние десять лет расходы государства на образование увеличились с 85 млрд. до 710 млрд тенге.

Но самой важной задачей, как отмечено в Послании главы государства, является качество в сфере образования, которая является многогранной концепцией, охватывает все его функции и виды деятельности.

«Качество высшего образования должно отвечать самым высоким международным требованиям», подчеркнуто в Послании [4].

Проблема качества высшего образования тесно связана с тем, что запросы рынка к уровню знаний специалистов возрастают быстрее, чем изменяются учебные программы. Поэтому повышается ответственность сферы образования за ее качество, содержание, способность работать в области высоких технологий. Качество образовательных услуг на основе совершенствования образовательных технологий и качество образованности студентов являются прямым результатом компетентности, опыта, практики педагогического мастерства современного преподавателя.

Деятельность преподавателя высшей школы носит комплексный характер – включает в себя учебную, методическую, научно-исследовательскую, воспитательную, творческую, инновационную работу.

Сегодня в отечественных вузах должны работать высокоинтеллектуальные специалисты, нравственная позиция которых должна соответствовать принципам высокой морали, духовности, национального самосознания и патриотизма. Без переориентации мышления и деятельности самого преподавателя на современные требования образовательного процесса невозможна реализация задач по повышению качества высшего образования.

Сегодня преподаватель как никогда ответственен за формирование личности студента как будущего специалиста, который не затеряется в условиях современного динамичного мира. Поэтому процесс обучения студенческой молодежи должен обеспечивать непрерывное овладение профессией, постоянное развитие знаний, содержания и структуры профессиональной деятельности, привитие способности самостоятельного добывания знаний, основанного на творческом мышлении и дальнейшего самообразования.

Образование сегодня стало мотивационным фактором. По данным социологических исследований можно говорить о культе высшего образования среди молодежи. Необходимо чтобы студенческая молодежь не испытала разочарования, неудовлетворенности от предлагаемых образовательных услуг. Со стороны государства осуществляются огромные усилия по обеспечению

качественного прорыва в системе образования на всех его этапах: дошкольном, школьном, профессионально-техническом, высшем.

Реализуется важнейший инфраструктурный проект «100 школ, 100 больниц», уже построено свыше 650 школ. По международной стипендиальной программе «Болашак» подготовлено около двух тысяч специалистов международного уровня. Начата реализация крупных инновационных проектов в сфере образования – открытие интеллектуальных школ, «Нового университета Астаны» им. Н.А.Назарбаева, «Назарбаев фонд», которые должны стать флагманами отечественной системы образования, осуществляющих обучение на принципах интеграции образования, науки и производства.

Система высшей школы должна соответствовать меняющейся структуре экономики, социальных, политических, культурных отношений в обществе.

Осуществление качественного прорыва в образовании будет залогом обеспечения прорыва в экономике страны в целом.

Сегодня вузы страны должны не просто готовить специалистов, а концентрировать интеллектуальные ресурсы страны, сформировать новую генерацию казахстанцев способных достойно соответствовать современным требованиям и конкурировать на мировом уровне.

Литература:

1. Болонский процесс. Зона Европейского высшего образования. Совместное заявление европейских министров образования. г.Болонья, 19 июня 1999г.//Высшая школа Казахстана, №1, 2004
2. Назарбаев Н.А. «Казахстан – 2030». - Алматы, 1997.
3. Назарбаев Н.А. «Казахстан в посткризисном мире: интеллектуальный прорыв в будущее». - Алматы, 2009.
4. Назарбаев Н.А. «Новое десятилетие – новый экономический подъем – новые возможности Казахстана». - Алматы, 2010.

Резюме

Мақалада қазіргі таңда жоғары оқу орындарындағы өзекті мәселелердің бірі қаралып отыр.

2010 жылы Қазақстан Болон процесіне қосылуына байланысты жоғары оқу орындарында кредиттік жүйе бойынша еуропалық стандарттарға кредиттерді ауыстыру жұмыстары басталды. Сонымен қатар мақалада алдағы уақытта Қазақстанның білім саласындағы үлкен мақсаттар тұрғаны айтылып кеткен.

Resume

Basic on places of what on today's a day high educational in the article, questions first examined.

Associate 2010 year added Kazakhstan Болон процесіне, on places of that, what high educational, according to to the credit еуропалық will standardize to the system, works of that, what changes what is credits, began. And also, that in the article in being ahead of time stood large aims in industry of knowledge Kazakhstan, talked.

ӘОЖ 316.346.2-055.2:297

ГЕНДЕР ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ИСЛАМДАҒЫ ӘЙЕЛДІҢ ОРНЫ

Таңат А.С., Өтесова Г.Е.

(Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті)

Әйелдер мен ерлер арасындағы айырмашылық күрделі сипатқа ие. Қоғамда әйелдер мен ерлердің мәртебесі үнемі өзгеріп тұрады және бұл үрдіс сақталып қалады.

Теңсіздік теориясын зерттемес бұрын «гендер» ұғымына тоқталу қажет.

Феминистік әдебиеттерде гендер ұғымының бірнеше концепциялары бар. Бұл гендерлік түсініктің, жалпы ұғымның кеш қалыптасуына байланысты болуы мүмкін. Олардың барлығының негізі жыныс (sex) пен гендер (gender) түсінігін ажыратудан басталады. Жыныс – бұл адамдардың анатомиялық-биологиялық ерекшеліктерін анықтайтын ұғым, яғни оның негізінде адамдарды еркек және әйел деп бөледі. Гендер – бұл өте күрделі әлеуметтік – мәдени құрылым, яғни қоғам қалыптастыратын еркектер мен әйелдер арасындағы ролдер, іс-әрекеттер, мінез-құлықтар, менталдық, сезімдік сипаттамалар.

Осы жүйенің шеңберінде гендер ұғымы еркектер мен әйелдер арасындағы тұлғаралық байланысты, отбасындағы өзара іс - әрекетті ғана емес, қоғамның негізгі құрылымдары салаларындағы

олардың әлеуметтік қатынастарын анықтайтын әлеуметтік байланыстардың ұйымдасқан үлгісі болып табылады. Осылайша гендер басқа да әлеуметтік – демографиялық және мәдени сипаттамаларымен (нәсіл, тап, жас) қатар әлеуметтік жүйені құрайтын қоғамның әлеуметтік құрылымының негізгі өлшемдерінің бірі болып табылады.

Гендер әлеуметтенудің, еңбек бөлінісінің және қоғамда қалыптасқан белгілі бір мәдени нормалар, рольдер, стереотиптердің белгілі бір жүйесі арқылы қалыптасады. Қоғамда қабылданған гендерлік нормалар белгілі бір тұрғыда адамдардың биологиялық жынысына қарай психологиялық сапасын, мүмкіндіктерін, іс-әрекетін, мамандығын анықтайды. Гендер түсінігі зат немесе нәрсені емес, қатынастар мен процестердің комплексті қиылысуын көрсетеді. Феминдік пен маскулиндік түсінігі гендер ұғымын зерттеу барысында кең қолданыла бастады. Гендер (gender) 1. Еркек пен әйелдің анатомиялық жынысына қарай бөлінуі. 2. Анатомиялық жынысына қарай әлеуметтік бөлу.

Антропологтар, мысалы Маргарет Мид, [1] психологтар мен әлеуметтанушылар гендерді биологиялық емес, әлеуметтік деп көрсетіп, мәдениет пен тарихқа қатыстылығын дәлелдеді. Оның мәні, араласуы, көрінуі іштей және мәдениеттер арасында өзгереді. Тап, жас, нәсіл, этнос – сияқты әлеуметтік таптар гендердің көрінуі және тәжірибесі болып табылады. Гендерлік теңдік – бұл әйелдер мен еркектер арасындағы ұқсастық пен айырмашылықтарға қоғамның тең беретін бағасы.

Еркектер мен әйелдер арасындағы теңдіктің мәнін түсіну үшін ең алдымен мынадай екі құрылымның маңызы зор:

1. жыныстың әлеуметтік құрылымы (әйелдік және еркектік)
2. жыныстар арасындағы қарым - қатынас

Саясат пен қоғамдық-саяси құрылым өмір жағдайын үйлестіруде басты орын алады. Осылайша екі жыныстың да мәртебесінің сақталуы мен өңделуіне жағдай жасайды.

Гендерлік әділеттілік – бұл әйелдер мен еркектерге деген бірдей көзқарас, яғни олардың бірдей позицияны ұстауға кедергі келтіретін тарихи және әлеуметтік себептерді жоюға бағытталған арнайы шараларды жүзеге асыру. Сонымен қатар барлық әйелдер мен барлық еркектер бірдей емес, яғни, әлеуметтік стратификация әйелдер социумының ішінде еркектер мен әйелдер арасындағы айырмашылыққа қарағанда тереңдеу болуы мүмкін [2]. Көптеген уақыттар бойы стратификацияны зерттеушілер жыныстық әрурліліктің ролін дұрыс түсінбей келді. Авторлар өз еңбектерінде әйелдерді тіпті болмағандай немесе билік, байлық, атақ-даңққа бөленудегі әйелдердің ролін жоққа шығарды. Бірақ гендер стратификацияның ең жарқын мысалы болып табылады.

Қазіргі гендер мен стратификацияны зерттеушілердің алдындағы басты мәселелердің бірі таптық бөлінуде гендерлік айырмашылық қалай түсіндіріледі? Гендерлік айырмашылықтың терең тарихи тамыры бар: еркектер ежелгі аңшылар мен терімшілер кезінде, яғни тапсыздық қоғамында да алдыңғы орында болды [3].

Әйелдердің «жеке өмірін» шектелген салада көрсету орын алған, олардың үлесі – отбасы, үй және балалар. Бір жағынан еркектер көп жағдайда «қоғамдық өмірге» араласады деген түсінік бар. Олардың саласы – еңбек ету, өндіріс, саясат. Көптеген әйелдер толық емес еңбек күнін иеленеді және бала күтіміне байланысты ұзақ уақытқа еңбектен қол үзіп қалады. Сонымен қатар көптеген әйелдер күйеуіне экономикалық тәуелділікте болады да, оның таптық жағдайы күйеуінің таптық жағдайымен анықталады [4].

Бірақ мұндай пікірлер мынадай бағыттардағы сыни пікірлерге ұшырауы мүмкін:

1. көптеген отбасыларда әйелдердің жалақысы отбасындағы экономикалық тұрақтылықты сақтауға біршама үлес қосады;
2. әйелдің еңбек етуі күйеуінің жағдайына немесе керісінше ықпал етуі мүмкін. Әйелдердің күйеулерінен көптеу табыс табуы сирек жағдай, сондықтан әйелдің жұмысы күйеуінің таптық жағдайын сипаттауда «жетекші» фактор болуы мүмкін;
3. Асыраушысы тек қана әйел болып табылатын отбасылар саны арта түсуде. Алимент есебінен әйел өзінің экономикалық жағдайын бұрынғы күйеуінің табысымен теңестіре алады [5].

Көптеген отбасыларда адамдар таптық позицияларды ішкі отбасылық қатынастарға енгізуге тырысады. Қазақстан Республикасындағы гендерлік саясат стратегиясы 2005-2015 жылдарға арналған «Әйелдер мен еркектер арасындағы құқықтар мен мүмкіндіктердің теңдігі – саналанған қажеттілік» атты бағдарламада нақты көрсетілді. Стратегия бағдарламасында гендерлік ұғымның түсінігі, мәні, мақсаты, жағдайды талқылау, басым бағыттары мен әлсіз тұстары, мүмкіндіктері көрсетілген және саяси өмірдегі, экономикалық өмірдегі, қоғамдық өмірдегі гендерлік теңдікке жету жолдарының стратегиясын көрсеткен.

Еркектер мен әйелдердің мүмкіндіктерін қамтамасыз етуде мемлекет басшысының Жарлығымен 1998 жылы Қазақстан Республикасы жанынан отбасы және әйелдер мәселесі жөніндегі

Ұлттық комиссия құрылды. 1999 жылы Үкімет Қазақстан Республикасындағы әйелдердің жағдайын жақсарту мақсатында Ұлттық жоспар құрды. Бүгінгі таңда оның 80 пайызы орындалған. Қазақстан әйелдерінің 4 форумында ел Басшысы мемлекеттің өркендеуі әйелдердің қатысынсыз мүмкін еместігін атап өтіп, мынадай міндеттер жүктеді:

- 2005-2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы гендерлік теңдіктің стратегиясын дайындау;

- Бұл шешімді қабылдауда әйел қауымының үлес салмағының көп болуына баса назар аудару қажеттігі;

- Гендерлік теңдікті қамтамасыз ететін құрылымдар мен заңнамаларды жетілдіру және «Еркектер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктері» атты заңды тездету;

- әйелдердің экономикалық өмірге белсене араласуына жағдай жасау; әйелдердің құқықтық, әлеуметтік кепілдігін арттыру мен ана мен бала денсаулығын жақсарту мақсатында шаралар ұйымдастыру;

- адамгершілік құндылықтарды жетілдіру;

Қазақстан адам құқықтары жөніндегі 60 халықаралық ұйымдарға қатысушы болып табылады. Солардың арасында әйелдерге қатысты қысымның барлық түрлерін жою туралы Конвенция да бар.(СИДО)

Әйелдердің азаматтық белсенділігінің артуымен әйелдердің үкіметтік емес ұйымдары көбеюде. Парламентте «Отбасы» депутаттық тобы құрылды.

Жоғарыда аталғанның барлығы да әйелдердің қазіргі таңдағы қоғамдағы орнын сипаттады. Ал исламдағы, яғни мұсылман дініндегі әйел мен еркектің арасында теңдік болды ма әлде басқаша көзқарас болды ма деген мәселеде бірнеше қарама – қарсы пікірлер бар [6].

Ислам пайда болғанға дейін әйелдердің өмірі өте ауыр жағдайда болған. Әйелдің ешқандай құқы болмады және оның пікірімен ешкім санаспады. Ислам осы жағдайдан азат етіп, өзін тең құқылы адам ретінде сезінуге жағдай жасап, бүкіл күнәдан арылтты. Адам Ата мен Хауа Ананы жолдан тайдырған шайтанды ислам жазғырады. «Шайтанның азғыруымен олар (Адам мен Хауа) күнә жасады, сондықтан оларды жұмактан қуып жіберді» («Әл- Бақара» сүресі, аят 36).

Ислам барлық адамдар, яғни әйелдер мен еркектер бір жаннан пайда болған. Алла Тағала «О, Адамдар! Сендерді бір жаннан пайда қылған Құдайдан қорқыңдар» («ан-Нисса» сүресі (Әйелдер), аят 1). Яғни, еркектер мен әйелдердің адам ретінде тең құқықты екендіктерін айтады.

Әйелдер мен ерлердің арақатынасын сипаттағанда ғ.с.с. Пайғамбар олардың екеуінің де Алланың алдында тең екенін атап көрсетеді. Исламда әйел еркектен экономикалық жағынан тәуелсіз болды, яғни толық еркіндікке ие болды және өз мүлкіне құқы болды. Оның күйеуі немесе басқа да ағайындары оның рұқсатынсыз мүлкіне тиіспейтін болған. Еркек әйелді (тіпті оның әкесі болса да) сүймейтін кісіге еріксіз қоса алмайды.

Исламға дейін әйелдер мұрагерлікке қандай да бір құқы болмады. Бірақ ислам тек еркектер ғана мұрагерлікке ие болуы керек, себебі олар жаулармен соғысады деген түсініктегі арабтардың наразылығына қарамастан, әйелдерге мұрагерлік теңдік берді. Ислам көптеген жағдайларда екі әйелдің үлесіне тең үлесті еркекке берген. Ол Қасиетті Құранның «Алла сіздердің балаларыңызға қатысты: ұлдарыңызға екі қыздың үлесіне тең үлес бөледі» деп көрсетіледі («ан – Ниса сүресі» (Әйелдер), аят 11).

Ислам еркекті өз отбасының мүшелері мен әйелін қамтамасыз етуді міндеттейді. Сонымен қатар ол әйелдің өз мүлкін басқалары үшін шығындауын міндеттемейді. Әйелі бай болса да күйеуі оны асырап бағуы қажет болатын. Исламда ер адамның куәгерлігі екі әйелдің куәгерлігімен барлық жағдайда бірдей болмайды. Кейбір мәселелерде әйелдердің ғана куәгерлігі қабылданып, еркектің куәгерлігі қабылданбады. Көптеген ислам ғалымдары әйелдің қоғамдық жұмыстағы роліне прогрессивті деңгейде қарады. Егер де әйелдің қоғамдық жұмысы оның үйдегі балалары, күйеуі, отбасы алдындағы міндеттеріне кедергі келтірмесе, ислам әйелдерге мемлекеттегі жоғары орындарға отыруына тыйым салмайды. Себебі, отбасы – қоғамның ядросы. Егер де ол бұзылатын болса, қоғам да бұзылады деген түсінік болды.

Исламдағы әйел хиджабы жалпы алғанда оның сыртқы бет-бейнесін бөтен ер адамнан қорғау мақсатында қабылданған киім үлгісі. Хиджаб – бетін немесе қолын жабу емес. Бұл исламның үйретуі емес, кейбір қоғамдардағы қалыптасқан салт-дәстүрлермен байланысты болып табылатын үлгі. Мысалы, христиан дініндегі тақуа әйелдердің денесін, шашын, беті мен қолының ұштарын жауып жүруі исламдағы хиджабқа ұқсас. Еуропа әйелдері жиырмамыншы ғасырдың басына дейін көп жағдайда шаштарын жауып, ұзын киім киіп жүрді және оны ешкім де жазғырмады. Бірақ батыстағы сән дамып, қазіргі жағдайға дейін дамыды.

Ислам әйелдің білім алуға құқын жоққа шығармайды, керісінше еркектермен қатар әйелдердің білім алуын міндеттейді. Пайғамбардың хадистерінде «Білім алу- әрбір мұсылман еркек пен мұсылман әйелдің міндеті» (бұл хадисті Ибн Маджа «Кіріспеді» келтірген). Әрбір ұлттың өзіндік сипаты, салт-дәстүрі бар. Осылардың барлығы ұлттың мәдениетін, өркениетін, діни сенімін көрсетеді. Алла адамдарды бір-бірінен ереше етіп жаратты. Ислам көп әйел алушылыққа рұқсат еткен алғашқы дін емес және оны ойлап тапқан жоқ. Керісінше, ислам – некені қалыптастырып, көп әйел алушылықты қатаң шектеген алғашқы діндердің бірі. Ол әйелдердің санын шектеді, Қасиетті Құранда «Өздеріне ұнаған екі, үш, төрт әйелге үйленіңдер» («ан Ниса сүресі (Әйелдер), аят 3). Әйелдермен қандай да бір қатынас түрлері тең дәрежеде болуы тиіс [7].

Әйелдердің мәртебесінің біршама жақсарғанына қарамастан бұл прогреске кедергі болатын біраз себептердің бар екеніне көз жеткіздік. Бұл әрекеттер өз биліктері мен байлығын, мүдделерін сақтап қалуға тырысатын ерлердің әйелдерді белсенді дискриминацияға ұшыратуымен түсіндіруге болады. Біздің көптеген әлеуметтік мәдени ортамызда ерлер мен әйелдер арасындағы теңсіздік терең сақталып қалды. Бұл бағыттағы сапарды ары қарай жалғастыру үшін Н.Смелзер келтірген түрлі деңгейдегі бірнеше әрекеттер жасауға болады:

- әйелдің бағыныштылық жағдайын өзгертуде әлеуметтендірудің үлгілерін өзгерту;
- Ер – әкелердің отбасылық міндеттерге қатынасын өзгерту, балаларды бірге тәрбиелеуге дайындау;
- мекемелер мен жұмыс орындарындағы еңбек ету мен оқу бағдарламасының кестелерін тез арада шешілуі тиіс отбасылық мәселелермен қатар алып жүруге ыңғайлы жағдайда құру т.б.

Әдебиеттер:

1. Смелзер Н. Социология. - М., 1994.
2. Жан Бодрийяр. Система вещей. - М., 1997.
3. Мид Маргарет. Культура и мир детства. - М., 1988.
4. Фрейд Зигмунд. Собр.соч. том 8. С-пб., 1998.
5. Чодорова Н. «Материнство». - С- Пб., 1998.
6. Стратегия гендерного равенства Республики Казахстан на 2005-2015 годы.
- 7 Интернет материалы: «Женщины в исламе».

Резюме

В статье даны основные положения понятия гендерной политики, ее осуществление в Республике Казахстан и в соответствии с этими понятиями увязаны вопросы роли женщин в обществе и исламе.

Resume

The substantive provisions of concept of gender policy are given in the article, its realization in Republic Kazakhstan and in accordance with these concepts the questions of role of women are tied up in society and islam.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ТАЛДАУДЫҢ КОНЦЕПТУАЛДЫҚ НЕГІЗДЕРІ*Баймаханова К.К., Мұстафаев Қ.С. (Қорқыт Ата атындағы ҚМУ)*

Болашақ инвестициялық жобаның бизнес-идеясы тұжырымдалғаннан кейін, кәсіпорын сол бизнес-идеясын іске асыра ала ма деген сұрақ туады. Бұл сұраққа жауап беру үшін кәсіпорынның тиісті экономикалық саласының жағдайы мен сала шеңберіндегі кәсіпорынның салыстырмалы жағдайын талдау керек. Талдаудың осы түрі инвестициялық жобаны әзірлеу мен оны талдаудың алдын ала кезеңінің мазмұнын құрайды. Батыстық жобаларды талдау тәжірибесінде әдетте төмендегі критерийлерді қолданады: саланың пісіп-жетілуі; кәсіпорынның бәсекеге жарамдылығы (оның нарықтағы жағдайы). Саланың пісіп-жетілуін оны даму жағдайының төрт түрінің біреуіне жатқызу арқылы талдау қалыптасқан: эмбрионалдық, өспелілік, пісіп-жетілген немесе ескірген. Екінші критерийге сәйкес, кәсіпорынның тиісті сала шеңберінде оның бәсекеге жарамдылығын орнату керек. Басқаша айтқанда, тауар мен қызмет көрсетудің мақсатты нарығында берілген кәсіпорынның басқа кәсіпорындармен салыстырмалы жағдайын анықтау. Әдетте кәсіпорынның негізгі алты жағдайын қолданады: басым, мықты, жағымды, тұрақсыз, әлсіз, өмір сүре алмайтын.

Жобаның көптүрлілігіне қарамастан, оларды талдау әдетте кейбір жалпы сызбаға сәйкес келеді, ол жобаның коммерциялық, техникалық, қаржылық, экономикалық және институционалдық орындалуын бағалайтын арнайы бөлімшелерден тұрады. Стратегиялық инвестордың көзқарасы бойынша, дұрыс жоба тәуекелді талдаумен аяқталуы керек. Сонымен қатар жобаның түрі, мысалы, оның техникалық орындалмауы жағынан өзгеруі мүмкін және жаңартылған жобаны талдау басынан басталуы керек.

Қағида бойынша, маркетингтік талдаудың мәні екі қарапайым сұрақтың жауабына байланысты: Жобаны іске асыру нәтижесі болып табылатын өнімді сата аламыз ба? Бұдан біз инвестициялық жобаны ақтауға жеткілікті көлемде пайда көре аламыз ба?

Соңғы жылдардың статистикалық мәліметтері бойынша, үшінші әлем елдеріндегі фирмалардың банкротқа ұшырауының дәрежесі 80% құрайды. Банкротқа ұшыраудың негізгі себебі – маркетингтің жеткілікті болмауында.

Маркетингтік талдаудың негізгі сұрақтары мынандай:

1. Жоба қандай нарыққа фокусталған? Халықаралық нарық па немесе ішкі нарық па?
2. Жоба халықаралық нарық пен ішкі нарық арасындағы балансты ойластыра ма?
3. Егер жоба халықаралық нарыққа бағытталған болса, онда оның мақсаты мемлекеттің саяси қағидалық шешімімен сәйкес келе ме?
4. Егер жоба ішкі нарыққа фокусталған болса, онда оның мақсаттары мемлекеттің ішкі саясатына жауап бере ме?
5. Егер жоба мемлекеттің саясатымен сәйкес келмейтін болса, онда оны ары қарай қарастыру керек пе?

Жобалар қолданыстағы нарықта іске асатындықтан, жобаларда олардың сипаттамасы келтірілуі болу керек. Маркетингтік талдауда да, тұтынушылар мен бәсекелестерді талдау болуы қажет. Тұтынушыларды талдау тұтынушылардың сұранымын, нарықтың потенциалды сегменттері мен сатып алу процесінің сипатын анықтауы керек. Ол үшін жобаны жасаушы нарықты мұқият зерттеп, оған әсер ететін институционалды шектеулер мен нарық құрылымының шеңберінде негізгі бәсекелестерін талдау керек. Маркетингтік талдау нәтижесінің негізінде маркетингтік жоспар құрылады. Ол жоспарда өнімді әзірлеу стратегиясы, баға белгілеу, тауардың нарыққа жылжуы мен өтуі анықталуы тиіс. Маркетингтік талдау сұранысты алдын ала болжауды қамтиды. Инвестициялық жобаны даярлау барысында жобаның дәлдігін қалаулы дәлдікке жету шығындарымен салыстыра отырып анықтау керек. Шешім қабылдау процесі белгісіздік жағдайында іске асса да, дұрыс болжау осы белгісіздік дәрежесін азайтады. Маркетингтік бөлім жобаларды талдауды анықтаушылық мәнге ие, өйткені жобаның өмірге қабілеттілігін бағалау үшін керекті нарықтық ақпараттарды алуға мүмкіндік береді. Көп жағдайда сапасыз маркетингтік талдау нәтижесінде фирма едәуір ақша құралдарын шығындап, жабдықтау мен өнімді өткізу операцияларын іске асыруға күш жұмсағанымен, ойдағы пайдаға ешқашан жете алмайтын жағдайлар кездеседі.

Инвестициялық жобаны техникалық талдау міндетіне мыналар жатады: жоба мақсаттарының көзқарастарына неғұрлым сәйкес келетін технологияларды анықтау; жергілікті жағдайларды талдау, оның ішінде шикізатқа, энергияға, жұмыс күшіне қол жеткізуді және оның құнын; жобаның іске асуы мен жоспарлаудың потенциалды мүмкіндіктерін тексеру;

Техникалық талдауды, әдетте, кәсіпорынның жеке сарапшылар тобы арнайы мамандарды шақыру арқылы жүргізеді. Техникалық талдаудың стандартты процедурасы қолда бар жеке технологияларды талдаудан басталады. Сонымен қатар келесі критерийлерді басшылыққа алу керек: технология өзін алдын ала жақсы жағынан көрсетуі тиіс, яғни стандартты болу керек; технология импорттық қондырғылар мен шикізаттарға бағытталмауы керек. Егер өз технологиясын қолдану мүмкін болмаса, онда төмендегі схемалардың бірі бойынша біреуімен шетелдік технология мен қондырғыларды тарту мүмкіндігіне талдау жүргізіледі:

- шетел фирмасымен бірлескен кәсіпорын-бөлшектеп инвестицияландыру және барлық технологиялармен қамтамасыз ету;
- технологиялық «ноу-хауды» іске асыратын жаңа қондырғыны сатып алу;
- «Turn-key» - қондырғы сатып алу, зауыт салу, технологиялық процесті қалыптастыру;
- «Product-in-hand» - «turn-key» + кәсіпорынның қажетті дайын өнім шығарғанға дейін персоналды оқыту;

- өндіріс үшін лицензиялар сатып алу;
- шетелдік технологиялар тарапынан техникалық көмек. Технология таңдау ережесі кейбір альтернативті технологияларды кешендік талдауды және қандай да бір агрегатталған критерийдің негізінде жақсы вариантты таңдауды қарастырады.

Инвестициялық жобалаудың қаржылық бөлімінің жалпы нұсқасы қарапайым тізбекке негізделген: кәсіпорын қызметінің соңғы жылдар аралығындағы қаржылық жағдайына талдау жасау; инвестициялық жобаны дайындау кезеңіндегі кәсіпорынның қаржылық жағдайына талдау жасау; негізгі өнім өндірісінің залалсыздығына талдау жасау; инвестициялық жобаны жүзеге асыру барысындағы пайда мен ақша ағымдарын болжамдау; инвестициялық жобаның тиімділік бағасы.

Кәсіпорынның бұдан бұрынғы қызметі мен ағымдағы жағдайына қаржылық талдау жасау әдетте кәсіпорынның пайдалылығы мен оның басқару тиімділігін, несие қабілеттілігін, өтемпаздығын көрсететін негізгі қаржылық коэффициенттерінің интерпретациясы мен есептеулеріне келтіріледі. Әдетте бұл қиындық туғызбайды. Қаржылық бөлімде кәсіпорынның өткен жылдардағы негізгі қаржылық есебін беру және негізгі көрсеткіштерді салыстыру аса қажет. Егер инвестициялық жоба батыстық стратегиялық инвесторды тарту үшін дайындалса, онда қаржылық есепті беруін инвесторды тартқан батыс мемлекеттің форматтарына келтіру керек.

Шығынсыздықты талдау негізгі өнімдерді шығару мен өткізудің өзіндік құн құрылымын талдау бойынша жүйелік жұмыстарды және барлық шығындарының айнымалылар (өндіріс көлемі мен сату көлемінің өзгеруіне орай өзгереді) мен тұрақтыға (өндіріс көлемі өзгеруіне байланысты өзгермейтін) бөлінуін қамтиды. Шығынсыздықты талдаудың негізгі мақсаты - шығынсыздық нүктесін анықтау, яғни пайданың нольдік мәніне сәйкес келетін тауар көлемін сату. Шығынсыздықты талдаудың маңыздылығы нақты немесе жоспарланған пайданы инвестициялық жоба процесінде шығынсыздық нүктесі мен кәсіпорынның пайданы алып келетін іскерлігі сенімінің кейінгі бағасымен салыстыруына негізделген.

Жобаның қаржы бөлімінің неғұрлым жауапкершілігі мол бөлігі оның инвестициялық бөлігі болып табылады, ол мыналарды қамтиды: жоба бойынша кәсіпорынның инвестициялық қажеттіліктерін анықтау; инвестициялық қажеттіліктердің қайнар көздерін белгілеу (және ары қарайғы ізденіс); инвестициялық жобаны іске асыру үшін тартылған капиталдың құнын бағалау; жобаның іске асуы есебінен түсетін пайда мен ақша ағымдарын болжау; жоба көрсеткіштерінің тиімділігінің бағасы;

Жобаның іске асу мерзімінде оның өтелімділігін бағалау мәселесі әдістемелік тұрғыдан өте қиын. Жобаны іске асыру нәтижесінде пайда болатын ақша ағымының көлемі, «ақшаның құны уақыт өтуіне қарай» деген қағиданы есепке ала отырып, сомалық инвестиция шамасын жабуы керек. Бұл принцип бойынша: «Доллардың қазіргі құны бір жылдан кейінгі алынған доллардың құнынан үлкен», яғни бір жыл кейін алынған әрбір жаңа ақша ағымы бір жыл ерте алынған оған көлемі тең ақша ағымынан төмен мәнге ие. Ақша ағымының уақыттық мәнділігін өлшейтін сипаттамасы ретінде инвестициялық жобаны іске асыру нәтижесінде алынған ақша ағымын инвестициялаудан түскен түсімнің нормасы көрінеді.

Сонымен, инвестициядан туындайтын жалпы ақшалай ағым жоғарыда көрсетілген қаржылық феноменді есепке ала отырып, инвестицияның шамасын жабатын болса, жоба қаржылық критерийлер тұрғысынан қабылданады. Жобаның өтелімділігін бағалау кезіндегі инфляцияны есепке алу мәселесі қарамақайшылықты болып келеді. Әрине, уақытта өріс алған ақша ағымдарын ақшаның сатып алушылық қабілетінің өзгеруіне байланысты қайта санау керек. Сонымен қатар инвестициялық жобаның тиімділігі туралы соңғы қорытынды инфляциялық әсерді ескерусіз жасалуы мүмкін.

Экономикалық талдау. Қаржылық талдаудың негізгі сұрағы: жоба кәсіпорын иелерінің (акционерлері) байлығын көбейте ала ма? Бұл сұраққа, ақша ағымдарын талдау арқылы жауап беруге болады. Экономикалық талдау жобаның мемлекеттік (ұлттық) байлығын ұлғайтуға әсер етуін бағалаудан тұрады. Экономикалық талдаудың қажеттігі неде? Егер нарық толығымен (идеалды) еркін болса, онда экономикалық талдау жүргізудің керегі жоқ, себебі компанияның иелеріне не пайдалы болса, қалғандарға да сол пайдалы болып табылады. Ірі инвестициялық жобаларда қаржылық тиімділігінен гөрі, экономикалық тиімділігі мен экономикалық тартымдылығын талдау қалыптасқан (яғни жобаның ұлттық басымдылық міндеттеріне сәйкес дәрежесі).

Экономикалық тиімділікті бағалаудың іріленген процедурасы мынадай түрге ие: қаржылық талдаудың қорытындысын ұсыну; экономикалық талдау тұрғысынан шығындар мен табыстың жаңа жіктелуін жасау; қаржылық мәндерді экономикалық мәндерге ауыстыру (олар сыртқы және ішкі нарық бағасы мен шығындардың үйлеспеуіне байланысты); ресурстарды қолдану және өнімдер алу үшін басқа мүмкіндіктердің құнын бағалау; ішкі төлемдер бойынша барлық есептеулерді шығарып тастау (өйткені олар мемлекеттің жалпы байлығын өзгертпейді); жыл сайынғы экономикалық құралдар ағымын инвестицияның бастапқы көлемімен салыстыру (бұл нәтиже болады). Тағы да айтып кетейік, экономикалық талдау әдетте мемлекеттің тапсырысы бойынша жасалатын және ұлттық мағыналы міндетті шешуге бағытталған ірі инвестициялық жобаларға жүргізіледі. Егер кәсіпорын инвестициялық жобаны өз бастамасы бойынша әзірлеп, инвесторды өз бетімен тартса, онда бұл істің нәтижесінде жобаға қатысушыларының жалпы ұтысы негізделеді, ең алдымен жобаға қаржылық ресурстарын ұсынған заңды және жеке тұлғалар үшін. Және де, осы тұлғалардың санына мемлекет кірмесе, онда жобаның экономикалық талдауын жасамауға болады.

Институционалдық талдау инвестициялық жобаның ұйымдастырушылық, құқықтық, саяси және әкімшілік тұрғыда есепке алынуы мен сәттілікпен орындалу мүмкіндігін бағалайды. Инвестициялық жобаның осы бөлімі сандық та, қаржылық та емес болып табылады. Оның негізгі мақсаты – инвестициялық жобамен бірге жүретін сыртқы және ішкі факторларының жиынтығын бағалау.

Тәуекелді талдаудың мәні мынада. Жіберілген сапасына тәуелсіз болашақтың әрқашанда белгісіздік элементі бар. Мысалы, керекті мәліметтердің көп бөлігі қаржылық талдау үшін (шығындар элементтері, бағалар, өнімнің сатылу көлемі) белгісіз болып табылады. Болашақта болжаудың жақсы жаққа да, жаман жаққа (пайданың төмендеуі) да өзгеруі мүмкін. Тәуекелді талдау барлық өзгерістерді, қай жағына болса да, есепке алуды қажет етеді. Жобаны іске асыру процесінде келесі элементтер өзгеріске ұшырауға бейім: шикізат пен қосалқы бөлшектердің құны, капиталдық шығындардың құны, қызмет етудің құны, сатудың құны, бағаның құны. Нәтижесінде шығатын параметр, мысалы, пайда кездейсоқ болады. Тәуекел ықтималдық таралу мен ықтималдықтар түсінігін қолданады. Сонымен тәуекел теріс пайда алу, яғни залал шегу ықтималдығына тең. Жоба факторларының өзгеріс диапазоны қаншалықты кең болса, жоба тәуекелділігі соншалықты жоғары. Кейде тәуекелді талдау процесінде төмендегі нұсқау бойынша жүргізілуі мүмкін сценарийді талдаумен шектеледі: инвестициялық жобаның неғұрлым белгісіз параметрлерін таңдайды; әр параметрдің шектік мәні үшін жоба тиімділігіне талдау жүргізеді; инвестициялық жобада үш сценарий сынылады (базалық, белсендігі неғұрлым төмен, белсендігі неғұрлым жоғары). Стратегиялық инвестор әдетте белсендігі төмен сценарийдің негізінде қорытынды жасайды.

Сонымен, жоғарыда аталған критерийлер мен концептуалдық негіздер инвестициялық жобалауда маңызды болып есептеледі. Оларды жобалау процесінде пайдалану қажет. Әрбір инвестициялық жобаның ерекшелігіне байланысты критерийлер тобы өзгеруі мүмкін. Бұл жағдайларда басқа да талдау түрлері қосылады.

Әдебиеттер:

Шапиро В.Д., Ильин. Н.И. и др. Управление проектами. –Спб.: ”Два Три”, 1996.- 610 с.

Бусыгин А. Деловое проектирование и управление проектом. Курс лекций. М.: Бусыгин, 2003.- 518 с.

Резюме

В статье представлены и обоснованы основные критерии и концептуальные основы проектного анализа в инвестиционном проектировании, а именно: коммерческий анализ, технический анализ, институциональный анализ, финансовый анализ, экономический анализ и анализ рисков.

Summary

In clause are submitted and the basic criteria and conceptual bases of the design analysis in investment designing, namely are proved: the commercial analysis, technical analysis, institutional the analysis, financial analysis, economic analysis and analysis is risks.

УДК 336.647:336.67

НЕКОТОРЫЕ МЕТОДИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ОПРЕДЕЛЕНИЯ ФИНАНСОВОЙ УСТОЙЧИВОСТИ КОМПАНИИ

Махатова А.С., Елпанова М.А. (Қорқыт Ата атындағы ҚМУ)

Одной из важнейших характеристик финансового состояния компании является стабильность ее деятельности, финансовой устойчивости. Финансовая устойчивость компании - это такое состояние ее финансовых ресурсов, их распределение и использование, которое обеспечивает развитие организации на основе роста прибыли и капитала при сохранении платежеспособности и кредитоспособности в условиях допустимого риска [1, с.145].

В отличие от платежеспособности, которая оценивает оборотные активы и краткосрочные обязательства организации, финансовая устойчивость определяется на основе соотношения разных видов источников финансирования и его соответствия составу активов. Знание предельных границ изменения источников средств для покрытия вложений капитала в основные средства или производственные запасы позволяет генерировать такие направления хозяйственных операций, которые ведут к улучшению финансового состояния компании, к повышению ее устойчивости.

Финансово-устойчивым является такой хозяйствующий субъект, который за счет собственных средств покрывает средства, вложенные в активы, не допускает неоправданной дебиторской и кредитной задолженности и расплачивается в срок по своим обязательствам. В результате осуществления какой-либо хозяйственной операции финансовое состояние компании может оставаться неизменным, либо улучшиться, либо ухудшиться. Поток хозяйственных операций, совершаемых ежедневно, является как бы «возмутителем» определенного состояния финансовой устойчивости, причиной перехода из одного типа устойчивости в другой.

До настоящего времени нет установленной классификации факторов, влияющих на финансовую устойчивость компании, однако можно обобщить некоторые из них.

Различают факторы:

- по месту возникновения – внешние и внутренние;
- по важности результата – основные и второстепенные;
- по структуре – простые и сложные;
- по времени действия – постоянные и временные.

При рассмотрении первого признака классификации следует помнить, что внутренние факторы прямо зависят от организации работы самой компании. К ним относят состав и структуру выпускаемых товаров, активов и финансовых ресурсов организации, стратегию управления активами. К числу внешних относят те изменения, которые полностью или частично не зависят от организации.

Абсолютная устойчивость финансового состояния отражает ситуацию, когда все запасы полностью покрываются собственными оборотными средствами, т.е. компания совершенно не зависит от внешних кредиторов. Такая ситуация в реальной жизни встречается крайне редко. Ее также нельзя рассматривать как идеальную, так как она означает, что руководство организации не умеет, не хочет или не имеет возможности использовать внешние источники средств для основной деятельности.

Нормальная устойчивость финансового состояния компании отражает наличие источников формирования запасов, величина которых рассчитывается как сумма собственных оборотных средств, ссуд банка, займов, используемых для покрытия запасов, и кредиторской задолженности по товарным операциям. Приведенное соотношение соответствует положению, когда компания для покрытия запасов и затрат успешно использует различные источники средств, как собственные, так и привлеченные. Такое соотношение также гарантирует платежеспособность компании.

Неустойчивое финансовое состояние сопряжено с нарушением платежеспособности, при котором компания для покрытия части своих запасов вынуждена привлекать дополнительные источники покрытия, ослабляющие финансовую напряженность, и не являющиеся в известном смысле "нормальными", т.е. обоснованными. Они включают в себя временно свободные собственные средства, такие как фонды экономического стимулирования, финансовые резервы и т.д., привлеченные средства (превышение нормальной кредиторской задолженности над дебиторской) и кредиты банков на временное пополнение оборотных средств и прочие заемные средства. При этом, тем не менее, сохраняется возможность восстановления равновесия за счет пополнения источников собственных средств и увеличения собственных оборотных средств.

Финансовая неустойчивость считается нормальной (допустимой), если величина привлекаемых для формирования запасов и затрат краткосрочных кредитов и заемных средств не превышает суммарной стоимости производственных запасов и готовой продукции (наиболее ликвидной части запасов и затрат). Кризисное или критическое финансовое состояние характеризуется ситуацией, при которой организация находится на грани банкротства, поскольку в данной ситуации денежные средства, краткосрочные ценные бумаги и дебиторская задолженность организации не покрывают даже его кредиторской задолженности и просроченных ссуд. По типу финансовой устойчивости и его изменению можно судить о надежности организации с точки зрения платежеспособности. Платежеспособность компании - важнейший показатель, характеризующий её финансовое состояние. Характеристика финансовой устойчивости в долгосрочном плане на основе расчета абсолютных показателей дает лишь общую оценку.

При проведении экспресс-анализа рекомендуется пройти несколько этапов оценки финансового положения компании [2].

1) Оценка финансового положения компании по финансовым показателям. На данном шаге предлагается провести экспресс-анализ основных показателей, характеризующих ликвидность, платежеспособность и финансовую устойчивость компании. Учитывая многообразие финансовых процессов, множественность финансовых показателей, различие в уровне их критических оценок, различную степень их отклонений от фактических значений и возникающие при этом сложности в оценке финансовой устойчивости компании, рекомендуется проводить интегральную рейтинговую оценку финансового положения компании.

Этот вид оценки включает в себя подготовительный и расчетный этапы.

Подготовительный этап предполагает определение набора финансовых показателей, по которым будет производиться оценка, а также определение их пороговых значений с целью отнесения их к тому или иному уровню. На расчетном этапе производится определение значений финансовых показателей компании, характеризующих уровень финансового положения компании, а затем определяется их уровень.

Для оценки финансового положения компании выбирается набор следующих показателей:

- коэффициент финансовой независимости (коэффициент автономии) характеризует долю собственного капитала в валюте баланса, превышение данным показателем нормативного значения указывает на укрепление финансовой независимости организации от внешних источников;

- коэффициент текущей ликвидности (или общий коэффициент покрытия долгов, или коэффициент покрытия, характеризует степень покрытия оборотных активов оборотными

пассивами и применяется для оценки способности организации выполнить свои краткосрочные обязательства;

- коэффициент срочной ликвидности - отношение наиболее ликвидной части оборотных средств (денежных средств, дебиторской задолженности, краткосрочных финансовых вложений) к краткосрочным обязательствам;

- коэффициент абсолютной ликвидности – это отношение наиболее ликвидных активов организации (денежных средств и ликвидных ценных бумаг) к текущим обязательствам;

- рентабельность активов - коэффициент, характеризующий эффективность использования всего имущества организации, рассчитывается как частное от деления чистой прибыли на среднегодовую величину активов;

- рентабельность собственного капитала показывает эффективность использования капитала, инвестированного фирмой за счет собственного источника финансирования, и рассчитывается как отношение чистой прибыли к заемному капиталу;

- отношение объема продаж к общим активам характеризует эффективность использования активов для производства;

- коэффициент доли заемных средств называется также удельным весом заемного капитала и рассчитывается как отношение заемных средств к собственным средствам;

- доля свободных от обязательств активов, находящихся в мобильной форме отражает долю оборотных активов в структуре активов;

- эффективность использования активов для производства товаров определяется отношением выручки от продажи товаров к валюте баланса;

- доля накопленного капитала определяется отношением нераспределенной прибыли прошлых лет и текущего периода к валюте баланса.

Результаты подготовительного и расчетного этапов для исследуемой организации приведены в таблице 1.

Таблица 1 - Оценка уровня финансовых показателей

Наименование показателя	Высокий уровень (A)	Средний уровень (B)	Низкий уровень (C)	Для исследуемой компании	
				Значение показателя исследуемой компании	Оценка уровня
1. Коэффициент финансовой независимости	> 0,5	0,3 - 0,5	< 0,3		A
2. Коэффициент текущей ликвидности	> 2,0	1,0 - 2,0	< 1,0		B
3. Коэффициент срочной ликвидности	> 0,8	0,4 - 0,8	< 0,4		B
4. Коэффициент абсолютной ликвидности	> 0,2	0,1 - 0,2	< 0,1		C
5. Рентабельность всех активов	> 0,1	0,05- 0,1	< 0,05		A
6. Рентабельность собственного капитала	> 0,15	0,1- 0,15	< 0,1		A
7. Эффективность использования активов для производства товара	> 1,6	1,0 - 1,6	< 1,0		A
8. Доля заемных средств в общей сумме источников	< 0,5	0,7 - 0,5	> 0,7		A
9. Доля свободных от обязательств активов, находящихся в мобильной форме	> 0,26	0,1- 0,26	< 0,1		A
10. Доля накопленного капитала	> 0,1	0,05- 0,1	< 0,05		A

2) Составление кривой финансового положения компании по финансовым показателям и определение уровня финансового положения компании. Результаты сопоставления полученных значений финансовых коэффициентов со шкалой, характеризующей уровни финансового положения компании по финансовым коэффициентам, заносятся в таблицу. Если соединить отмеченные позиции единой линией, то получается кривая финансового положения компании, характеризующая его уровень по финансовым показателям.

Итоговую оценку уровня финансового положения компании по финансовым показателям рекомендуется проводить экспертным путем.

3) Оценка финансового положения компании по критерию «наличие эффективной системы управления финансами». Под эффективной системой управления финансами обычно понимают технологию составления плана работы компании, скоординированного по всем подразделениям или функциям. Этот план базируется на комплексном анализе прогнозов изменения внешних и внутренних параметров и получении посредством расчета экономических и финансовых индикаторов деятельности компании. Эффективная система управления финансами включает также механизм оперативно-тактического управления, который обеспечивают решение возникающих проблем и достижение заданных целей (объемов производства, прибыли, инвестиций) с минимальными отклонениями (не более 20 %).

Данный вид оценки проводится экспертным путем и предполагает отнесение компании к тому или иному уровню финансового положения компании по следующему принципу:

- высокий уровень финансового положения компании – наличие на организации системы бюджетного планирования;
- средний уровень финансового положения компании – наличие на организации системы плановых отчетов;
- низкий уровень финансового положения компании – наличие на организации системы планирования коэффициентным методом.

4) На данном шаге определяется комплексная оценка финансового положения компании.

Определение уровней финансового положения компании приведено в таблице 2.

Таблица 2 - Характеристика уровней финансового потенциала

Уровень финансового положения компании	Краткая характеристика
Высокий уровень финансового положения компании	Деятельность компании прибыльна. Финансовое положение стабильно.
Средний уровень финансового положения компании	Деятельность компании прибыльна, однако финансовая стабильность во многом зависит от изменений, как во внутренней, так и во внешней среде.
Низкий уровень финансового положения компании	Компания финансово нестабильна.

Данный этап рекомендуется проводить экспертным путем на основании значимости каждой составляющей.

Таким образом, оценка производственного и финансового положения компании – необходимый этап стратегического анализа и управления, охватывающий все основные внутренние процессы. В результате такого анализа обеспечивается системный взгляд на компанию, который позволит не только выявить все сильные и слабые стороны, но и создать на этой основе комплексный план перспективного развития.

Литература:

- 1.Любушин Н.П., Лещева В.Б., Дьякова В.Г. Анализ финансово-экономической деятельности предприятия: Учеб. пособие для вузов. -М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2000.- 471 с.
- 2.Бердникова Т.Б. Анализ и диагностика финансово-хозяйственной деятельности предприятия. Учебное пособие. Серия "Высшее образование".- М.: ИНФРА-М, 2001. - 215 с.

Түйіндеме

Мақалада компанияның қаржылық әдісін талдау жағдайы және де оның экспресс-талдау мағынасы қарастырылған. Бұл талдау нәтижесі компанияға жүйелі көзқарасты қамтамасыз етеді, барлық күшті және әлсіз жақтарын анықтауға мүмкіндік береді, сонымен бірге оның перспективті дамуына кешенді жоспар жасайды.

Summary

The article touches upon a technique of financial status of company and also its meaning under having the express analysis. The results of such analysis leads to a system view on company giving a chance to reveal all strong and weak sides and also a creation of a complex plan of its perspective development.

ӨОЖ 331.5:338.43 (574.12)

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ КООПЕРАЦИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫ ДАМУ

Өтегенова К.А., Абубакирова Ж. (Қорқыт Ата атындағы ҚМУ)

Қалыптасқан экономика жағдайында реформалардың енгізілуіне және аймақтық-өндірістік бірлестіктердің өз деңгейінде қалыптаспауына байланысты, қазіргі кезде агроөнеркәсіп кешенін дамытуда ауыл шаруашылық кооперациясын жандандыру өзекті проблема болып отыр.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» - атты Қазақстан халқына Жолдауында «Ауыл шаруашылығындағы еңбектің өнімділігі 2014 жылға қарай 2 есе, ал 2020 жылға қарай 4 есе өседі. Аграрлық секторда етті мал шаруашылығын дамыту жөнінде бұрын-соңды болып көрмеген жоба жүзеге асырылады» - деп батыл болжамдар айтқан болатын[1]. Сондықтан да ауылдағы экономикалық проблемаларды шешуде ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің, агросервистік кәсіпорындардың, өндеуші өнеркәсіптердің және сауда ұйымдарының күштерін біріктірудің маңызы зор.

Нарықтық экономикасы дамыған елдерде фермерлік кооперативтер маңызды және агроөнеркәсіп кешенін дамытуда, аграрлық сфералардың басқа аралас өндіріс салаларымен қарым-қатынас жүйесінде шешуші рөл атқарады. Солтүстік Еуропа, Нидерланды, Ирландия, Жапония елдері үшін ауылшаруашылығы кәсіпорындарының коопертивіне жүз процент қатысуы дәстүрлі жағдай болып табылады.

Ауыл шаруашылық кооперациясы – ауылшаруашылығы тауар өндірушілерінің экономикалық және басқа да қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында құрылған, әртүрлі ауыл шаруашылық кооперативтер жүйесі мен олардың одақтары. Кооперация - еңбек кооперациясы және өндірістік кооперация болып бөлінеді.

Еңбек кооперациясы өндіріс процесіндегі жұмыс жасаушы адамдардың еңбек әрекетін біріктіру формасы. Яғни, еңбек кооперациясы өндіріс қорын үнемдеуге және кооперация мүшелерінің күшін біріктіру нәтижесінде еңбек өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Еңбек кооперациясының негізгі екі типі бар: жай-біртекті еңбекті біріктіру және күрделі-әртексті еңбекті біріктіру. Бұл еңбек кооперациясының екі формасыда қоғам дамуының барлық этапына орын алған. Қазіргі кезде оның формасы әр алуан түрде толығып, маңызы артып отыр. Өндірістік кооператив өнім өндіру процесіндегі мамандандырылған кәсіпорындардың арасындағы қоғамдық еңбек бөлінісі нәтижесінде пайда болатын ұзақ рационалды өндірістік байланыс формасы. Сондай-ақ өндірістік кооперация өндіріс тиімділігін және еңбек өнімділігін арттыруда, техникалық прогресті және өндіріс күшін тиімді пайдалануға жағдай жасайды.

Еңбек кооперациясы мен өндіріс - әртүрлі әлеуметтік-экономикалық құрылымдағы елдерге және барлық өндіріс әдісіне тән объективті тарихи үрдіс. Кооперацияда өндіріс жаңа ғылым жетістіктермен, оның ішінде: өндірістік, конструкторлық, басқару және ақпараттық технологиялар жабдыкталып біріктіріледі. Кооперация өнім өндірушілерді, зерттеушілерді, ұдайы өндірістің әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық үрдіс базасын жасаушыларды, экономикалық интеграцияның негізгі үрдістерін (өндіріс, ғылым, ақпараттық-қаржылық сфера), халықаралық өндірістік қатынастарды, әлемдік экономиканың шешуші сферасы – материалдық өндірісінде тоғыстырады.

Ауыл шаруашылық кооперациясын қайта өрлету нарықтық қатынастарға өту жағдайында ерекше өзекті болып отыр. Оған қоса агроөнеркәсіп кешенінде кооперативтік қозғалыстың сапалық жаңа кезеңі үшін, оның нарықтық құрылымдарының саласына дендеп енуіне алғы шарттар мен жағдайлар жасалуда.

Ауыл шаруашылығындағы соңғы жылдардағы қалыптаса бастаған оң құбылыстар еліміздің көптеген аймақтарына тән, соның ішінде Қызылорда облысы ауыл шаруашылығының жағдайына тоқталамыз. Мемлекеттік қолдаудың арқасында агроөнеркәсіптік кешенінің ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндіріс көлемі жыл сайын артып келеді. Облыс бойынша 2010 жылдың қаңтар – сәуір айларында ауыл шаруашылығының жалпы өнімдерінің өндірісі 3596,1 млн. теңге болды, 2009 жылдың сәйкесті кезеңімен салыстырғанда өсім 101,9 пайызды құрайды.

2010 жылдың есепті кезеңінде ауылшаруашылығы тауар өндірушілері арқылы барлығы 794,0 млн. теңге несие қаржысы игерілді. Оның ішінде «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы 56,1 млн теңге, «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ арқылы 6,9 млн. теңге, II деңгейдегі банктер арқылы 335,0 млн.теңге несие қаржысы игерілді.

Сонымен қатар, үстіміздегі жылы көктемгі егіс жұмыстарын уақытылы жүргізуді және ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің жеңілдетілген несиелерге қол жетімділігін арттыруды ұйымдастыру мақсатында жергілікті атқарушы органдар тарапынан «Азық-түлік келісім шарт корпорациясы» ҰК» АҚ арқылы күрішті астық кепілі бойынша өткізу жолдары келісіліп, бүгінгі күнге (10700 тонна) бойынша «Агросервис Шапағат» ЖШС 396,0 млн. теңге алды.

2010 жылы шаруашылықтардың барлық нысандары бойынша 156,1 мың гектарға егіс егілді. Оның ішінде дәнді дақылдар 81,9 мың, мал азығындық дақылдар 49,1 мың, картоп, көкөніс, бақша 21,9 мың, майлы және техникалық дақылдар 3,1 мың гектарды құрайды. Жалпы егіс көлеміндегі күріш егісінің межесі 72,8 мың гектар.

Облыс бойынша үстіміздегі жылдың 1 мамырына 252,6 мың бас мүйізді ірі қара, 948,1 мың бас қой мен ешкі, 65,7 мың бас жылқы, 29,7 мың бас түйе, 3,4 мың бас шошқа және 204,0 мың бас құс өсірілуде.

Өткен жылдың осы уақытымен салыстырғанда мүйізді ірі қара-1,5, қой мен ешкі -0,5, жылқы мен түйе 2,0 пайызға көбейсе, құстың саны -0,5 және шошқаның саны 3,2 пайызға азайған. Сондай ақ ет өндіру -0,8, сүт өндіру -1,6, жұмыртқа өндіру 0,1 пайызға көбейген. Әр жүз аналықтан 39 бұзау, 88 қозы мен лақ, 57 құлын және 36 бота алынып, сүт бағытындағы әр сауын сиырдан 281 кг сүт сауу қамтамасыз етілді.

Облыс бойынша 23 шаруашылық мал тұқымын асылдандырумен айналысады. Оның ішінде 5-і асыл тұқымды мүйізді ірі қара, 7-і қой, 5-і жылқы және 6-ы қазақтың айыр түйесін өсіреді. Бүгінгі күні асыл тұқымды мүйізді ірі қара малының саны 3,4 мың басқа, немесе ірі қараның үлес салмағы 1,4 пайызға, асыл тұқымды қойдың саны 40,1 мың басқа, немесе асыл тұқымды қойдың үлес салмағы -7,8, асыл тұқымды жылқының саны 3,6 мың басқа, немесе асыл тұқымды жылқының үлес салмағы 5,9 пайызға және асыл тұқымды түйе малының саны 3,1 мың басқа, немесе үлес салмағы 11,1 пайызға жетіп отыр. Бұдан басқа мал тұқымын асылдандыруға қызмет көрсететін бір дистрибьютерлік орталық жұмыс істеп тұр.

Мал өнімдерін өндіретін орта және ірі шаруашылықтар ұйымдастыру мақсатында 2010 жылы «Қызылордаагросервис» МКК-ны арқылы 250 бас сүт бағытындағы мүйізді ірі қара, 1000 бас асыл тұқымды ет бағытындағы қой және 200 бас жылқы малын алуға кәсіпорынның айналымдағы қаржысының есебінен 65,8 млн. теңге қаржы бөлініп, көрші облыстардың асыл тұқымды шаруашылықтарынан жоғарғы өнімді мал алуға жұмыстар жүргізілуде. Бүгінгі күнге 22 бас қазақтың айыр түйесі сатып алынып, Қармақшы ауданының «Алтын» шаруа қожалығына лизингіге берілді.

Дегенмен, Қызылорда облысының егін шаруашылығында шешуін таппай отырған мәселелерге келсек, олар:

1. Күріш ауыспалы егістігінің дренаждық-қашыртқы жүйелерінің көп жылдардан бері жөндеу көрмегендіктен, тозығы жетіп, су өткізу қабілетінің азаюы (60%), осыған байланысты егістік жерлердің тұздану процесі артып отыр. Бұл жұмыстарды атқаруға шаруашылықтарға ұзақ мерзімге, сый ақысы төмен несие бөліну қажет.

2. Қызылорда облысының егіншілік саласы толығымен суармалы жүйеге бейімделген. Барлық егістің 46,5 пайызын алып отырған күріш дақылы 90 күн суда тұрып өсіп жетіледі. Осыған байланысты, күріш суару үшін су жеткізіп беру қызметінің бағасын 25 пайыз ғана субсидиялау облыс ауыл шаруашылығы құрылымдары өндіріп отырған күріш өнімінің өзіндік құнының жоғарылап, облыста өндірілетін күріштің бәсекелестік қабілетін төмендетеді. Бұл өз кезегінде шаруашылықтардың қаржылық-экономикалық жағдайына кері әсер етеді.

Ал, Қазақстан ауыл шаруашылығы кооперативтік қозғалысының дағдарыс жағдайының негізгі себептері:

- ауылшаруашылық өнімін өңдеуші және қызмет көрсетуші кәсіпорындар ауылшаруашылық өнімін өндіруші кәсіпорындармен келісім-шартқа монополиялық үстемдікпен отыруы;
- құқықтық қолдаудың жеткіліксіздігі;
- ауылшаруашылық өнімін өндірушілердің кооператив құруға қаражаттарының жеткіліксіздігі.

Жекешелендірген кәсіпорындарды, ұйымдарды қайта құруда, шаруашылық ішіндегі және шаруашылықаралық байланыстағы келеңсіздік жағдайларды алшақтатуда АӨК-тегі кооперацияны дамыту маңызды рөл атқарады.

Сонымен бірге кооперацияны табысты дамыту үшін шаруашылықтандырудың экономикалық механизмі, оның ішінде баға механизмі дұрыс жолға қойылғаны жөн. Ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп өнімдерінде кездесетін баға диспаратеті, кооперация мен интеграция процесін ынталандыруы мүмкін, яғни, тауар өндірушілерді өздерінің қызығушылықтары үшін күш-жігерін біріктіруге итермелейді.

Аталған проблемаларды шешу үшін мемлекет саясат, ауылдағы кооперацияны дамыту туралы мемлекеттік және аймақтық бағдарламалар жасауы қажет. Сонда ғана ауыл шаруашылығындағы кооперативтік қозғалыс агроөнеркәсіп кешенінің тұрақтануы мен дамуына жаңа мүмкіндіктер ашады.

Әдебиеттер:

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев. «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз». - Жолдау, 2011жыл.
- 2 Есенғалиева С. Особенности и принципы кооперации в сельском хозяйстве. // Евразийское сообщество. – 2004. – № 2(46). – С.45-49.

Резюме

Наиболее эффективным в условиях развития кооперационной связи между отдельными подсобными и общественными хозяйствами в процессе производства, переработки и сбыта сельскохозяйственной продукции является совершенствование кластерной системы.

Summary


Enhancement of cluster system in conditions of development of cooperation communication between separate subsidiary and public enterprises during manufacture, processing and selling of agricultural production in investigated region is offere.

ӘОЖ 631.67 : 628.36(574.54)


ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ СУАРМАЛЫ ЕГІСТІКТЕ СУДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

*Қошқаров С.И., Алимбаев Е.Н., Абуов Ж.М.
(Қорқыт Ата атындағы ҚМУ)*

Қызылорда облысының егін шаруашылығы суармалы жерлерге негізделген. Өткен ғасырдың 60 жылдары бүкіл елімізде мелиорация саласына жоғары мән берілген болатын. Соған байланысты 1960 – 1980 жылдары Сыр өңірінде мелиоративтік жұмыстар жоғары қарқын алды. Осыған сәйкес облыс көлемінде 1995 жылы 226,8 гектар жерде суармалы егістік инженерлік жүйеге келтірілген (1-сурет). Сол жылдары облыс бойынша барлық дақылдардың егіс көлемі 287 мың гектарға жетті. 2001 – 2002 жылдары инженерлік жүйеге келтірілген суармалы жер көлемі 172 мың гектарды құрады. Демек, 1995 – 2002 жылдар аралығында 54 мың гектар инженерлік жүйеге келтірілген суармалы егістік пайдаланудан шығып қалды. Оның негізгі себептері: топырақтың сортаңдануы, жер асты суларының жоғары деңгейде тұруы, суармалы желінің құрамдас бөліктерінің талапқа сай жұмыс істемеуі т.б.




Сурет1 - Қызылорда облысында инженерлік жүйеге келтірілген суармалы жер көлемінің өзгеруі




а) Қызылорда облысында күріш дақылының өнімділігі

Өңірдегі басты дақыл күріштің өнімділігі 1983 – 1996 жылдар аралығында жоғары деңгейде болды. Әрбір гектар егістіктен 48 – 51 центнер өнім алынған. 1997 жылдан кейін күріш өнімділігі төмендеді. Бұған себеп агротехникалық шаралардың талапқа сай орындалмауы, күріш атыздар беті тегістігінің нашарлауы, минералды тыңайтқыштардың толыққанды қолданылмауы және екінші дақыл – жоңышқа өнімінің төмен болуы (2-сурет). Жоңышқаның өнімділігі 1980 – 1990 жылдары 1 гектарға шаққанда 50 – 59 центнер болған. Одан кейін бұл дақылдың өнімділігі 20 – 22 центнерге дейін төмендеді. Бұл өз кезегінде негізгі дақыл күріш өнімінің азаюына себеп болды.




б) Қызылорда облысында жоңышқа дақылының өнімділігі
Сурет 2 - Дақылдар өнімінің өзгеруі



Қызылорда облысында күріштің маусымдық суару мөлшері

Күріштің маусымдық суару мөлшері 1980 – 1990 жылдар аралығында 26 – 28 мың текшеметрге жеткен болатын. Соңғы жылдары бұл мөлшер бірсыпыра азайып 23 – 25 мың текшеметр болды. Қазақтың күріш жөніндегі ғылыми зерттеу институтында атқарылған зерттеулерге қарағанда күріштің жаз бойы суды тұтыну мөлшері 8,5 – 9 мың текшеметрді құрайды. Күріш егісінің алғашқы суға бастыру кезеңінде берілетін су мөлшері жоғарыда айтылған ғылыми мекеменің мәліметі бойынша 3,5 – 4 мың текшеметрді құрайды. Күріш атызында жаз бойы топыраққа төмен қарай сүзілген су мөлшері 4,5 – 5 мың текшеметр. Осы аталған үш құрамдас бөлікті қосқанда 16,5 – 18 мың текшеметр болады. Бұл мөлшер күріш дақылына шын мағынасында қажет ылғал көлемін көрсетеді. Демек, алдағы уақытта ғылыми – зерттеу

жұмыстарын жүргізіп осы дақылды өсіп - өндіруге кететін су мөлшерін әлі де 4 – 5 мың текше метрге азайтуға болатыны көрініп тұр. Осылай жасағанда Сырдария өзенінен егіске алынатын су көлемі 10 - 15% пайызға кемиді. Бұл біріншіден, кіші Аралға құятын су мөлшерін көбейтеді. Екіншіден, Сыр өңірі агроландшафтарында мелиоративтік жүктемені азайтады. Соның негізінде егістіктің экологиялық – мелиоративтік жағдайын жақсартуға жол ашылады.



Қызылорда облысында жоңышқаның маусымдық суару мөлшері
Сурет 3 - Дақылдардың суару мөлшерінің өзгеруі

Қызылорда гидрогеологиялық – мелиоративтік экспедицияның мәліметтері бойынша соңғы уақытта Сырдария өзені суының сапасы нашарлаған. 2009 жылы жаз бойы дария суының бір литрінде Түгіскен алқабы тұсында 1,86, Қызылорда маңайында 1,97, Қазалы төңірегінде 2,25 г тұз болған. Өзен суы төмен жылжыған сайын минералдануының өсуі түсінерлік құбылыс.

Кесте 1 - Сырдария суының минералдануы, мг/л
(Қызылорда гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясының мәліметі бойынша 2009 ж.)

Айлар	Маусым	Шілде	Тамыз	Жаз бойғы орташа мөлшер
Түгіскен алқабы	2290	-	1430	1860
Қызылорда алқабы	-	-	-	1970
Қазалы алқабы	2250	-	-	2250
Обылыс бойынша орташа				2030

Егістен қашыртқыланған судың тұздылығы вегетациялық мерзімде өзгеріске ұшыраған. Өңір көлемінде бұл судың орташа минералдануы бір литріне 3,06 г болып отыр. Қашыртқыланған судың ең жоғары мөлшері шілде айында орын алған. Жалпы коллектор – қашыртқы жүйесіне түскен суда тұз мөлшері анау айтқан жоғары емес.

Кесте 2 - Қашыртқы суының минералдануы, мг/л
(Қызылорда гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясының мәліметі бойынша)

Айлар	Маусым	Шілде	Тамыз	Жаз бойғы орташа мөлшер
Түгіскен алқабы	2360	3590	2510	2820
Қызылорда алқабы	3130	-	-	3130
Қазалы алқабы	-	-	-	3230
Облыс бойынша орташа				3060

Бір гектар күріш егісіне сумен бірге жаз бойы 49,13 т тұз келіп шөккен. Оның 6,58 т ғана қашыртқылармен сыртқа кеткен. Сонда күріштік топырағында бір маусымда жиналған тұз

мөлшері 42,55 т. Сырдария суының күрделі ластануы шамамен 1980 жылдардан басталған. Содан бері күріштіктің бір гектарына 1200 т аса тұз шөккен деп айтуға болады.

Күріштен кейін көкөніс өсірген учаскелерде тұз молынан жиналған. Мұнда жаз бойы бір гектар жерде 18,57 т тұз келіп түскен. Картоп егісінде де тұздар молынан шоғырланып, топырақта олардың мөлшері 15,73 т. жеткен. Күріштен өзге егістің ерекшелігі, олардан тыс жерге тұздардың жылжымауында.

Кесте 3 - Әрбір гектар егіске Сырдария суымен келіп түскен тұз мөлшері (Қызылорда гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясының мәліметі бойынша 2009 ж.)

Дақылдар	Маусымдық суару мөлшері, мың м ³ /га	Судың орташа минералдануы, г/л	Егіс топырағына келіп түскен тұздар, т/га	Егіс сыртына кеткен тұз көлемі, т/га
Күріш	24,20	2,03	49,13	6,58
Жоңышқа	4,94	2,03	10,03	-
Дәндәк жүгері	5,65	2,03	11,47	-
Картоп	7,75	2,03	15,73	-
Көкөніс	9,15	2,03	18,57	-

Судың егінді суаруға жарамдылығын төмендегі формула негізінде анықтауға болады

$$K = \frac{rCa + rMg}{rNa + 0.283S}$$

мұнда: rCa, rMg, rNa – химиялық элементтердің эквиваленттік мөлшерлері; S – судың минералдануы, г/л.

4 – кестеде Сырдария суының егіске жарамдылығын анықтайтын көрсеткіштер берілген. $K > 1$ болғанда ол су егін суаруға жарамды, егер $K < 1$ төмен болса жарамсыз. Біздің мәліметтеріміз бойынша бұл көрсеткіш мамыр, шілде айларында $K < 1$ төмен, демек осы кезеңдерде Сырдария суының химиялық құрамы қолайсыз болып қалыптасады. Шамасы осы мамыр мен шілдеде Сырдария бойында жоғары орналасқан елдердің суармалы алқаптарынан Сырдарияға зиянды химиялық заттар молынан түскен. Маусым мен тамыз айларында өзен суының химиялық құрамы дақылдарға қолайлы. Демек өзен суының сапасын түбегейлі әр ай сайын талдап отыру қажет.

Кесте - 4. Сырдария суының K- мөлшерінің көрсеткіші (Қызылорда гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясының мәліметі бойынша)

Мамыр	Маусым	Шілде	Тамыз
0,69	1,08	0,39	2,36
-	1,18	-	1,35

Әдебиеттер:

1. Қызылорда гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясының жылдық есептер: - 1995-2010 жж.
2. «Қызылордасуаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының суды пайдалану жөніндегі жылдық есептері. – Қызылорда, 2007-2009 жж.
3. Қошқаров С.И. «Мелиорация ландшафтов в низовьях реки Сырдарьи» - Алматы: Ғылым, 1997. – 268 б.
4. «Қызылордасуаруашылығы» коммуналды – мемлекеттік кәсіпорнының жылдық есептері: - 1970 – 2010 жж.

Резюме

В статье анализируются изменение оросительных норм сельскохозяйственных культур и их урожайности на орошаемых землях Кызылординской области. Исследована качественная характеристика оросительной воды.

Summary

The article examines the changing agricultural cultural norms of irrigation and their crop yields on irrigated lands Kyzylorda region. Investigated the qualitative characteristics of irrigation water.


АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ БАСҚАРУ ШЕШІМДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МЕН МОДЕЛЬДЕУ

*Мырзамұратова А.А., Жалбырова Ж.Т.
(Қорқыт Ата атындағы ҚМУ)*

Қазіргі таңда экономиканың дағдарыс кезеңінде кәсіпорынның қызмет жасауында тәуекелділіктің өсуі сапалы басқару шешімдерін қажет етеді. Ауылшаруашылығы, оның ішінде күріш шаруашылықтарында өндіріс қызметін реттеу жүйесін келесі түрде ұсынамыз (Сурет 1).

Ауылшаруашылығын реттеу қажеттілігі жүйе тұтастығына нұқсан келтіретін не алға қойған мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік бермейтін сыртқы және ішкі орта әсерлерімен байланысты.


Өндірістің өміршендігі үшін бүгінгі күні басқарудағы басты назар бақылау түріндегі басқарудан шаруашылық қызметінің даму стратегиясын талдау мен бағалауға, оны жүзеге асыруға және шаруашылық қызметін модельдеуді қажет етіп отыр.



Сурет 1 - Өндіріс қызметін реттеу жүйесі

Шаруашылық қызметіне нақты жағдайда тәжірибе жүргізу уақыт пен қаржының үлкен шығындарына, тіпті күтпеген нәтижелерге әкеледі. Сондықтан да тәжірибені мұндай күрделі өндірістік экономикалық жүйемен емес, оның аналогы болатын компьютерлік модельмен жүргізген тиімді. Компьютерлік модель кәсіпорынды дамыту мақсатындағы көп варианты есептеулерді тәжірибе негізінде жүргізуге мүмкіндік береді. Осы орайда кәсіпорын үшін бағытталған мақсатты ақпаратқа деген қажеттілік пен «мәселелі нүктелерді» айқындау қажеттілігі арта түседі.

Шешім қабылдаудағы басшы әрекетін басқару процесінің моделі көмегімен бейнелейік. Басқару шеңберіндегі шешім қабылдау процесі 2-суретте көрсетілген.



Сурет 2 - Басқару процесіндегі шешім қабылдау

2-суретте көрсетілгендей кез келген басқару процесі шешім қабылдауды қажет ететін қайсыбір мақсаттан, яғни құбылыстан, ситуациядан бастау алады. Мұндай стимул ретінде өткен кезеңдегі қызмет нәтижесі туралы есеп, нарықтағы өзгерістер жайлы мәлімет және т.б. алынуы мүмкін.

Шешім қабылдау басшының әр түрлі өндірістік жағдайлардан жол табу мақсатындағы нақты іс-қимылын, әрекетін сипаттайды. Кейбір жағдайда әр түрлі шаруашылық жайындағы бастапқы ақпарат айқын болмай, қосымша мәліметті қажет етуі мүмкін. Бұл жағдайда өндірістік іс-әрекеттің бастапқы концепциясын негізге ала отырып басқарушылық шешім қабылдау және әрекет ету қиындық тудырады. Басшы мұндай анықталмағандықты азайту мақсатында қосымша күш жұмсауы қажет болады. Сондай-ақ жеке жағдайларда қажетті барлық әрекет тәсілдері қарастырылғандығына сенімсіздік орнаған болса, қосымша баламаларды іздеуге болады. Жаңадан келіп түскен ақпарат шешім қабылдаудың бастапқы концепциясын өзгерту қажет болуы мүмкін. Шешім қабылдау процесін модельдеу қабылданатын шешімдер нәтижелерін сандық бағалау мен талдау тұрғысында маңызды қадам жасауға мүмкіндік береді. Бұл қабылданған шешімдер нәтижелерін сапалық талдауға еш нұқсан келтірмейді, керісінше шешім қабылдау процесі моделін құру мен қолдану сапалы деп бағаланған басқарушылық ситуациясын арнайы енгізілген вербальді-сандық шкалалар көмегімен сандық бағалау мүмкіндігін береді.

Басқарушылық шешім қабылдау процесіне модельдеуді қолдану оны сапалы жаңа деңгейге көтеру, басқарушылық шешім қабылдау практикасына заманауи технологияларды құру мен ендіру мүмкіндігін береді. Шешім қабылдау процесіне модельді қолдану шешім қабылдау барысында менеджерге түйсіктік түсініктерді қадағалауға, негізінен қабылданатын басқарушылық шешімдердің сәйкестігін, сенімділігін, қарама-қайшылықсыздығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Дегенмен, модель осы модельде қолданылып отырған жеңілдетілген ситуация вариантының ғана рационалды шешім табуына мүмкіндік беретінін ескеру керек. Шешім қабылдау жағдайын модельдеу көмегімен алынған шешімді міндетті түрде барлық факторларды ескере отырып талдау керек, қажет болса сәйкесті түзетулер енгізілуі тиіс. Өте маңызды шешімдерді қабылдауда жағдайды жан-жақты қарастыратын өзара тәуелсіз бірнеше модель қолданылады. Алынған нәтижелерді салыстыра отырып ақырғы шешім қабылданады.

Маңызды басқарушылық шешім қабылдауда менеджердің тәжірибесі, білімі, түйсігі мен шешім қабылдауды қолдаудың жаңа технологияларының бірлесе қолданылуы тиімді нәтиже береді. Шешім қабылдау процесіне модельді қолдану басқарушылық шешімдерін қабылдау ісіне жүйелілік енгізіп, шешім қабылдаудың әртүрлі кезеңдерінің тиімді қарым-қатынасын қамтамасыз етеді.

Басқару процесінің модельдері күрделілік деңгейіне қарай ажыратылады. Мысалы мультипликативті факторлық модельдер шешім қабылдау ситуациясына әсер ететін негізгі

факторлар әсерін сипаттайды, олар қарапайым болғанымен, қолданылу барысында бірқатар қиындықтар тудырады. Ал құрылуы күрделі экономикалық-математикалық модельдер тиімді басқарушылық шешімдерді қабылдауға мүмкіндік беретін шешім қабылдауды қолдаудың заманауи жүйелерімен жабдықталған жағдайда пайдалануға өте ыңғайлы.

Басқарушылық шешім қабылдау процесі моделдерінің жалпы жіктелуін атап өтейік.

Дескриптивті және нормативті модельдер. Дескриптивті модельдер шешім қабылдау процесінің келешектегі орындалу барысын болжау мақсатында қолдану үшін оның қасиеттері мен параметрлерін сипаттайды.

Нормативті модельдер шешім қабылдау процесінің негіздік элементтері мен оның дамуын қалыптастыру мақсатында қолданылады. Нормативті модельдер шешім қабылдау процесіне және осы процеске қатысушыларды модельдеуге белсенді түрде араласады.

Индуктивті және дедуктивті модельдер. Индуктивті модельдер басқарушылық шешім қабылдауда маңызды роль атқаратын, бақылау нәтижесінде алынған жекелеген фактілер бірліктерін біріктіру негізінде құрылады. Индуктивті модельдің сапалылығы шешім қабылдау процесі ситуациясын сипаттауды қарапайым түрде жүргізуімен және модельденетін ситуацияның негізгі қасиеттерін дәл бейнелеуімен анықталады.

Дедуктивті модельде әзірлеу нақты фактілерді талдаудан емес, гипотезалық ситуациялардан тұратын жеңілдетілген жүйеден басталады. Мұнда модель құру барысы басқарылатын ситуацияның абстрактілі бейнеленуінен нақты сипатына қарай жүргізіледі.

Мәселеге бағытталған модельдер және шешім модельдері. Мәселеге бағытталған модельдер шешім қабылдауды қажет ететін нақты проблемалық ситуацияға қолданылатын жаңа әдістерді енгізу арқылы құрылатын модельдеу бағыты. Мұндағы басты мәселе нақты басқарушылық процесі модельдеуде жаңа әдістерді бейімдеу.

Шешімдер модельдері тәжірибелер жүргізу мүмкіндіктері мен басқарудың жаңа технологиялары мүмкіндіктерін ескеріп құрылады. Мұндай модельдерде пайдаланылатын алгоритмдер модель құрылымы мен қолданылу жағдайларына спецификалық талаптарды анықтайды.

Бір мақсатты және көп мақсатты модельдер. Кейде шешімнің альтернативті вариантын бағалау үшін өзара сәйкестендірілуі қиын мақсаттары бар әртүрлі тәуелсіз критерийлерді қолдану керек. Бір мақсатты модель деп ұйымның ұмтылатын нақты бір ғана мақсаты болғанда немесе бір кешенді мақсатқа жетелейтін бірнеше мақсаттардың бар болуы жағдайында құрылатын модель.

Көп мақсатты модельде бір кешенді мақсатқа біріге алмайтын өзара тәуелсіз бірнеше мақсаттарға ұмтылу жүзеге асырылады. Баламалы варианттарды бірнеше критерий бойынша салыстырып, оларды оптималдайтын әдістер де бар.

Детерминисті және стохастикалық модельдер. Детерминисті модельде шешім қабылдау жағдайының дамуына әсер ететін барлық факторлар бір жақты анықталған және шешім қабылдау мезетінде олардың мәні белгілі.

Стохастикалық модельде шешім қабылдау жағдайының өзгеруіне әсер етуі мүмкін болатын анықталмағандық элементтері бар болады. Детерминисті модельдер анықталмағандық жағдайын толық сипаттай алмайды, дегенмен олар стохастикалық модельде қолжетімді емес қосымша факторларды ескере алады. Ешбір модель барлық факторларды абсолютті түрде ескере алмайды. Жоғары деңгейде әзірленген модель ең маңызды деп саналатын факторларды ескеру мүмкіндігін береді.

Шаруашылықты басқарудың нақты процесінде менеджер шаруашылықтың қызметі барысында шешімі табылуы тиіс проблемаларға жолығуы мүмкін. Бұл проблемалар шаруашылықтың стратегиялық және тактикалық мақсаттарына байланысты болады. Сонымен қатар сыртқы және ішкі орта жағдайына, басқарылатын және басқарылмайтын параметрлерге де тәуелді болуы мүмкін. Басқару процесі барысында мүмкін шешімдер кеңістігін құрайтын шешімдердің баламалы варианттары дайындалады. Басқарушының басты міндеті әрбір мәселе үшін шешімдер кеңістігінен ұйымның алға қойған мақсатының қол жеткізетіндей ең сәйкесті альтернативті вариантын анықтау.

Шешуші ережелер бір мақсатты модельде де, көп мақсатты модельде де салыстырылатын шешімдер варианттарына бір критериялық не көп критериялық баға беруге мүмкіндік береді.

Ең көп таралған шешуші ережелерге келесілерді жатқызуға болады:

- әрбір баламалы шешім варианты үшін бірегей критерий кешенінің мәндері ескерілетін «салыстыру» әдісі;
 - Парето принципі, мұнда бірнеше критерийлер бойынша баламалы шешімдер варианттарының бағаларын салыстырып, «доминантты» шешімдер алынып тасталынады.
 - Лексикографикалық таңдау, мұнда таңдау алдымен маңыздылығы басым критерийлер бойынша, содан соң маңыздылығы төмендері таңдалынады.
 - Максимин ережесі. Бәсекелестің тиімсіз әрекеттері жағдайында максималды эффект беретін вариант таңдалынады, кепілдік түрде нәтиже алу стратегиясы жүзеге асырылады.
- Баламалы шешімдер варианттарының пайдалылық функцияларын қолдануға негізделген шешуші ережелер кеңінен таралған.

Әдебиеттер:

1. Сапарбаев Ә.Ж., Жалбырова Ж.Т. Күріш шаруашылықтарының өндіріс тиімділігін арттыру модельдері. - Қызылорда, 2002.
2. Сапарбаев А.Д., Рахметова Р.У. Моделирование повышения эффективности производства риса. – Алматы: “Ғылым”, 1997.- С.161-178.
3. Әбуов К.К. Экономикалық-математикалық тәсілдер.(Математикалық программалау және ауыл шаруашылығы өндірістік жүйелерді экономикалық-математикалық модельдеу).-Алматы: Қайнар, 1992. - 172б.

Резюме

В статье рассматривается моделирование и формирование управленческих решений производственной деятельности рисоводческих хозяйств. Также рассмотрены основные этапы и модели процесса управления, а также действия руководителя в ходе подготовки и принятия решения.

Summary

In clause the modeling and formation of the administrative decisions of industrial activity рисоводческих of facilities(economy) is considered(examined). Is considered the basic stages and models of process of management, and also action of the chief in a course of preparation and acceptance of the decision.

ӘОЖ: 631.3+556.18:626(627)/(574.5)

СЫРДАРΙΑ ӨЗЕНІНІҢ ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

*Сагаев Ә.Ә., Елібаева А.Ә. (Қорқыт Ата атындағы ҚМУ)
Ногаев Ш.Н. (Арал-Сырдария экология департаменті)*

Сырдария өзені Нарын мен Қарадария өзендерінің қосылуынан пайда болған бассейндегі басты су артериясы болып табылады. Сырдария өзені бассейні алабының (жалпы су ауданы – 444 мың км²) 250 мың км² (немесе 56,6 %) Қазақстан Республикасының аймағына кіреді, су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Арал-Сырдария бассейндік инспекциясының бақылауында. Ал қалған территориялар Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстан Республикаларына жатады. Қазақстанда Сырдария өзені бассейніне Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстары (Созақ ауданынан басқа) толығымен орналасқан.

Қызылорда облысының территориясында Сырдария өзен суының деңгейін және химиялық құрамын анықтау үшін жеті гидро бекеттер орналасқан, олар: Көктөбе, Төменарық, Тасбөгет-Қызылорда, Қараөзек, Жосалы-Қараөзек, Қазалы және Қаратерек. Бұл гидро бекеттерде (Төменарық, Қызылорда, Қараөзек және Қазалы) бақылау жұмыстары 1910-1913 жылдарынан басталған.

Сырдария өзенінің қазіргі экологиялық жағдайы қалай? Бұл сұраққа жауап беру үшін Қызылорда облысы шекарасындағы Көктөбе гидрологиялық бекетіндегі алынған судың химиялық құрамын кестеде келтірдік (кесте 1).

Кесте 1 – Сырдария өзен суының Көктөбе жақтауындағы көп жылғы бақылау кезеңдеріндегі гидрохимиялық құрамы, мг/л

р/н	құрамы	мөлшері	р/н	құрамы	мөлшері
1	Минерализациясы	864,0	10	Фосфаттар	0,036
2	Қалытқы заттар	26,2	11	Мұнай өнімдері	0,063
3	БПК ₅	2,67	12	Фенолдар	0,02
4	ХПК	6,2	13	СПАВ	0,002
5	Хлоридтер	116,15	14	Темір	0,11
6	Сульфаттар	606,00	15	Қорғасын	1,96
7	Аммоний азоты	0,024	16	Мыс	3,2
8	Нитритті азот	0,048	17	Мырыш	4,8
9	Нитратты азот	2,81	18	Фторидтер	0,96

Бұнда атап өтетін бір жай, практикада өзен суын ластайтын белгілі бір жылдағы алынған ластаушы заттардың гидрохимиялық анализі ластау динамикасын толық-қанды ашпайды, себебі жыл сайынғы сақталған ластаушы заттардың көлемдерінің белгілі бір айларда, кварталда немесе жылдарда – едәуір айырмашылығы болады. Оған себеп гидрохимиялық режимдердің гидрологиялық режимге байланыстылығы, яғни су ағынының ластануы белгілі бір жылдың сулылығына тәуелділігі.

Сырдария өзені суының антропогендік химиялық құрамы Өзбекстан Республикасында қалыптасады. Қызылордаға (Көктөбе шекаралық жақтауға) өзен суы өте лас жағдайда келіп түседі және құрамында мұнай өнімдері - 7 ШРК, фенолдар – 3 ШРК, мыс – 13 ШРК, нитритті азот – 8 ШРК, сульфаттар – 3 ШРК. Жоғарғы ластану деңгейі көктемгі кезеңде байқалады (кесте 1).

Шардара су қоймасының аймағында негізгі ластаушы заттар сульфаттар, мыс, нитриттер, мұнай өнімдері болып табылады. Сульфаттардың жоғарғы концентрациясы 8 ШРК, нитриттер – 3 ШРК, мұнай өнімдері мен мыстар – 4 ШРК. Кадмиймен ластану өте жоғары деңгейде байқалды – 15 ШРК.

Зерттеулер сульфаттың таралуы 1 жылдың ішінде барлық жерде жаппай көбею тенденциясын көрсетеді. Мысалы, табиғи гидрологиялық режимде қысқы мезгілде сульфаттың жоғарғы концентрациясы Төменарық жақтауында 200-ден 300 мг/л, ал жазда төменгі деңгейі 180 мг/л жеткен. Қазіргі деңгейде қысқы айларда олар 500-600-дан 1200 мг/л дейін байқалуда, ал жазда 800 мг/л және одан жоғары.

Шартты-табиғи кезеңнің қыс айларында Қызылорда жақтауында ең жоғарғысы – 200-300 мг/л, төменгісі – 150-180 мг/л. Қазіргі жағдайда сульфаттың нақты концентрациясының жоғары деңгейі 600-1000 мг/л, ал жазда төменгі деңгейі 400-500 мг/л.

Қазалы жақтауында да осындай тенденция байқалуда. Хлоридтерге, ауыр металдарға, пестицидтерге қатысты осы жағдайлар Сырдария өзенінің ұзына бойының барлығына қатысты, яғни Көктөбеден бастап Қазалы жақтауына дейін.

Біздің түсінігіміз бойынша, бұл суару үшін су ресурстарын экстенсивті пайдаланудың нәтижесі, яғни тазартылмаған коллекторлы-кәрізді тізбектің сулары өзеннің негізгі арнасына тасталып, оны өзеннің төменгі ағысында дақылдарды суаруға және су тұтынуға пайдаланған жағдайларда болады. Мысалы, Оңтүстік Қазақстан облысының суармалы алқаптарының 900 млн. м³ дейін коллекторлы-кәрізді суларын Қызылорда облысында қайтадан пайдаланады. Осы кезде өзен суының құрамындағы металдардың, сульфаттардың, хлоридтер және пестицидтердің иондары барлық жерде ШРК артады.

Сырдария өзеніне жақын орналасқан тау-кен өнеркәсіп өндірістері болмағандықтан өндірістік ластану Қазақстан территориясында кездесе бермейді, тек қана ауылшарушылығы жағдайындағы ластану.

Сырдария өзенінің төменгі ағысының ауыр металдармен және микроэлементтермен ластану көзі Бадам өзенінің суы болып табылады. Шымкент қорғасын зауытының өңделген кендер су қоймасымен ластанатын Бадам өзені. Ол өз кезегінде Арыс өзені суымен араласып Сырдария өзенінің антропогенді әсерін төмендетеді. Мысалы, қорғасын зауытының маңындағы Бадам өзенінің учаскесінде мыстың – 5, нитриттардың – 3,3, мұнай өнімдерінің – 3,7, фенолдар және сульфаттардың – 3,5 ШРК дейін өскені байқалады.

Сырдария өзені суының ластануының басты себебі су шаруашылығына қатысушы мемлекеттер арасында өзен экожүйесінің қажеттілігін қамтамасыз етуде санитарлық су жіберу

немесе төменгі қажеттіліктегі су өтімін өткізу түріндегі ескі ұстанымда болды. Нәтижесінде қазіргі кезде негізгі трансшекаралық өзендердің барлығында тозған өзен экожүйелері ғана қалды. Антропогендік әсерлердің қалған факторлары су ресурстарын пайдалану кезінде трансшекаралық өзен ағындарының экологиялық критерияларын негіздейтін экологиялық ағынның болмауы салдарынан. Мысалы, суару - негізгі су тұтынушылардың арасында монополист бола отырып, ауылшаруашылығы дақылдарының суармалау нормасын анықтайтын биологиялық әдістемелердің еш уақытта болмауы. Бұған ауылшаруашылығы танаптарында пайдаланылатын су өлшейтін әртүрлі қондырғылардың жоқтығын қосатын болсақ, онда судың артық шығыны және коллекторлы-кәрізді жүйенің өз функциясын атқармауы жағдайында екінші қайтара сортаңдалу процесі анық болатыны түсінікті. Судың ысырабы, су көлемінің сарқылуына және қатты тұздалған, химиялық құрамы бойынша ластанған суды өзеннің төменгі ағысында екінші, үшінші қайтара пайдалануға әкеліп соқтырады. Бұл, пайдалы әсер және жерді игеру коэффициенттерімен дәлелденеді. Қызылорда облысында бұл коэффициенттер 0,60 шамасында.

Әдебиеттер:

1. Схема комплексного использования и охрана водных ресурсов бассейна р. Сырдарьи с притоками. Конспект.- Алматы, 2008.
2. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ғылыми зерттеу жұмыстарының есебі.- Қызылорда, 2005.
3. Арал-Сырдария экология департаментінің 2000-2010 ж.ж. мәліметтері.
4. Бурлибаев М.Ж., Бурлибаева Д.М. «О современном экологическом состоянии реки Сырдарьи». Географические проблемы устойчивого развития: теория и практика.// ҚР ЖМБҒО АҚ География институтының 70 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары.- Алматы, 2008.

Резюме

В данной статье отражены главные причины загрязнения реки Сырдарьи.

Summary

This article reflects the environmental conditions of the Syr-Darya river at the present time.

**ЖОЛ КӨЛІК ОҚИҒАСЫ ЖӘНЕ КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ АҚАУЫН
САРАПТАУДЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Аленов Қ.Т., Сейдахметова И.Ж. (Қорқыт Ата атындағы ҚМУ)

ҚР «Жол қозғалысының қауіпсіздігі туралы» заңында автокөліктің жүргізушілерін дайындауға ерекше көңіл бөлінген. Белгілі жағдай, мемлекеттік көлік саясатының аспектрлерінің бірі **жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету шарттарын ұстап тұру, үнемі жақсарту және жетілдіру** [1].

Елімізде автокөлік саны ұдайы өсіп келеді. Қазіргі кезде жеңіл автомобилдер саны 40 % артып отыр. Жеңіл автомобилдердің саны негізінен Алматы, Астана, Қарағанды және Қызылорда т.б. қалаларда өсіп келеді. Автомобиль көлігі өз ерекшеліктеріне байланысты азаматтардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне айтарлықтай қауіпті. Қозғалыс қауіпсіздігі шарттар кемелінің кең көлемімен байланысты және «жүргізуші-автомобил-жол-орта» (В-А-Д-С) кешенімен сипатталады. Басқаша айтқанда жол қозғалысы қауіпсіздігінің жоғарғы дәрежесін қамтамасыз ету үшін әрбір айтылған фактордың тиімді сипаттамасы болуы және олар барлығы өзара толық сәйкестікте болулары керек.

Әр түрлі зерттеулерге сәйкес ЖКО пайда болуы үш негізгі себептермен байланысты. Олар: адам факторы, жолдың және оны қоршаған ортаны күйі және АК техникалық күйі.

ҚР автомобиль жолдарындағы жағдай ұзақ уақыт бойы қауырт болып қалып отыр. Жол статистикасы көрсеткендей, ЖКО –дан күн сайын 10-12 адам қаза болады және 40-тан көп адам ауыр дене жарақатын алады. Республикадағы әрбір 100 жараланғанның 20 дейінгі саны қаза болады. Ал АҚШ-та 100 жараланғанның 1,3 адамы қаза болады. Европада ең жоғарғы деңгей 4,5 адам. Жол жағдайын талдау көрсеткендей, $\frac{3}{4}$ ЖКО қалалар мен тұрғылықты мекендерде болады. ЖКО жалпы санының $\frac{1}{4}$ -мен көбін жүргізу дағдысын сенімді білмейтін жас жүргізушілер жасайды. Қатермен күрес - ең алдымен бұл автомобилді басқару кезіндегі адамның қате әрекеттерімен күрес жүргізушінің қате әрекетінің әртүрлі себептері болуы мүмкін: тәртіпсіздігі, жеткілікті оқытылмағандығы немесе өте шектеулі психфизиологиялық мүмкіндігі. Жүргізушінің маманданған қызметінде адам қабілеті негізінен келесі сапалармен анықталады: жақсы физикалық дамуымен, төзімділігімен, қимылдарының жақсы үйлесімділігімен және т.с.с.

Басқарудың маманданған дағдысын және ЖҚЕ қатаң білуі керек.

Егер жүргізушілік мамандығы қызметіне адамның жарамдылығын медкомиссия анықтаса, ал АК басқарудың маманданған дағдысы мен ЖҚЕ қатаң білу –дайындық курстарында игеріледі [2].

Көлік құралдарының техникалық жүйелерін диагностикалық тексеруді, сарапшы автотехник болып жұмыс істей алатын, автокөліктерді пайдаланумен айналысып жүрген, ізденіс жүргізудің әртүрлі ғылыми сараптамалық әдістерін меңгерген маман атқаруы тиіс. Сарапшы автотехник автокөлік элементтерінің ақауын, оның неден болу себеп салдарын айқындап, қажетті жұмысқа жарамды немесе жарамсыз бөлшектерін анықтап, оның неден болғанын аша алатын және онан әрі қарай жұмыс істеу мүмкіншілігін болжай алатын инженер – ұйымдастырушы болуы тиіс. Сарапшы автотехниктің алға қоятын негізгі мақсатарына автотехникалық сот сараптамасы өндірісінде бөлшектердегі ақаудың неден болғанын нақты таба білу, техникалық диагноз қою, құрылымның қайсы жүйе жұмысында кемшілігі және оның неден пайда болғанын, оған әкелген себепті айқындай алатын, яғни қандай бөлшектің қалай істен шығу себептері, оның пайда болу уақытын анықтауды жатқызамыз [1].

Зерттеулердің сипатына қарай сараптама жұмысына әртүрлі *мақсаттар* қойылады. Сараптамашы автокөлікті диагностикалауда, оның сараптамаға алынатын элементтері және түйіндерін белгілейді - оның жүйесінің жұмыстан шығу жағдайына әкелу себепін анықтап, олардың қазіргі өзгеру күйін бейнелеп түсіндіреді. Бұнда сарапшы жүйе элементтерінің ақау құрылымы туралы фактілермен шектелмейді. Техникалық ақаудың неден болу себептері және оның болған уақыты анықталады. Оған байланысты ақаудың табылуы ЖКО-ға дейін, немесе ЖКО кезінде болғандығы фактімен байланыстыра жүйелі жағдайында қарастырылады.

Болған жағдайды анықтау үшін әдепкі-тергеуде табылған ақау түріне қатыстыра және автокөліктің түріне қарай құрылым жүйесінің жұмыс істемей қалу себепімен байланыстыра жүргізіледі. Сарапшының техникалық біліктілігінің арқасында, зерттелетін элементтің немесе түйіннің ақауын анықтау, нақтылы деректермен жүйе жұмысын қайта зерттеу арқылы жөнделуіне тексеруді нұсқауларға сәйкестендіре қарап талдайды.

Сарапшы ЖКО-ның болу себебіне әкеп соққан, немесе оған жағдай жасаған автокөлік құрылымының жұмыс істемей қалу себебін табады. КҚ техникалық жағдайына, оның жұмысқа қабілеттілігі дәрежесін анықтау бағытында іс-шаралар өткізуге ұсыныстар бере алады. Сонымен қатар, сарапшы зерттейтін жүйеге қатысты фактілерді тек қана айқындап қоймай, техникалық жағдайына тиісті материалдарды жинап, жүйелеп оны дұрыс түсіндіріп жазып беруі тиіс. КҚ құрылымының дұрыс істемей қалу себептерін карауда сарапшы белгілі бір жүйені сақтауы тиіс. *Сараптамалық зерттелетін кез келген жүйе келесі кезеңдерімен ерекшеленеді:* зерттеуге дайындау; КҚ механикалық қозғалысы кезіндегі жұмысын тексеру, оның жүйесінің сыртқы түрін байқау; механикалық бөлшектерінің, түйіндерінің құрылымын ашып, ақау түрін табу; анықталған деректер мен нәтижелерді бағалау және оны қортындылау. КҚ ақауының жағдайын зерттеу реттілігі оны жүргізу мен сарапшы алдына қойған мақсаттармен байланыстырылады. Мысалы, тергеушінің сараптауды автокөлік ақауына жүргізуге қойған талабын ЖКО орнында зерттеуді өткізу мүмкіншілігі шектеулі боған жағдайда, оны арнаулы шеберханада тексеруді қажет етеді. Сарапшы жұмыс жағдайына байланысты зерттеуге тиісті объектінің түріне қарай қажетті аспаптар мен құралдарды жұмысқа дайындайды, қажетті анықтамаларды пайдалана отырып, схемаларын сызады, зерттеулерге қажеттілерді таңдайды, зерттеу нәтижелерін ретке келтіреді.

КҚ жүйелерінің сыртқы соққы түрін байқау арқылы оның бөлшектерінің үстінде қалған бояу қабаттарының, қанның, киімнің, батпақтың және басқа қалдырған із түрлерін суреттейді және басқа да із түріне, яғни зақым түскен майысқан жерлеріне, сызаттарға, жарылған тұстарына, сұйық аққан жерлерге, тағы басқа бөлек бөлшектерінің бекітілу дәрежесіне, руль люфтілеріне, рычагтар мен педальдердың қатылығының өзгеруіне сипаттама беріледі.

Сыртқы ақауын байқауда майысу көлемінің және жүйенің кейінгі өзгеру құрылымын анықтайды. Тап осы сыртқы байқаудың деректерінің нәтижесімен, соққының нақты орынын, зақым болу себебін құрылым жұмысына оның тигізген ықпалын анықтауға болады [2,3]. Бұл сарапшының алдына қойған мақсатын тез және аз уақытта дұрыс шешуіне ықпалын тигізеді.

Негізінен, өндірістік сараптама кезінде көз жеткізетін қажетті нәрселер, зерттеу объектілері жеткілікті болады. Егер ол белгілі бір себептермен болмаған жағдайда сарапшы - қортынды жауап берудің мүмкін еместігін хабарлауы міндетті. Мысалы, егер сараптамалық зерттелуге тиісті автокөлік оның иесінің үйінде сақталған болса, яғни автокөлік жүргізушісі оны жөндеген болса, онда сараптау нәтижесінің дұрыс болмайтыны түсінікті де. Мұндай жағдайда сараптамалық зерттеу кезіндегі оның техникалық жағдайы туралы жүргізілген жұмыс дұрыс болмайды.

Жол қозғалысын ұйымдастыру мақсаты үшін қажет үш сараптамалық бағыттағы ЖКО материалдарына есептемелік ізденістер жүргізуге болады. [3].

1. Белгілі бір әкімшілік территориясында апаттың болу жағдайын қадағалау бағалау және жол қозғалысын ұйымдастырудағы жүргізілетін іс-шараларға байланысты өзгеру тенденциясын ашу;

2. Себептер мен факторларда анықтауда, ЖКО –ның туындауына қызмет етуде және оны қалпына келтіру шараларын құрып жасау;

3. Жолдағы ЖКО ошағының араласқан шағын орнымен аланды бөліп алу;

Осы тиісінше үш аталған талдау бағытында оның жүргізу әдісін қолдануға болады. Бұған кіретіндер: сандық; сапалық; сызбалық талдауларды кіргізеді.

Автокөліктің негізгі қауіпсіздігіне әсер ететін құрылымдарына: тежеу құрылымы, рульдік басқару жүйесі, жүріс бөлігінің құрылымдары, трансмиссия бөлігінің құрылымдары, электроқұрылымдық жүйелері кіреді.

Тежеу құрылымының құрлысы мен жұмысы. Автокөлікте негізгі аяқ (аяқпен тежеп жұмыс істейтін) және тұрған кезде қолданатын (қолмен атқарылатын) қол тежеушінің құрылымы қарастырылған. Автокөліктің дөңгелегі арқылы тежелу барлық дөңгелектеріне барабанды түрде колодкамен қысу арқылы жүзеге асады. Автокөліктердің түрлеріне қарай олардың беріліс түрлері механикалық гидравликалық, пневматикалық болып бөлінеді.

Автокөліктің гидравликалық жетегінен тежеуіш сұйығының ақпауы, пневматикалық жетекте сығылған ауа түтіктерден, шлангілерден және басқа да жалғанған жерлерден шықпауы қаралады. Техникалық талап бойынша диагностикалық параметрі автокөліктің зауыттың пайдалануға берілген өлшемдерінен және мемлекеттік стандартқа сай (ГОСТ 25478-82) бөлшектері шектелген нормадан ауытқымауы керек [2].

Рульмен басқару жүйесі. Рульмен басқару жүйесі автокөліктерді барлық жағдайда сенімді әрі жеңіл басқаруды қамтамасыз етуі тиіс. Атокөліктердің жолда жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету рульмен басқару жүйесінің ақаусыздығына тікелей байланысты. Рульмен басқару жүйесінің ақауынан

болған жол көлік оқиғасының зардаптары өте ауыр болады. Автокөліктің техникалық пайдалану ережесі мен жолда жүру ережесінің талаптары бойынша рульмен басқару жүйесінде ақауы бар автокөліктерді пайдалануға тыйым салынады. Руль дөңгелегінің бос айналу мөлшері, оны шығарған заводтың көрсеткішінен артпауы керек, ал заводтың көрсеткіші жоқ болған жағдайда 25°-тан артпауы тиіс. Сол сияқты руль тартқыштары мен гидрокүшейткіштердің ақауын және алдыңғы дөңгелектің бекіту бұрышы мен олардың подшипниктерінің дұрыс реттелуін назардан тыс қалдыруға болмайды. Егер тексерілетін автокөліктің басқару жүйесінде гидрокүшейткіші бар болса, онда оны іске қосып барып тексереді. Рульмен басқару жүйесі бос бекітілсе және жүретін жол тегіс болмаса, жүріп келе жатқан автокөліктің алдыңғы жағын оңды-солды лақтырып, ал тегіс жолдың үстінде де бір жағына қарай бұра тартатын болады.

Руль дөңгелегінің мөлшерден артық бос айналуы жүргізушіге артық қимыл жасатып, дөңгелекті бұруға біршама уақытын кетіреді, бұрылу кезінде машинаны басқару дәлдігі бұзылады. Осы айтылғандардың бәрі жүргізушінің жұмысын қиындатып, кейбір жағдайда жол көлік оқиғасына ұрындыруы мүмкін. Руль дөңгелегінде қандай да бір ақау пайда болған жағдайда, мысалы оның пласмасса қабатының сынуы немесе руль тартқыштары серіппелерінің сынуы сияқты жағдайларда автокөліктерді жүргізуге тыйым салынады. Автокөлікті жүргізер алдындағы тексеру кезінде руль дөңгелегін алдымен оңға, солға бұрып, одан кейін жоғары-төмен тартқылап тексеріп көру қажет [2].

Жүріс бөлігінің құрылымы. Автокөліктің жүріс бөлігінің өте ауыр жағдайда жұмыс істейтіндігін ескерген жөн. Олар жұмыс кезінде соғу күшіне ұшырайды, теңселеді, кірлейді. Соның салдарынан бөлшектердің бекуі босайды, реттеу және алдыңғы дөңгелектердің қондыру бұрышы бұзылады, рессордың отыруынан немесе сынуынан белдіктердің орындары өзгереді және доңғалақ табаны тозады. Автокөліктің жүріс бөлігіне техникалық қызмет көрсеткен кезде оның жалпы күйін тексереді, (күпшек) подшипниктерінің тартылуын реттейді, дөңгелектің қондыру бұрышын тексеріп реттейді, амортизаторларға сұйық құяды, дөңгелек барабанын қарайды және барлық жүріс бөлігін майлайды.

Шинадағы ауа қысымы манометрдің көмегімен тексеріледі. Қысым әр машинада әр түрлі техникалық талап деңгейінде болуы керек. Автокөлік шиналарының қысымдарының артық не кем болуы олардың қаңқа жігінің ыдырауына немесе үзілуіне және протектордың тез тозуына душар етеді [2].

Трансмиссия. Автокөліктердің трансмиссия агрегаттарының техникалық күйі қозғалтқыштың күшін үстіндегі тиелген жүгі мен жылдамдығына қарамастан автокөлік дөңгелектеріне біркелкі әрі сенімді етіп берумен анықталады.

“Техникалық пайдалану ережесі” мен “жолда жүру ережесіне” сәйкес трансмиссия агрегаттарының ақауы бар автокөліктерді жүргізуге тыйым салынады. Ілініс жүйесі толық қосылмайтын (тайғақтайтын), жүк тиелген автокөлік өрге қарай көтеріле алмайды және тоқтаған кезде төмен кетіп қалуы мүмкін. Сонмен қатар, мұндай ақауы бар автокөліктердің тегіс жердің өзінде орнынан қозғалуы, жылдамдықты арттыру мерзімі созылмалы болып келеді. [2].

Жарық беру және дыбыс беру электроқұрылымдары. Жарық беру және дыбыс беру электроқұрылымдарының құрылымы мен жұмысы. Бұған, ток көзі, от алдыру және қозғалту құрылымы (приборы зажигания и пуска), жарық беру жүйесі, жүргізушінің желдеткіші, жылу беретін желдеткіш, әйнек тазартқыш, сақтандырғыш (предохранители), бақылағыш-өлшегіш приборлар, электрожелілер кіреді.

Автокөліктердің жарық приборларының ақаусыз істеуі олардың тәуліктің қараңғы кезінде апатсыз жүруіне үлкен әсерін тигізеді. Фарының реттелген жерінен ауытқуы түсірген жарық күшінің аздығы жолдың көрінуін нашарлатады. Дұрыс реттелмеген фардан жоғары, солға немесе өте төмен бағытталған сәулелер қарсы келе жатқан машина жүргізушісінің көзін шағылыстырады немесе жолға түсетін жарықтың ұзындығын қысқартады. Егер автокөлік фарының жақын жарығын қосқанда 30 м, ал алыс жарығын қосқанда 100 м қашықтықты көрсетпесе, ондай автокөліктерді пайдалануға болмайды.

Номер белгісін көрсететін жарық оның 20 метр қашықтықтан анық көрінуін қамтамасыз етуі керек. Барлық көлік құралдарының алдыңғы жағындағы жарығы ақ түсті, артқы жақтары қызыл, ал екі бүйіріндегі жарығы сары түсті болуы тиіс. Сол сияқты жарық шағылыстыратын әйнектер де осы түстес болады [2].

Автокөліктің техникалық ақауына жүргізілетін диагностикалық зерттеу арқылы анықталатындар: [5].

1. Тежелу жүйесі ақаусыз ба, немесе автокөліктің рульдік басқару құрылымының, шинасының және басқа да бөлшектерінің, түйіндерінің ақауы болды ма.

2. Көлік құралдарының тежелу жүйесінің (автокөліктің рульдік басқару құрылымы, автокөлік шинасы) жағдайы көрсетілген талапқа, стандартқа сай болды ма.

3. Көлік құралының рульдік басқару құрылымдағы топсасының (немесе тягының) сыну себебі неде.

4. Рульдік басқару құрылымындағы топсаның, немесе басқа тораптарының зақымдануы ЖКО кезінде, немесе одан бұрын болғандығын анықтау.

5. Көлік құралының рульдік механизмінің, немесе басқа құрылымдарының ақауының болу себептерін анықтау.

6. Көлік құралының сырғанауына немесе еріксіз қозғалыс бағытын өзгертуіне оның ақауы себеп болды ма.

7. Жүргізушінің автокөлікті жүргізер кезде техникалық ақауы барын немесе құрылғының сыртқы зақымдануын көріп, байқауға мүмкіншілігі болған ба.

8. Көлік құралының техникалық ақауының (автокөліктің рульдік басқару құрылымы, шиналарының, жарықтандыру құрылғыларының, тежеу жүйелерінің және басқа да бөлшектер мен түйіндердің) әсерінен соқтығысу (қағу, аударылу, сырғанау, қарсы қозғалыс жолағына шығып кету және т.с.с.). фактісінің арасында байланыс бар ма.

9. Көлік құралының қарсы қозғалыс жолағына шығып кетуінің тежелу жүйесіне, шина қысымының біркелкі болмауына, оның бүдірінің тозуына байланысты болды ма, ондай болса оның бұл байланысы немен көрсетілген.

Көлік құралдарына бөлшектеріне қолданылатын сараптамалық зерттеу әдістемелерінің түрлері: жалпы көзбен шамалып байқау; трасологиялық зерттеу; фрактографиялық (сынықтығын) талдау; қаттылығын өлшеу; металлографиялық талдау; беріктігін есептеу; кинематикалық талдау.

Сараптамалық зерттеуде КҚ бөлшектерінің бүліну себебі, істен шығу уақыты анықталады, сонымен қатар жол көлік оқиғасы механизмінің ерекшеліктері ескеріліп, қажет жағдайда қайта сараптамалық іздестіру кезеңі белгіленеді.

Көзбен шамалап байқаудың негізгі мақсаты автокөліктің түйіндерінің (соның ішінде, заводтық таңбалары немесе фирмалық белгілерін табу) өзгеруін бағалап, майдың аққан жерлерін анықтап, лактелген сырдың жабылу сипатын (егер сондай жағдай қажет болса), коррозия іздерінің қалуын байқау болады. Көзбен шолу арқылы байқауда әртүрлі үстіңгі қабатының зақымдануы (сыдырылған, ілінген, майысқан жерлер, т. с.), жалпы түрінің өзгеруі, жарылулары, сынықтар түрлері анықталады. Сонымен қатар, оны анықтауға арналған әртүрлі бірнеше есе үлкейтетін лупаларды қолдана алады. Көзбен шолуда, әр түрлі мөлшерлерді өлшеуге арналған (сызығышпен, штангенциркульмен, микрометрмен, бұрыш өлшеуішпен, резбומרмен өлшейтін) құралдарды пайдаланып нақты мәнін табады. Өлшеулердің мәнінің нәтижелері оларды анықтауға арнап дайындалған сызбалардың түзуімен, немесе пайдалануға жарамды бөлшектерімен салыстырады.

Бөлшектерге жабысқан кірлерді тазартуға керосин, бензин, солярканы пайдаланады. Тотықтарын кетіруге арналған кір жуатын арнаулы резинка (ластик) қолданады, ал қатты тотыққа ұшыраған бөлшектерін қышқылдардың ертінділерімен (кейде аммиак ертіндісімен) тазартады. Бұндай байқау, сараптамашы алдына қойылған мақсаттарды анықтауға жағдай туғызады, сондай-ақ оны одан әрі зерттеу жүргізу жоспарын құруға мүмкіншілік береді. Сонымен қатар, КҚ басқа бөлшектер түйіндерін зерттейтін жалпы кинематикалық байланысын талдауға, өзгерістерін бағалауға болады, соққы деформациясының талапқа сай болуы анықталып, бөлшектердің бір-бірімен байланысқан басқа да зақым келтіру түрлері ашылады. Бұнда, өз алдына келген бөлшек түйінін ғана емес КҚ бүтіндей (немесе оның бөлек жүйесінің) қосымша бір-бірімен байланыстарын байқау қажеттілігі туындайды. КҚ рұқсат етілген бөлшектерін сараптауда қосымша объектілерді талдау қажеттілігі бүлінген бөлшектерді зерттеу қиыншылығы туындаған кезінде болады (мысалды, бүлінген бөлшектер бетінің сынған бөліктері жоғалған немесе толық емес бөлек беттерінің жарым-жартысының сынықтары қалғанда).

Әдетте көзбен шамалап байқаудан кейін сарапшы КҚ-ның құрылымының зақым болу себептерінің дәлдігін жоғарылату мақсатында, оның сенімді жұмыс істеу мүмкіншіліктерін анықтау үшін, кейде әрі қарай қолайлы жағдайларда зерттеп толықтыруы мүмкін, немесе басқа да туындаған сұрақтарды шешу үшін де, қосымша тексерулер жүргізеді [3].

Трасологиялық зерттеу. Оларға әдетте қаралатын КҚ бөлшектерінің қатты денелерінің соқтығысы әрекеттестігі кезіндегі іздерінің зерттелуі жатады. Бұнда, механизмде пайда болған майысудың, сызаттардың және басқа механикалық зақым келулердің (жолақтардың), металдағы іздердің, тоттығудың және басқа да химиялық өзгерістердің жағдайы, лакпен сырланған жабулардың, пісірілген тігістердің рельефтерінің ерекшеліктері, қыздырылып істелінген, басқа да термиялық өзгерістердің орналасу ерекшеліктері анықталады. Трасологиялық әдіс әсіресе бөлшектердің жабысып қалу кездерін түсіндіру мүмкіншіліктері үшін пайдалы. Оның көмегімен жартылай жиынтықта (механикалық

жөңдейтін шеберханалар жағдайында) немесе оның бөлшек шығаратын өнеркәсіп өндірісіндегі осы бөлшекті падалану сипаттамасына байланыстыра мәселені шешу болмақ.

Болттардың бастары мен гайкалардың жапырылуы, лакты-сырларының бетінің жабылуының бұзылуы, тербелу денелерінің майысқан жерлердің учаскелерін және айналмалы подшипник жолының соққысы туралы, құрылым түйінін ашқанда анық көрінетін бөлшектер қарастырылады. Бояуының және сынған, жапырылған беттерінің, немесе берілген бөлшектерінің жарылу сипаттамасы көрсетіледі. Тігісінің сырт пішінін дәнекерлеп пісірілген қосылыс түрлері анықталады (электрлік немесе газды дәнекерлеу, ісіндіріліп қолмен немесе автоматты түрде дәнекерлеу). Бөлшек беттерінің рельефіне қарай - оның қайралып істелінгені, немесе штамптап құйып дайындау тәсілімен орындалуын анықтайды [3].

Фрактографиялық (сынықтық) байқау. «Фракто» сөзі - ағылшынша «сынық» сөзінің түбірінен алынғанын көрсетеді, яғни бұл байқауда метал немесе басқа заттар сынықтарының беті ғана тексеріліп зерттелінеді. Фрактографиялық байқау (трасологиялықтан айырмашылығы, бұл бөлшектің бір жақ беттерін зерттейді) сынықтардың көзбен анықтауға болмайтын тұстарын өңдеу арқылы ізденістер жүргізеді, яғни сынықтың беті кірлерден, тотықтан тазаланады, ал оны анықтауға кішкене сынықтарды тексеруге арналған арнаулы лупалар және оптикалық микроскоптар пайдаланылады. Егер сынықтың беті күшті тотығып, рельефі өрескел өзгерісте болса, оны қышқылдардың ерітінділері арқылы тазалайды (мысалы 15-20 %-дық қышқыл тұздың ерітіндісі немесе 10-25 %-дық аммиак ерітіндісі). Көп жағдайда фрактографиялық байқау сынықтың болу себебін анықтауға мүмкіншілік береді (соққының жүктелуі, материалдың беріктігінің арттырылуы, тозып қирауы, осы сияқты себептер есепке алынады), сонымен қатар соққы бағытына және сынуына әкелетін күштердің сипаттамасына (бұнда бүгіліп, бұралып, созылып өзгеруіне) көңіл бөлінеді. Арнайы фрактографиялық байқаудың арқасында кейбір металдың сипаттамасы арқылы ақау дефектісін анықтауға болады (уақыттар, қабыршақ түрі) және термо-өңдеу (қалыңдығы және үстіңгі шыныққан қабатының, немесе цементтелген қабатының сипаттамасы) әдістерін қолданады.

Фрактографиялық байқау көптеген берілген сұрақтарына жауап беріп материалдардың сызбасына сәйкес сипаттамаларын ашады, белгісіз ақаулар дефектысының барысы мен қойылатын сұрақ бойынша бөлшектің қабілеттілігін анықтап және берілген тапсырманы ашуға жағдай туғызады [3].

Көлік құралдары мен жүргіншілер қозғалысының қауіпсіздігін ұйымдастырудағы негізгі кемшіліктер:

1. Қалалық әлеуметтік көліктердің аялдама аймағында жүргіншілердің жүретін жерін ашып, бақыланылмайтын жерлерге қоршаулар орнату;
2. Жүргізушілердің ақпарат алуына қажетті жол белгілерін жеткілікті пайдаланбау (жүргіншілердің қиылыстарда жер асты жолдарымен бос жолдарды көрсететін).
3. Қиылыстарда жүргіншілер өтетін жерге көлік пен жүргіншілерді бөлетін көлденең жол жолақтарының болмауы.
4. Мәжбүрлі реттелетін қиылыстарда бағдаршамның тиімділігі төмен болуы, көліктер мен жүргіншілер тасқынындағы қауіпті конфликттер кезінде болатын қызметі жетілдіру (Көлік пен жүргінші тасқынының арасы қажетті деңгейде бөлінбеуі және көлік құралдары жүргіншінің белгілі бір тобының қозғалысының заңдылығының кезектенуі).

ЖКО болған жердің картасын тиянақты зерттеу арқылы мынадай қорытындыларға келуге болады:

1. Жүргіншіге соғатын көп мәнді әлеуметтік көліктердің аялдмасы аймағындағы автокөліктер мен жаяу жүргінші тасқынының қиылысатын жерде болатындығы;
2. Сол жерде көліктер мен жүргіншілер тасқынын бөлетін қоршаулар құрылымының немесе оны бөлетін кең жолақтың (өсімдіктер өскен), ашық жолақ (газоны) болуы ЖКО санын азайтқан болар еді.
3. Толқынды жүргіншілер қозғалысының тасқынды жеріне ЖКО-ны болдырмау үшін жүргінші өтетін жерлер дайындау (жер асты жолдары, жүргіншілер тратуары).

Көше жол торабын жол белгілерімен, бағыттағыш сызбалармен, құрылымдар көмегімен қамтамасыз етуді тиімді ұйымдастыру жол қозғалыс қауіпсіздігін жоғарылатуға әсерін тигізеді.

Факторлар мен себептерге талдау деп-жол қозғалысын ұйымдастыру саласындағы деректер мен қозғалыс қауіпсіздігін зерттеу жұмысындағы тәжірибелердің нәтижесін айтамыз. Осы аталған себептер мен факторларды талдау жұмысындағы ізденістер жол қозғалыс қауіпсіздігін зерттеу жұмыстарына қолданылатын деректер болып табылады.

Жол белгілерін қою реті ГОСТ-70807-78, ГОСТ-2345-86 мелекеттік стандартқа және Жол белгілерін қолдану туралы нұсқауларға сәйкес орындалуы тиіс. Дислокация ақпаратты көрсеткіш белгілердің қажетті мөлшері қолданылып орналастырылуы қажет. Қазақстан Республикасының заңына сәйкес жүретін жолдағы объектілердің, елді мекендердің өзін т.б. атаулары қазақша, орысша және ағылшын тілінде жазылуы тиіс. Аялдамаларда жолаушыларды отырғызу алаңшалары белгіленіп, жол белгілерінің дислокация графигінде қоршау және бағыттаушы белгілерді орнату орнымен олардың ұзақтығы көрсетіліп жасалуы керек.

Қызылорда облысында жол белгілерінің дислокация графигі Республикалық автожол бірлестігі мен Қызылорда облыстық жол полиция бөлімінің (МАЙ) қызметімен бірігіп келісіліп атқарылады. Жол қозғалысын ұйымдастыруға енгізілген кез-келген деректі құжаттар жол полициясының қосымша келісімімен орындалады.

Әдебиеттер:

1. Конвенции о дорожном движении, дорожных знаках и сигналах.
2. Правила дорожного движения РК.
3. Иларионов В.А. Экспертиза дорожно-транспортных происшествий. -М.: Транспорт, 1989.
4. Кисляков Ю. Д., Мороз Я. Н. Анализ и инженерное исследование дорожно-транспортных происшествий. // Рекомендации инженерам по безопасности дорожного движения. -Алма-Ата, 1981.-63 с.
5. Певзнер С.Р. Вождение автомобиля. - Москва: Транспорт, 1982 .- 129 с.
1. Коноплянко В.И., Рыжков С.В. Основы управления автомобилем и безопасность движения. -М.: Транспорт, 1993.- 225с.
2. Иларионов В.А., Кошелев М.В. Водитель и автомобиль. - М.: Транспорт, 1991.- 245с.
3. Уголовный кодекс РК.
4. Административный кодекс РК.
5. Коноплянко В.И. Организация и безопасность дорожного движения.- Москва: Транспорт, 1999 .- 205 с.

Резюме

В этой статье рассмотрены анализы технических неисправности механизма управления в транспортных средствах и дорожно-транспортных происшествий, нарушение тормозных систем автотранспортных средств, система рулевого управления, состояние ходовой части, схема трансмиссии, применение этих электрооборудования соответственно государственным стандартом и инструкциями, исследования и анализ. Любая разрабатываемая система состоит из следующих этапов:

- подготовка к разработке
- проверка транспортных средств во время механических движения
- наблюдение его внешней системы
- механических частей
- найти неисправную часть
- оценить эти выявленные факты и результаты.

Summary

This article is about of examination of technical disrepair of machine mechanism in transport and road-transport incidents: brake s breaches in transport, the system of wheel-driving, the condition of mowing pant, the scheme of transmission and to use these systems (ways) in accordance with state standards and instructions, research, analyze and to use them.

Any worked out systems consist of:

- readiness to exploitation
- the examination of transport during the of its mechanical moving
- to control its outward systems
- to find its defective parts
- to estimate these results and conclusions.

ЭНЕРГИЯЛЫҚ ҚОРЛАРДЫ ЕСЕПТЕУ МЕН БАҚЫЛАУДЫҢ АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН ЖҮЙЕЛЕРІ

Өтеген Г.Ж., Тайманов С.Т. (Қорқыт Ата атындағы ҚМУ)

Кәсіпорындық салаларда электр энергиясын бақылау мен тіркеудің автоматтандырылған жүйелерін енгізуге ертерек кіріскен болатын, бірақ тек қана қазір тұрмыстық тұтынушылар үшін энергияны есептеу мен бақылаудың автоматтандырылған жүйелерін (ЭЕБАЖ) әрі қарай дамыту концепциясын жасау туралы сұрақты тәжірибе барысында қозғай бастады. Бақылаушылар штатын толықтыру және абоненттердің есептегіш құралын қарапайым ауыстыру жолымен энергиялық қорларды қолданудың көп тарифті тіркеуіне өту ойластырылған билингтік жүйесіз мүмкін еместігі тәжірибе барысында байқалды. Кері байланысты екі жақты жүйесіз қарызгерлерді ажыратуға немесе шектеуге болмайды.

Электр энергиясын рұқсатсыз алу проблемаларын шешу үшін көптеген өндірушілер ұқсас құрылымды өздерінің ЭЕБАЖ ұсынады. Бір елді мекеннің трансформаторлық қосалқы станцияларына коммутатор орнату ұсынылды. Орталық сервермен байланыс сымсыз немесе сымды байланыс каналы арқылы жүзеге асады, бұл жүйенің соңғы құнын ұлғайтады және оның сенімділігін азайтады. Әрбір есептегішке абонентте орналасқан бұл коммутатордан жеке байланыс арнасын жүргізу ұсынылады (коаксиальді сым, мыс виталық жұп, талшықты – оптикалық сым). Бұл каналдар бойынша есептегіш көрсеткіші, тариф және басқару сигналдары туралы ақпараттар жүреді. Бұндай жүйелер көп пәттерлі үйлерге қызмет көрсету үшін қала шетінде өздерін жақсы көрсетті және мақұлданды. Ақпараттық кабельдерді электр өткізгіштік арналар бойынша лифтер шахталарында және басқада техникалық қызметтерге қол жетімсіз орындарда жүргізуге болады. Бірақта қалалық тәжірибені жеке құрылыс секторларындағы ашық кеңістіктерге жай ғана ауыстыру мүмкін емес. Адамгершілігі жоқ абоненттерге ЭЕБАЖ –н жұмыс жасауын тоқтататын фискальды сымды кесе салу қиындық тудырмайды. Бұзушыны анықтап, сонымен қатар заңға қайшы ісіне айыптау, құқықтық тұрғыдан қиындайды. Тіпті байланыс арнасын зақымдамай ақ электр есептегіш құралдарының көрсеткішіне әсер етпей ақ, есептелінбейтін электр энергиясын алу үшін фидердің жалаң электр сымна «жамылғы» қолдануына болады. Билингтік жүйе абонент есептегіші арқылы өткен энергияға ғана төлем соммасын есептейді, теңсіз шығындарды өндірістік және желілік компаниялар жеке қаражатынан төлеуге мәжбүр болады.

Тіркелмеген шығындар проблемасын кешенді шешу керек. Технологиялық циклге жаңа әдіспен негізделген электр энергиясын бақылау мен есептеу механизмін жасау керек. Есептеу құралдарын орағыта 0,4 кВ электрді жеткізу желілеріне қосылу арқылы электр энергиясын алу проблемасын, ескірген жіңішке қималы жалаң сымдарды ауыстыру арқылы шешуге болады. Олар қарапайым сымдарға қарағанда екі есе қымбат, бірақ шығындардың алдын алу есебінен экономикалық тиімділігі айқын байқалады.

Деректерді жіберуге келсек, онда сенімді жүйе құру үшін қосымша байланыс арнасынан бастартуға тура келеді. Еуропалық елдерде телефондық, тіпті телевизиялық сымдар бойынша байланыстар жиі қолданылады, бірақта Қазақстанда кіші аудандарда телефонмен қамтамасыз ету деңгейі төмен, ал сымдық (кабельдік) телевидение барлық қалаларда орнатылмаған. Соңғы абоненттік тіркеу құралдарын сымсыз байланыспен жабдықтау арзан емес, сонымен қатар бұл шараны қолданар болсақ деректерді жібері құрылғысымен орайласу үшін қажетті телеметрикалық шығысы бар жаңа есептегіштерге ескі индукциялық есептегіштерді ауыстыру қажет болады. Үлестіруші желілердің бұндай масштабты модернизациясы теңсіздік проблемасын шешетін шығар, дегенмен бұл шараның өзіндік құны мыңдаған миллион тенгені құрайды. Аудандық және өндірістік компаниялар үшін бұл сомма қолайсыз жоғары. Сонымен қатар, GSM желілері мен сымдарын қолданбайтын аумақтарды қамтуға мүмкіндік беретін радиобайланыс жиілікті алу мен лицензиялау мәселесіне тіреледі. Өкінішке орай, біздің елімізде бұл мәселе өте жоғары, тіпті сымсыз байланыс ортасында жұмыс жасамайтын көптеген үлкен компаниялардың да күші жетпейді.

Бір ғана рационалды шығыс бұл – PLC технологияны қолдау. Бұл облыста Еуропаның (әсіресе Италияның солтүстік аудандарында, Францияда), Украинаның тәжірибелері бар. Бізде де

жеке өңдеулер тиімді жүріп жатыр. Электр сымдары бойынша сигналдарды жіберу сенімді және ыңғайлы. Қосымша шығындар өте ауыртпалықты емес – тек Power Line құрылғысы. Технологияны дұрыс жобалау барысында қолданылып жүрген тіркеу құралдарын ауыстырмауға болады, онда көптеген қаржылық жабдыктарды үнемдеуге болады. PLC қолдану қосымша ақпаратты жіберу арнасының сенімділігін қамтамасыз етеді, себебі сигналды сымды қырку электрсіз қалуды білдіреді.

Шығындар мәселесіне кешенді жақындау және «соңғы мильді» жүзеге асыру сұрағын шешу қысқа уақытта және аз шығындармен кері байланысты ЭБЕАЖ –ы саудалық пайдалануға енгізуге, электрлік қуатты көп тарифті есептеу үшін тәжірибелі пайдалы етуге, электрлік компанияға жеке тұрғын үйлерде, көп пәтерлі үйлер шарттарында теңсіздік шығындарының алдын алуға және электр энергиясын қолдану туралы нақты ақпаратты уақытылы алуға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. Алексеев О.П., Козис В.В., Кривенко В.В. и другие. Автоматизация электроэнергетических систем. - М.: Энергоатомиздат, 1994.
2. Мишель Ж. Программируемые контроллеры. Архитектура применение. М.: Машиностроение, 1990.
3. Панасюк В.И., Ковалевский В.Б., Политыко Э.Д. Оптимальное управление в технических системах. Минск.: Наука и техника – 1990.

Резюме

В промышленном секторе к внедрению автоматизированных систем контроля и учета электроэнергии приступили уже давно, но только сейчас в практическую плоскость встал вопрос о разработке концепции дальнейшего развития автоматизированной системы контроля и учета электроэнергии для бытовых потребителей.

Для решения проблемы несанкционированного отбора электроэнергии многие разработчики предлагают свои автоматизированные системы контроля и учета электроэнергии, имеющие, чаще всего, идентичные структуры. На трансформаторные подстанции населенного пункта предполагается установить некий коммутатор, связь центрального сервера с которым будет осуществляться посредством беспроводного канала связи, либо проводного, что значительно увеличит конечную стоимость системы и уменьшить ее надежность.

Summary

In industrial sector introduction of the automated monitoring systems and account of the electric power have begun already for a long time, but only now in a practical plane there was a question about development of the concept of the further development of the automated monitoring system and account of the electric power for the household consumers.

For the decision of a problem of the non-authorized selection of the electric power many developers offer the automated monitoring systems and account of the electric power having, чаще everything, identical structures. On трансформаторные of substation of the occupied item a certain switchboard is supposed to establish, the communication(connection) of the central server with which will be carried out by means of the wireless channel of communication(connection), or проводного, that considerably will increase final cost of system and to reduce its(her) reliability.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 20 ЖЫЛДЫҒЫНА
АРНАЛҒАН «ЖАҢА ЖӘНЕ ОЗЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР»
АТТЫ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

Қызылорда қаласы, 2011 жылғы 23 маусым

**ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ Б.ҚУАНДЫҚОВТЫҢ
«ЖАҢА ЖӘНЕ ОЗЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР» АТТЫ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНА АЛҒЫ СӨЗІ**

**Құрметті әріптестер!
Құрметті қауым!**

Өздеріңізге белгілі, өткен жылдан бастап, Елбасының бастауымен үдемелі индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы жүзеге аса бастады. Аталған бағдарламаның өмірге енгізудің алғашқы жылының нәтижелері біздің облысымызға да жемісті болды. Индустрияландыру Картасы аясында 2010 жылы 11 жоба іске қосылса, картадан тыс 16 жоба жүзеге асырылып, барлығы 27 өндіріс жұмыс жасауда. Ал ағымдағы жылдың басынан бастап 5 жоба жүзеге асырылып, жыл соңына дейін тағы да 20-дан астам инвестициялық жобалар іске беріледі.

Елбасы осы жылдың 17 сәуірінде Үкімет отырысында шағын және орта бизнесті, шикізат емес секторды дамыту есебінен экономиканың жыл сайынғы өсімін тағы да қосымша 3 пайызға жеткізуді қамтамасыз етуді тапсырды. Аталған міндеттерді шешудің үш көзін айқындап берді, ол: инвестиция тарту; инновацияны енгізу; мемлекеттік және қоғамдық институттардың тиімділігін арттыру. Осы орайда, облыс аумағында инновациялық бағытта біршама жұмыстың басы басталды. Атап айтқанда, қазіргі таңда облыс аумағында ірі инновациялық жобаларды орналастыру мақсатында өнеркәсіп алаңы және индустриялық аймақ құру бойынша жұмыс жасалуда. Инфрақұрылымдық жүйелерді жеткізуге «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасы аясында қаржы бөлініп, жұмыс жасалуда. Индустриялық аймақта республика бойынша алғашқы шыны зауыты орналастырылатын болады. Осы шыны зауыты айналасында шыны кластерін ұйымдастыру жоспарда бар. Калицилендірілген сода, кварц құмын байыту комбинатын салу қарастырылуда. Сонымен қатар, цемент шығару зауыты, қазіргі таңда Қазақстанда жоқ Евро-3 халықаралық стандарт бойынша жанар-жағар майды шығаратын мұнай өңдеу зауыты, су шаянын өсіру өндірісі сияқты жобалар жүзеге асырылуда. Жакын арада Шиелі ауданында баламасы жоқ «Алтын бала- 08» ЖШС-нің «Қамыс жаңқаларынан тақтайшалар шығару зауытының құрылысы» жобасының тұсаукесері Елбасының алдында Телекөпір арқылы көрсетілетін болады. Ол да біздің өңіріміз үшін үлкен жетістік. Бұл жобаға қоса тағы 3 жоба таныстырылатын болады: өсімдік майын, қиыршықтас шығару зауыттары және балықты өңдеу цехы. Сонымен қатар, алдағы уақытта индустриялық аймақты арнайы экономикалық аймаққа айналдыру бойынша жұмыстар басталуда. Арнайы экономикалық аймақта орналасқан өндіріс көздеріне тұрақты жұмыс жасауына мемлекет тарапынан кедендік, салық, инвестициялық және тағы да басқа жеңілдіктер көрсетіледі.

Халыққа арнаған Жолдауында Елбасы атап өткендей, сапалы білім Қазақстанның индустриаландыру және инновациялық дамудың негізі болу қажет. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті – 70 жыл тарихы бар, орнықты ғылыми және кадр әлеуетімен осы бағытта жұмыс жасауда.

2010 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің ұйымдастырған ғылыми зерттеулер конкурсында университет ғалымдары 2 ғылыми жоба бойынша грант ұтып алды. Инженерлік-техникалық мамандықтар бойынша студенттердің тәжірибесін ұйымдастыру мақсатында 125 кәсіпорындарымен және ірі мұнай компанияларымен келісім-шарт жасақтады. Алдағы уақытта да аталған университет еліміздің экономикалық дамуына өз үлесін қосып, инновацияны енгізу және технологияларды жаңғырту сияқты басымдық бағыттарда жұмыс жасайды деп сенеміз.

Бүгінгі кездесуге ғалымдармен қоса бизнес қауымдастығы өкілдерінің қатысуын пайдалана отыра осы бағдарламаларды іске асыру нәтижесінде кәсіпкерліктің де даму барысына қысқаша тоқталған жөн болар.

Ағымдағы жылдың 1 маусымында облыста шағын және орта кәсіпкерліктің белсенді субъектілері саны 16 337-ге және ондағы жұмыспен қамтылғандар 60 318-ге жетіп, бұл көрсеткіштердің ұқсас кезеңмен салыстырғанда тиісінше 111,1 және 102,1 пайызға өскені байқалуда. Шағын және орта кәсіпкерлік саласында 83 061,0 млн.теңге құрайтын өнім өндіріліп, ұқсас кезеңмен салыстырғанда 102,4 пайызды құрады. 2010 жылы өндірілген өнім көлемі 128,0 млрд.теңгені құрап, 2009 жыға қарағанда 2 есеге өскен.

ҚР Президентінің 2011 жылғы 17 сәуірде берген тапсырмасына сәйкес әкімшілік кедергілерді қосымша тағы да 30 пайызға қысқарту жұмысы жүргізілуде. Бүгінгі таңда облыс басшыларының және Қызылорда қаласы және 7 аудан әкімдерінің есептері тыңдалып, нәтижесінде облыс бойынша жергілікті атқарушы органдардың 132 рұқсат беру құжаттарының (рәсімдері) 85-і мерзімдерін, құжат сандарын, лицензия беруді және лицензия берудің күндерін қысқарту бойынша ұсыныс енгізіліп, алдын ала жасаған есептерге сәйкес әкімшілік кедергілердің 31,7 пайызға қысқаруы күтілуде.

Облыста тауарөндірушілерді қолдау мақсатында Елбасының қазақстандық тауарлар мазмұнын ұлғайту, азық-түлік қауіпсіздігін қалыптастыру тапсырмасын орындау үшін үнемі форумдар, дөңгелек үстелдер, семинарлар ұйымдастырылуда. Осы ретте, Қызылорда облысының кәсіпорындарының 28-30 маусым аралығында Ақтобе қаласында Россия және Белоруссия елдерінің кәсіпорындарының қатысуымен өтетін «Еуропа-Азия» Шекарасыз ынтымастық» атты X Ресей-Қазақстан көрмесіне қатысуына ықпал жасаудамыз.

Жоғарыдағы іс-шаралар, жобаларды іске асыру негізінде өңіріміздің әл-ауқаты, әлеуметтік-экономикалық жағдайының жақсаруына сенім артудамыз. Сондықтан, ғылым ордасымен бірігіп облыстың кәсіпкерлері, жергілікті басқару органдары, барлығымыз жұмыла индустриялық бағытта белсенді жұмыс жасауға тиіспіз.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПРИНЦИПА УДАРНО-ВИХРЕВОГО ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ ПОТОКОВ ДЛЯ ИНТЕНСИФИКАЦИИ ХИМИКО-ТЕХНОЛОГИЧЕСКИХ ПРОЦЕССОВ

***Волненко А.А., Раматуллаева Л.И., Хусанов Ж.Е.
(Южно-Казахстанский государственный университет им.М.Ауезова)***

Принцип ударно-вихревого взаимодействия потоков успешно применяется в химико-технологических процессах для концентрирования растворов и пылегазоулавливания. Эти процессы могут быть совмещены в одном аппарате, конструкция которого позволяет организовать ударное взаимодействие потока газа с зеркалом покоящейся жидкости и взаимодействие газа с каплями жидкости при вихревом обтекании элементов насадки [1,2].

Анализ механизмов осаждения пыли и аэрозолей показывает, что в тех случаях, когда используется энергия сплошного (газового) потока для интенсификации процесса пылеулавливания в системах газ-жидкость, наиболее эффективными являются ударное и центробежное взаимодействие потоков. В этом случае создается высокоразвитая межфазная поверхность, а на частицы пыли воздействует сила инерции и центробежная сила, значительно превосходящие силу тяжести.

Вихревое движение потоков, создаваемое в аппаратах с регулярной подвижной насадкой, особенно в режимах одновременного вихреобразования, также приводит к значительной интенсификации процесса пылеулавливания. Учет выявленных механизмов позволил создать новую конструкцию пылеуловителя с ударно- вихревым взаимодействием потоков [3].

На рисунке 1а изображен общий вид аппарата с ударно- вихревым взаимодействием потоков, а на рисунке 1б – конические пластинчатые элементы, расположенные основанием вниз.




Рисунок 1 – Аппарат с ударно-вихревым взаимодействием потоков

Аппарат с насадкой для проведения процессов тепломассообмена и пылеулавливания включает корпус 1, патрубки 7 и 3, соответственно для ввода и вывода газа, патрубок 5 для ввода свежей жидкости и патрубок 6 вывода шлама, штуцер 8 для перелива жидкости, опорно-распределительные решетки, струны 2 с закрепленными на них насадочными телами 3. Патрубок 4 вывода газа, как правило, снабжается коническим центробежным завихрителем со штуцером слива отсепарированной жидкости. Внутренние элементы (струны, насадочные тела) выполняют из материалов, способных противостоять агрессивности обрабатываемых сред. Аппарат с насадкой для тепломассообмена и пылеулавливания работает следующим образом. Газовый поток, поступающий на очистку, подается в патрубок 7 и, с высокой скоростью ударяется о поверхность жидкости, находящейся в нижней части аппарата. При ударе содержащиеся в газовом потоке твердые частицы за счет сил инерции осаждаются в жидкости. Под действием кинетической энергии газового потока часть жидкости в виде пленок и капель увлекается в насадочную зону аппарата.

В насадочной зоне аппарата регулярно размещены на струнах 2 насадочные тела 3, выполненные в виде конических пластинчатых элементов, имеющих угол при вершине 60-120°, а основание их разрезано на лепестки, которые повернуты относительно друг

друга на 20-45°. При обтекании газовым потоком, с находящейся в нем диспергированной жидкостью, насадочных тел возникает синфазный режим, характеризующийся совпадением времени образования тороидальных вихрей за насадочными телами и временем движения образованных вихрей от нижнего слоя насадочных тел к следующему слою по ходу газового потока. В момент подлета происходит взаимодействие подлетевших и вновь образованных тороидальных вихрей. В результате такого взаимодействия суммарная мощность вихрей увеличивается, что позволяет совершить большую работу по дроблению захваченной газовым потоком жидкости.

Достижение синфазного режима возможно для всех аппаратов с регулярным расположением насадочных тел (шаров, пластин, цилиндров и т.д.). Однако, использование насадочных тел, выполненных в виде конических пластинчатых элементов, имеющих угол при вершине 60-120° и основание, разрезанное на лепестки, повернутые относительно друг друга на 20-45°, приводит к возникновению центробежной силы, способствующей вращению образованных тороидальных вихрей. Под действием центробежной силы твердые и жидкие (капли) частицы отбрасываются в радиальном направлении, соударяются с каплями, выбрасываемыми соседними вихрями. Происходит многократная коалесценция и диспергирование капель, создаются благоприятные условия для улавливания твердых частиц. В насадочной зоне аппарата создается высокоразвитый, равномерно распределенный турбулизированный газожидкостный слой, позволяющий значительно интенсифицировать протекающий в газоочистном аппарате технологический процесс.

Углом поворота лепестков конических пластинчатых элементов также можно регулировать величину закрутки газожидкостных вихрей. Оптимальное значение центробежная сила имеет при углах поворота лепестков 45°.

Лабораторные исследования проведены в следующем диапазоне изменения режимных (скорость газа $W_r=2-7$ м/с; зазор между срезом колпака и зеркалом жидкости $h_l=+0,04$ м ÷ $-0,04$ м) и конструктивных параметров (размер насадочных элементов в нижнем основании усеченного конуса $d_p=0,1$ м; угол наклона секторов относительно струны $\beta=60^\circ$, относительно образующей конуса $\alpha_p=45^\circ$, шаг между насадочными элементами по вертикали $t_z/d_p=1\div 5$, в радиальном направлении $t_p/d_p=1,5-4$). На основе результатов лабораторных исследований создана инженерная методика расчета основных гидродинамических характеристик и параметров пылеулавливания [4].

Гидравлическое сопротивление орошаемого аппарата с ударно-вихревым взаимодействием потоков определяется, исходя из аддитивности сопротивлений зоны эжекции и насадочной зоны:

$$\Delta P_{an} = \Delta P_z + \Delta P_L, \quad (1)$$

где ΔP_z - гидравлическое сопротивление зоны эжекции, Па:

$$\Delta P_z = \lambda \frac{\rho_r \cdot W_{пат}^2}{2} + \rho_{ж} g[(1 - \varphi_z) \Delta h]. \quad (2)$$

Здесь $W_{пат}$ - скорость газа в патрубке, м/с; Δh - количество вытесненной в насадочную зону жидкости, м; h_l - зазор между срезом газового патрубка и зеркалом жидкости, м; h_d - динамический уровень жидкости, определяемый скоростным напором газового потока, м; λ - опытный коэффициент; φ_z - газосодержание в зоне эжекции, м³/м³.

Гидравлическое сопротивление насадочной зоны определяется по формуле:

$$\Delta P_L = \xi_L \frac{H}{t_B} \cdot \frac{\rho_r \cdot W_r^2}{2\varepsilon_0^2}, \quad (3)$$

где ξ_L – коэффициент сопротивления орошаемой насадки:

$$\xi_L = 0,65 \cdot \theta_B \cdot \theta_p \cdot \frac{Re_{ж}^{0,25}}{Re_r^{0,1}}, \quad (4)$$

где θ_B – величина сдвига в моментах образования вихрей; θ_p – коэффициент, характеризующей степень взаимодействия вихрей в радиальном направлении; $Re_{ж}$ и Re_r – числа Рейнольдса по газу и жидкости, отнесенные к эквивалентному диаметру насадки.

Эффективность работы аппарата рассчитывается по формуле:

$$\eta_{общ} = 1 - (1 - \eta_{Stk}) (1 - \eta_D) \quad (5)$$

Эффективность пылеулавливания за счет сил инерции определяется по уравнению:

$$\eta_{Stk} = 1 - \exp\left(-3,2 \cdot m_y \frac{U_r}{d_k} \sqrt{\frac{2t_B}{g Re_{отн}^{3/4}}} Stk\right), \quad (6)$$

где K_3 – коэффициент захвата; Stk – число Стокса:

$$Stk = \frac{\rho_r \cdot d_r \cdot u_r}{18\mu_r \cdot d_k} \quad (7)$$

Степень пылеулавливания по диффузионной модели рассчитываем по формуле:

$$\eta_D = 1 - (1 - \eta') \cdot (1 - \eta'') \quad (8)$$

Эффективность пылеулавливания каждой из зон определим по формулам:

$$\eta' = 6,9 \cdot \left(\frac{W_{нат} \cdot d_{k1}}{D'_T}\right)^{-1/4}, \quad (9)$$

$$\eta'' = 3,57 \cdot \left(\frac{W_r \cdot d_k}{D''_T}\right)^{-1/4}. \quad (10)$$

Здесь d_{k1} , d_k – диаметры капель жидкости в зоне эжекции и насадочной зоне, м; D'_T , D''_T – коэффициенты турбулентной диффузии для зоны эжекции и насадочной зоны, м²/с.

Данная методика, а также рекомендации по проектированию были применены для расчета промышленного аппарата с ударно-вихревым взаимодействием потоков в технологической схеме очистки газов цеха хромового ангидрида АО «Актюбинский завод хромовых соединений» [5].

По существующей технологической схеме получение хромового ангидрида осуществляется в процессе взаимодействия плава бихромата натрия с концентрированной серной кислотой при нагревании массы до $200 \pm 10^\circ\text{C}$. Этот процесс протекает в реакторе, представляющем собой барабан диаметром 1,6 м и длиной 16 м, с наклоном 1,7% и вращающийся со скоростью – 4 об/мин. В результате химического взаимодействия происходит выделение газов, содержащих хлор, хлористый хромил, пыль хромового ангидрида и др.

Аппаратурно-технологическая схема очистки газов, отходящих от реактора хромового ангидрида, до реконструкции включала большой скруббер (диаметр – 1,8 м, высота –

8,5м), два малых (диаметр – 1,6м, - высота 7,0м, каждый), каплеуловитель, циркуляционный бак и дымосос.

В процессе реконструкции рабочая зона большого скруббера оставалась полной с одним ярусом орошающих форсунок в верхней части скруббера. Вместо двух малых скрубберов установлен аппарат ударно-вихревого действия с коническими пластинчатыми завихрителями. Кроме того, удалены все форсунки в газоходах. Установленный аппарат представляет собой пылеуловитель скрубберного типа, работающий в режиме противотока. Аппарат имеет диаметр 1,2м, высоту насадочной зоны – 1,5м и общей высотой – 5,0м.

Результаты, полученные при испытании имели следующие значения предельных параметров: расход газа $11500 \div 16800 \text{ м}^3/\text{ч}$; температура газа – после первого скруббера $70 \div 75^\circ\text{C}$, после второго - $50 \div 55^\circ\text{C}$; концентрация улавливаемых компонентов (в пересчете на хром) – после первого скруббера $0,7 \div 3,65 \text{ г}/\text{м}^3$; после второго – $0,0117 \div 0,275 \text{ г}/\text{м}^3$; степень очистки (по концентрациям в санитарной трубе) – до 99,9%.

Полученные данные показывают высокую эффективность очистки улавливаемых компонентов и достаточно низкие энергозатраты.

Аппарат внедрен в цехе хромового ангидрида АО «Актюбинский завод хромовых соединений» с эколого-экономическим эффектом 5,18млн. тенге.

Таким образом, анализ известных механизмов пылеулавливания позволил создать новую конструкцию пылеуловителя с ударно- вихревым взаимодействием потоков, внедрение которого привело к значительному снижению вредных выбросов хромового ангидрида на АО «Актюбинский завод хромовых соединений».

Литература:

1. Справочник по пыли – и золоулавливанию. /М.И.Биргер, А.Ю.Вальдберг, Б.И.Мягков и др. Под общ. ред. А.А.Русанова. – М.: Энергоатомиздат, 1983. – 312с.
2. Техника пылеулавливания и очистки промышленных газов: Справ. изд. /Алиев Г.М.-А. М.: Металлургия, 1986. – 544с.
3. Раматуллаева Л.И., Волненко А.А., Хусанов Ж.Е. Аппарат с насадкой для тепломассообмена и пылеулавливания. Инновационный патент №20069 МПК В01D 53/20, В01D 47/14 (2006.01).
4. Раматуллаева Л.И., Балабеков О.С., Волненко А.А. Исследование и расчет параметров пылеулавливания в аппарате с ударно-вихревым взаимодействием потоков. //Вестник МКТУ им. Х.А.Ясави.- 2008.-№2.- С.66-71.
5. Раматуллаева Л.И., Волненко А.А., Балабеков О.С., Хусанов Ж.Е. Разработка и расчет газоочистного аппарата с ударно- вихревым взаимодействием потоков для снижения вредных выбросов производства хромового ангидрида. //Современные проблемы инновационных технологий в образовании и науке. Тр. Международн. науч.- практ. конф. – Шымкент, 2009.- С.35- 39.

ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ТЕПЛИЧНОМ ПРОИЗВОДСТВЕ.

Дямуршаева Г.Е. (КГУ им.Коркыт Ата)

